



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 3 (98)

Астана
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

CONTENTS

Әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер / Обычаи, традиции

Артықбаев Ж.О. Шырақшы – мәңгілік құндылықтар сақшысы	4
Қатран Д. Мәні мен сыры ерек, ұмыт болған әдет-ғұрыптар жөнінде	13
Тойшанұлы А. «Диуанабәйт» – салт өлеңінің ескі үлгісі	21
Усманова Ә.Р. Тулпары Терисаккана	27
Егізбаева М.Қ. XIX-XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі аңшылық	38

Орындаушылық өнер / Исполнительное искусство

Шегебаев П. Об единстве личностных качеств народного музыканта и стилизованных свойств его музыки (на примере Курмангазы)	46
Базарбаева Н.С., Өтеғалиева С.Ы. Дина Нұрпейісова және басқа домбырашылардың интерпретациясындағы алдыңғы буын өкілдерінің күйлері (Құрманғазының «Қайран шешем», Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйлерінің мысалында)	52
Бердібай А.Р., Әбиділда М.Б. Жыршы Д. Жолымбетов орындауындағы Сыр бойы эпикалық мақамдарының музыкалық-стильдік ерекшеліктері («Асау барак» жырының бірінші мақамы мысалында)	61
Қазтуғанова А.Ж. Күй өнеріндегі орындаушылық нұсқалар: теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игеру	75
Жаманбалинов Е.Е. Шығыс Қазақстан домбыра дәстүріндегі «Ақсақ қаз» күйлерінің ерекшеліктері	90
Сабирова А.С., Басығара Е.Б. Воспитательная роль песенного наследия Абая в исследовании Г. Чумбаловой	100

Дәстүрлі қолөнермен байланысты білім мен дағдылар / Знания и навыки, связанные с традиционным ремеслом

Шайгозова Ж.Н., Музафаров Р.Р. Языки казахской культуры: топонимы как код и отражение картины мира (на примере числительных, цветовых и зоонимных обозначений)	107
Бутеев Б.О. Казахские и хонгорские названия сортов кожи и шкур: историческая ретроспектива	118

Тарих. Тұлға / История. Личность

Бекенова М.С. Абай Кунанбайұлы и современное казахстанское общество	127
Омарова А.К. А.В. Затаевич: штрихи к «портрету»	133
Жәкішева З.С. Рухани және заттық мәдениеттің байланысы	147

Customs, rituals

Artykbaev Zh.O. Shyrakshy – on guard of eternal values	4
Qatran D. Forgotten custom: meaning and features ..	13
Toishanuly A. «Diuanabait» is an ancient type of ritual song	21
Usmanova E.R. Tulpars of Terisakkan	27
Yegizbayeva M.K. Traditional hunting in East Kazakhstan of the XIX-early XX centuries	38

Performing arts

Shegebaev P. On the unity of the personal qualities of a folk musician and the stylistic properties of his music (on the example of Kurmangazy)	46
Bazarbaeva N.S., Otegaliyeva S.Y. Kuis of the representatives of the previous generation in the interpretation of Dina Nurpeisova and other dombrists (on the example of Kurmangazy «Kayran sheshem», Dauletkery «Korkem khanyam»)	52

Berdibay A.R., Abidilda M. Musical and style features of the performance of the epic tradition of Syrdariya zhyrshy by D. Zholymbetov (on the example of the first maqam of the epic «Asaubarak»)	61
--	----

Kaztuganova A.Zh. Performing variants in the art of kuy: theoretical and practical development	75
---	----

Zhamanbalinov E. Peculiarities of kyuy «Aksak kaz» in the dombra tradition Eastern Kazakhstan	90
Sabirova A.S., Basygara E.B. The educational role of Abai's song heritage in G. Chumbalova's research	100

Knowledge and skills related to traditional craft

Shaigozova Zh., Muzafarov R. Languages of kazakh culture: toponyms as a code and reflection of the world picture (on the example of numerals, colour and zoonyms)	107
Buteyev B.O. Kazakh and khongor names of leather and skin grades: a historical retrospective	118

History. Personality

Bekenova M.S. Abay Kunanbayuly and modern kazakhstan society	127
Omarova A.K. A.V. Zataevich: touches to the «portrait»	133
Jakisheva Z.S. Interrelation of material and non-material culture	147

Артықбаев Ж.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан

e-mail: socantropology@mail.ru

ШЫРАҚШЫ – МӘҢГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР САҚШЫСЫ

Шырақшылық институты қазақ жерінің көптеген аймақтарында сақталған, бірақ шырақшылыққа қатысты рәсімдердің толық кешенін біз көп жерден көре алмаймыз. Бүгінгі күні шырақшылық институтының негізгі рәсімдері мен зиярат практикасын Маңғыстау мен Түркістаннан бақылауға болады. Бұл аймақтардағы қасиетті жерлерге әлдебір себептермен зиярат қылған адам шырақшымен ұшыраспауы мүмкін емес. Халық ұғымында шырақшы бізді әулие жерлерге бастайтын, түсіндіретін, тілегімізді әулиеге жеткізетін көшбасшы. Олай болса бұл мәселеге жеңіл қарауға болмайтыны анық. Автор осы тақырыпқа қатысты әдебиетке тоқталып, одан кейін шырақшы сөзінің этимологиясы мен осы институттың тарихына шолу жасаған. Мақаланың соңында шырақшылық институтының дұрыс жұмыс істеуіне қатысты автордың ұсыныстары берілген.

Түйін сөздер: шыр, шырақшы, киелі орындар, шырақшылық институты.

Шырақшылық адам баласының күнделікті тіршілігінде көп орын алмағанымен сакралды нысандарға (араб. *سَيِّدَاتُ الْأَيَّامِ*, *такди́с-уль-авлия́*) зияратқа (араб. *زِيَارَة*, зияра) барғанда алдымен кездеседі. Бұл институт қазақ жерінің көптеген аймақтарында сақталған, бірақ шырақшылыққа қатысты рәсімдердің толық кешенін біз көп жерден көре алмаймыз. Бүгінгі күні шырақшылық институтының негізгі рәсімдері мен зиярат практикасын Маңғыстау мен Түркістаннан бақылауға болады. Бұл аймақтардағы қасиетті жерлерге әлдебір себептермен зиярат қылған адам шырақшымен ұшыраспауы мүмкін емес. Оған негізгі себептердің бірі – халық ұғымында шырақшысыз жасалған зияраттың өзі де сауапты болып саналмайды. Шырақшы

бізді әулие жерлерге бастайтын, түсіндіретін, тілегімізді әулиеге жеткізетін көшбасшы. Олай болса бұл мәселеге жеңіл қарауға болмайтыны анық.

Тарихнама

Ғылым тарапынан бұл мәселеге үстірт қарайтынымыз зерттеулердің тапшылығы мен сапасынан-ақ көрінеді. Осынау терең тамыры мен адам өмірінде ғажап мәні бар, этнографиясы мен мистикалық философиясы астасқан құбылысқа арналған ғылыми монография түгілі, бірнеше салмақты мақаланың болмауы да бізді қынжылтады. XIX ғасырда Сыр бойындағы қасиетті орындар туралы өлкетанушылық

жазбаларында ресейлік ғалымдар шырақшы тақырыбына барып отырған, оны біз Түркістан аймағында қызмет атқарған В.И. Масальский, Н. Остроумов еңбектерінен көреміз (Масальский, 1913; Остроумов, 1908). Совет заманында шырақшылық мәселелерін этнографиялық тұрғыдан ресейлік Басилов, қазақстандық Ә.Т. Төлеубаев, Р.М. Мустафина сияқты ғалымдар «Культ святых в исламе», т.б. еңбектерінде қарастырды (Басилов, 1970; Төлеубаев, 1991; Мустафина, 1992). Совет кезеңінде шырақшылық институты туралы атеистік әдебиетте, яғни бұл институттың маңызын жоққа шығаратын демографиялық сын позициясынан көп жазылды. Қазіргі күні этнография ғылымы тұрғысынан бұл тақырыпқа жазылған З. Сұрағанованың, А. Екімбаеваның мақалалары бар.

Жоғарыдағы тарихнамалық шолу шырақшы институтының қыр-сыры ашылмағанын көрсетеді. Ресейлік империя заманында және Совет кезеңінде жазылған еңбектерде зерттеушілер бұл институтты исламмен байланысты қарастырады да, шырақшылықтың арғы тамырына, оның қазақ қауымының рухани тіршілігіндегі маңызына қатты көңіл бөлмейді.

Шырақшы – этимология

Шырақшылық институтына қатысты пікірлерімізді айтпас бұрын әуелі «шырақшы» сөзінің мағынасын, яғни, этимологиясын анықтап алған дұрыс. Себебі, бұл сакралды ұғымның кілті осы сөздің, яғни, өз атауының астарында жасырылған.

Біздің ойымызша шырақшы сөзінің түпкі бастауы «шыр» сөзінде. «Шыр» сөзінің түпкі мағынасы энергия, яғни, күш-қуат, оны беретін май. 1 грамм майдан адам күнделікті тіршілігіне қажетті 9 ккал энергия-күн-қуат алады. Қазақ тіліндегі «шыр бітпеді» деген сөздің өзі де адамның жүдеулігін ғана емес, сонымен бірге өмір-тіршілікке қажетті энергиясыз қалғанын көрсетеді. «Шыр ете түсті», «шыр айналды», т.б. сөздер де осы мағынада қолданылады. Бірінші сөз тіркесінде баланың өмірге келгені немесе жылағанын айтады, яғни өзінің тірі ағза екенін, тіршілігін білдірді. Екінші сөз тіркесінде адамның мазасыз тіршілігі, күш-қуаттың көрінісі туралы айтылған. Қазақ тілінде, сонымен бірге өзге түрік тілдерінде, әсіресе

өзбек тілінде «Шырайлы» анықтауышы тек сұлулықты ғана емес, сонымен бірге адамның энергиясы бетіне шығып, жайнап тұрғанын білдіреді.

«Шыр», яғни май ерте уақыттан бері культтік қызметте қолданылғаны ерте көшпелілер заманынан белгілі, яғни, сақ (саһа) бабаларымыздың отқа май тамызуы туралы деректерінен, қазақтың келін түскенде үлкен шаңырақта келіннің «отқа май құю» дәстүрін өткізуінен, үлкен әйелдердің келінге тілек айтқанда «от ана, май ана, жарылқа» деген сөздерінен көреміз.

Менің әкем, Артықбаев Омар (1909 жылы туған), бала кезімізде күзеуден көшіп, қыстауға орнығар уақытта «тау майлар» деп ауыл басшылары бір қой сойып, қыстың жайлы болуын тілеуші еді дейтін. Бұл да культтік, магиялық практика, яғни «тау майлар» деп мал сою арқылы тау иесіне қысты малға-жанға жайлы қыла көр деп жалбарыну. «Тау майлар» рәсімінің негізгі құралы май, яғни позитив күш-қуаттың, тіршіліктің көзі.

«Шыр» адам баласы жаратылғаннан бері бар, яғни жалпы еуразиялық ностра тілдің қорындағы көне сөз. Оның толып жатқан дәлелі бар, соның бірі Э. Бенвенистің атақты «Le vocabulaire des institutions indo-europeennes /Словарь индоевропейских социальных терминов/» кітабының «Дін» тарауы «Қасиеттілік» тараушасындағы мына ғажап анықтама: «Эта сила определяется авестийским *sura* (s – астындағы нокатпен *ш* болып оқылады – Ж.А.) и является силой полноты и разрастания... Прилагательное *sura* обозначает не только «сильный», оно также характеризует многих богов и героев, в том числе Заратустру, а также передает и ряд других значений, таких как «заря» (Бенвенист, 1995: 345). Үндіеуропалық тілдердің қатарына жататын славян тілдеріндегі «май» деген ұғым беретін «жир» сөзі де шырдың алғашқы мағынасын сақтаған.

Шырдан «шырақ», «шырағдан», «шырағым» сияқты жеке сөздер шығатыны сөзсіз. Шырақтың өзі де алғашқы уақытта майға шылап шиге ораған мақтадан, дәкеден, бөзден жасалады. Әулиетас киелі үңгірі туралы белгілі өлкетанушы Н. Коншин XIX ғасырдың соңында «Керекуден Қарқаралыға дейін» деп аталатын жолжазбасында тамсана жазады: «На Аулие-тас ездят молиться больные и просто

бедные киргизы, а главным образом бездетные женщины. Приезжают обыкновенно под вечер и ночь проводят или в пещере, или где-нибудь вблизи ее. Богатые колят барана и мясо его варят, разложив костер у входа в пещеру. Мясо варится непременно в воде из казана в пещере, оттуда же берут воду для омовения, пьют ее и особенно поливают ею больные части тела. Вода эта по мнению киргиз имеет целебные свойства. Как мне потом рассказывал один баянаульский старик Чагыбай Тасыбаев, молящие делают еще свечи из чия, обернув его ватой или тряпками, пропитанным жиром от заколотого барана; эти свечи (шырак) жгутся в пещере, причем показывают вид, что умываются огнем и потирают им больное место на теле. Чем больше сжигаются свечи, тем лучше. По тем снам, какие сняты во время сна, можно судить исполнится или нет просимое. Бедные, в знак жертвы, вешают повсюду лоскутки, а богатые как я сказал, колят барана и кладут на казан в пещере деньги. Эти деньги, по словам того же Чагыбая, бедняки имеют право взять себе, но при этом непременно надо обратиться к

святому духу пещеры со словами «таксыр, не сердись, позволь мне взять эти деньги...» (Коншин, 1902: 35).

Шырақтың бұл түрін қазақ жерінің барлық жерінде XX ғасыр ортасына дейін қолданды. Біз тіпті XX ғасыр соңында Таулы Алтай өлкесіне этнографиялық зерттеулерге барған уақытта жергілікті қазақтардың осындай шырақтарды пайдаланатынын көрдік. Шырақтан «шырағдан», яғни шырақты орнататын, майды жағатын, металдан, не қыштан жасалған шағын құты шығады. Маңғыстау өңірінде шырағдан орнына егілме, жұмсақ тастан жасалған әртүрлі ыдыстар бүгінгі күнге дейін жасалады. Шырағдан жасау Сыр бойы қалаларында да әбден кемел дамыған қолөнер түрі болған, сол себепті археологиялық қазбалар кезінде жиі кездеседі. Менің өз басым Хорезм аймағында Алтын Орданың атақты ұлыс билеушісінің бірі, қоңырат насаб-намасының түп бастауындағы Нағанай бектің кесенесінің қирандылары арасынан кездейсоқ тат басып кеткен сегіз ғасырлық тарихы бар шырағдан тауып алдым (Сур. 1).



Сур. 1.

Fig. 1.



Шырақ жағу рәсімі тарихы

Әрине, шырақ жағу дәстүрі бүгінгі күні және ортағасырларда қолданылғанымен дәстүр-салт ретінде қалыптасқан уақыты қола дәуірі, мүмкін одан ерте замандар. Жалпы отты құрметтеу, от алдындағы қорқыныш адамзат баласына тым ерте дәуірлерден бері тән. Әуел баста шырақ жағу от культімен, отқа табынумен, оны күдірет көрумен байланысты дамыды. От әуел баста алапат табиғат стихиясының бір элементі болғаны, адам одан қорыққаны да сөзсіз. Адамзат баласы палеолиттің соңғы сатыларында отты күнделікті тіршілігіне жарата бастады, бірақ оны күдірет ретінде қадірлеу сақталып қалды. Бұл мәселелерді салмақты талдау үшін, әрине Мэри Бойс сияқты ағылшын зерттеушілерінің зардуш діні және оның авесталық дәуірдегі культтік практикасы туралы еңбектерімен танысқан жөн. Бізді бұл еңбектерде аса қызықтырған жағдай ариандардың отқа табыну культіне байланысты қолданылатын «от», «отар», «агни» терминдері (Бойс, 1987: 10).

Қазақ жерінде қола дәуірінде, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықта алғашқы шырақшылардың басы қосылатын қасиетті жерлері Ұлы даланың (Арианам Вайджа-Байтақ. – Ж.А.) орталық алқабындағы Борукаша («Авеста» мәтіндерін оқыңыз. – Ж.А.) көлі. Бұл әфсаналық көл Торғай және Ырғыз өзендері құятын, бүгінгі күні Шалқар теңіз бен ойдым-ойдым тұздарға, Су аяғы Құрдымға айналған Ақсақал Барбы көліне келеді. XVIII ғасыр басында бұл көлдің периметрі 200 шақырымнан асады (Артықбаев, 2005; Артықбаев, 2021).

Торғайдың төменгі жағындағы жұмбақ геоглифтер сол замандағы қасиетті құрылыстардан қалған болуы керек. Бұл геоглифтарды біз ең алдымен Күнге табыну орындары деп есептейміз, бірақ Күнге табыну мен Отқа табыну практикалары бір-біріне ұқсас болған. Оны тіпті сондай алысқа бармай-ақ сақ (саһа) дәуірінің ғұндарға ұштасатын кезеңінде салынған Тасмола мүртты қорғандарынан да кездестіреміз. Негізгі ерекшелік – Күншығысқа бағытталған екі жал, олардың ұшар басындағы от жағып, шырақ қоятын, құрбандық шалатын шағын қорғаншалар.

Шырақшылық сол заманнан бері біздің өмір сүру дағдыларымызға берік

енген құбылыс. Тек қана қасиетті жерлерді қору, әулие орындарға иелік жасау, зиярат ұйымдастыру және өткізу ғана емес, халықтың күнделікті өмірлік әдет-ғұрыптарында да шырақ жағу әбден орныққан. Мәселен, бала туғанда 40 күн шырақ жағады, адам өлгенде де 40 күн шырақ жағады, қазақта «туғанда бір шілдехана, өлгенде бір шілдехана» деген сөз бар. От бұл жағдайда сыртқы жау және теріс әсер етуші күштерден сақтаушы қамқор ана қызметін атқарады. Екіншіден, от адам бойындағы шырды, яғни энергияны сақтаушы. Отпен аластау практикасы XX ғасыр басына дейін күнделікті өмірдің барлық жағдайында, көшкенде-қонғанда, ауырғанда-сырқағанда қолданыста болды, ал XVIII ғасырдың соңына дейін тіпті сыртқы елшіліктерді қарсы алғанда да қолданылды.

Рәсімнің бүгінгі жағдайы

Түркістан өңірінде бүгінгі күні зиярат кезінде шырақ жағу біртіндеп зиярат практикасынан шығып келеді. Бұған бір жағынан әулие жерлерді басқарып отырған жергілікті мәдениет мекемелерінің басшылығы мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының позициясы әсер етеді. Әулие жерлерде отырған шырақшылар осыған байланысты зиярат етушілер мен екі арада қарама-қайшылық туындайтынын, дау-шарды, кейбір келеңсіз оқиғаларды айтады. Шырақшылық түсінігінің өзі де шырақ сөзінен бастау алатынын, шырақ жағу болмаса бұл институтты бұдан әрі ұстап тұру мүмкін еместігін көп жауапты адамдарға түсіндіру қиын. Жалпы Түркістан өңірі шырақшылары, соның ішінде Сайрам маңындағы әулие жерлерге иелік қылып, зияратшыларға қызмет істеп отырғандары, бұл қызметті бірнеше атадан бері атқарып келеді, яғни келушілер де, шырақшылардың бәрі де өз аталарының шырақ жаққанынан хабардар.

Маңғыстауға барсаңыз әлі күнге дейін ата-бабаларының басына барып дұға оқып, сонымен бірге шырақ жағып отырған адамдарды көресіз. Өз басым 2020 жылы ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпифаниялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясындағы экспедиция кезінде

Шетпенің іргесіндегі Әлеу-Мейрам қауымында аруақтарға деп шырақ жақтым (Сур. 2).

Қорыта айтсақ, шырақшылық тамыры терең, қоғамдық мәні зор құбылыс. Шырақшы тек зиярат орындарының күзетшісі әрі қараушысы қызметін атқаратын адам ғана емес, ол біздің өте көне дәстүрлерімізді сақтап отырған тарихи жадымыз. Әрине, оның міндетіне келушілерге зиярат орнының тарихын таныстырып, қабірде жерленгендерге құран бағыштап отыру кіреді, дегенмен оның Сайрам сияқты көне қалалардағы әулие орындарда немесе Маңғыстаудың шөл даласындағы жер асты кешендерінде отырғанының өзі ғажайып тарихи феномен.

Әуел баста біздің ата-бабаларымыз табиғи, яғни ландшафтық әулие жерлерді құрмет тұтты. Шырақшылар сонау палеолит заманында адамдарға қоныс болған Шақпақ ата, Қоңыр әулие сияқты үңгірлерде немесе Әулие ағаш, Әулие бұлақ басында қызмет қылды. Біз ол кезеңде табиғаттан ірге ажыратып кеткен жоқ едік. Кейін келе адам (антропоген) факторы алға шыға бастады. Олардың ішіндегі ең көне сакралды орындарды

біз матриархаттық дәстүрге сәйкес, көбінесе үңгірлерді, тас қуыстарын, қонысқа ыңғайлы төбелерді қазір «Қыз әулие» деп атаймыз.

Одан кейінгі кезеңде белгілі бір патша әулеттері жерленген, мысалы, Қарахан патшалары жерленген Қарабура сияқты қорымдар мен Арыстанбап сияқты тәңіршілдік ғұрып орталықтар бірінші қатарға шықты. Қарабура Боғра хандардың пантеоны болса, Арыстанбап тәңіршілдік – тотемдік (Арыстан бап, Қарға бап, Лашын бап, т.б.) ғұрып орталығы болатын. Бап – әуел баста біздің ата-бабаларымыздың Құдайларға, табиғат күштеріне, аң-құс тотемдеріне арнап ағаштан, кейін тастан жасаған скульптуралық бейнелері. Э. Пекарскийдің «Словарь якутского языка» кітабында бап туралы былай дейді: «Бап – баф, бах, бапъ таңара – идоль, делаемый из гнилого дерева в честь какого-либо духа, насылающего болезни» (Пекарский, 1958, Т 1: 363). Сонымен бап дегеніміз ағаш пұт болса, онда «Сайрамда бар сансыз бап, Түркістанда түмен бап» деген сөздердің шешімі қазақ жерін тым ерте заманда мекендеген халықтардың діни сенімдеріне байланысты болмақ.



Сур. 2.

Fig. 2.

Қазақ жерінде мұсылмандық орныққан соң шырақшылық исламдық мазмұн алды, яғни көне қасиетті орындарды исламмен, соның ішінде сахабалармен байланыстыру кеңінен тарады. Осыған байланысты шырақшылық қызметінің мазмұны да өзгерді, бірақ қазақ жеріндегі ислам көнелікті біржолата құртып жіберген жоқ. Оның бір жарқын мысалы: Сайрам қаласында және маңында орналасқан исламға дейінгі әулие орындар – Қызыр баба, Юша пайғамбар, Ыдырыс пайғамбар, Мариям ана, т.б. Дәл осындай мысалды көне ғибадат орындарын, абыздық орталықтарды исламға сәйкес жаңғыртқан Маңғыстаудан да көреміз. Қазіргі күні жер асты мешіттері аталатын құрылыстардың көпшілігі исламға дейін адам қонысы немесе шаруашылық орны ретінде жұмыс жасады.

Сонымен, қазақ жеріндегі шырақшылық киелі орындардың тарихи қалыптасу үдерісі барысында пайда болған дін мен дәстүр үндестігінің көрінісі деп айта аламыз.

Осыған байланысты ұсыныстарымызды айтсақ:

– Ерте замандардан бастап тарихымызда «шырақшылық» институты маңызды орын алғаны және мемлекеттік деңгейде қолдау тапқаны аян. Ел билеушілері қасиетті жерлерге иелік етіп отырған шырақшылармен жеке таныс болғаны және өздері де зияратқа барып, шырақшыны елге таныстырып отырғаны белгілі. Шырақшылардың бұл қамқорлықты мемлекетінен тосуы да, талап етуі де заңды.

– Екіншіден, осыған байланысты мемлекеттік билік, мүмкін Мәдениет және спорт министрлігі немесе осы құрылым ішіндегі «Қасиетті Қазақстан» ғылыми орталығы шырақшылармен нақты жұмыс жүргізуге міндеттелуі керек. Ғылыми орталық жанында шырақшылық мектебі ұйымдастырылса құба-құп.

– Үшіншіден, шырақшылар көп жерлерде салафи ағымы сияқты әртүрлі сектанттар тарапынан қысым көреді. Мәселе сектанттық



түсініктерде әулиеге, аруаққа, қасиетке орын болмауына байланысты. Біз VII ғасырдағы жабайы араб деңгейіне түсуге қарсымыз, бізге қазіргі дамыды деген араб мәдениеті де бөтен. Сектанттық бағыттағы адамдарды қазір негізгі этностан, яғни қазақтан бөлінген субэтникалық топ деп атауға келеді. Олардың ережесімен бұдан әрі жүру этнос ішіндегі жіктің ұлғаюына алып келетіні сөзсіз. Тарихи тұрғыдан қарасаңыз адамзат баласының алғашқы ұстаз-пайғамбарлары біздің жерімізден шыққан, шырақшылар сол жолды жалғастырушылар.

– Төртіншіден, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының әулие жерлерде шырақ жағуға тыйым салғаны, шырақшылардан соны талап етуі дұрыс емес. Шырақ жағу шырақшылықтың негізі. Күн де, от та Алла тағаланың адамзатқа берген қазынасы, тіршілігінің арқауы.

– Бесіншіден, шырақшылардың киім үлгісі, өзін-өзі ұстауы, сөйлеу мәнері дәстүрге негізделген мәдени ережелерге сәйкес болуы керек.

Әдебиеттер

1. Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий – Творч. об-ние «Астана-Север». – Санкт-Петербург: Мажор, 2005.

2. Артықбаев Ж.О. Есіл-Нұра екі су. Ақмола облысы жер-су атауларының құпиясы. – Астана: Л.Н. Гумилев атынд. ЕҰУ, 2021.

3. Басилов В.Н. Культ святых в исламе. – М.: Мысль, 1970.

4. Бенвенист Эмиль. Словарь индоевропейских социальных терминов. – М., 1995.

5. Бойс Мэри. Зороастрийцы. Вера и обычаи. /Пер. с англ. И.М. Стамблин-Каменского. Послесл. Э.А. Грантовского. – М., 1987.

6. Коншин Н.Я. От Павлодара до Каркаралинска //Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. – Семипалатинск, 1902. С. 31-45

7. Масальский В.И. Туркестанский край. Предисл.: В. Семенов-Тянь-Шанский и Л. Берг. - 1913. -X, 861 с., (6) л. карт., иллюстр// Россия: полное географическое описание нашего отечества: настольная и дорожная книга для русских людей. Т.19.

8. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992.

9. Остроумов Н. Сарты. Этнографические материалы (Общий очерк). Издание 3-е. – Ташкент, 1908.

10. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. Т. 1–3. – М., 1958.

11. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Санкт-Петербург, 1762.

12. Селезнёв А.Г., Селезнева И.А., Белич И.В. Культ святых в сибирском исламе: специфика универсального. – М.: Марджани, 2009.

13. Сураганова З.К., Екимбаева А.С. Казахские шырақшы в системе коммуникации и производства сакрального пространства // XIII Конгресс антропологов и этнологов России; сб. материалов. Казань, 2-6 июля 2019 г. / отв. ред.; М.Ю. Мартынова. – Москва; Казань; ИЭА РАН КФУ, Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. – С. 31.

14. Сураганова З.К. Теканевые атрибуты и дароприношения на святых местах Казахстана: развитие традиции // Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы = Сакральная география Казахстана Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдарының жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции. 3 қазан = 3 октябрь, 2019 ж. – Астана, 2019. – С. 233-241.

15. Сураганова З.К. Культурный памятник Жубан ана в культурной памяти и практиках поклонения // Культурные ландшафты сибирского города: проблемы теории и практики (электронное издание) / под ред. Д.А. Алисова, И.А. Селезневой. – М.: Институт Наследия, 2019. – С.69-73.

16. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. / XIX – нач. XX в./ Алма-Ата, 1991.



References

1. Artykbaev J.O. Kochevnik Evrazii v kaleidoskope vekov i tysacheletii – Tvorch. ob-nie «Astana-Sever». – Sankt-Peterbúrg: Major, 2005.
2. Artykbaev J.O. Esil-Nura eki sý. Aqmola oblysy jer-sý ataýlarynyń qupiasy. Astana. L.N. Gýmiev atyndaǵy EUÝ, 2021.
3. Basilov V.N. Kúlt svátyh v islame. – M.: Mysl, 1970.
4. Benvenist Emil. Slovar indoevropskikh sotsialnyh terminov. - M., 1995.
5. Bois Meri. Zoroastrusy. Verovania i obychai. /Per. s angl. I.M. Stamblin-Kamenskogo. Poslesl. E.A. Grantovskogo. - M., 1987.
6. Konshin N.Ia. Ot Pavlodara do Karkaralinska //Památnaia knijka Semipalatinskoi oblasti na 1901 g. –Semipalatinsk, 1902. S. 31-45
7. Masalski V.I. Týrkestanski krai. Predisl.: V. Semenov-Tán-SHanski i L. Berg. - 1913. -X, 861 s., (6) l. kart., illústr// Rossia: polnoe geograficheskoe opisaniie nashego otechestva: nastolnaia i dorojnaia kniga dlá rýsskikh lúdei. T.19.
8. Mýstafina R.M. Predstavleniia, kúltý, obrády ý kazahov. Almaty, «Qazaq ýniversiteti», 1992.
9. Ostroýmov N. Sarty. Etnograficheskie materialy (Obshtí ocherk). Izdanie 3-e. Tashkent, 1908.
10. Pekarski E.K. Slovar iakýtskogo iazyka. T. 1–3. M., 1958.
11. Rychkov P.I. Topografia Orenbúrgskoi gýberrni. Sankt-Peterbúrg, 1762
12. Selezónov A.G., Selezneva I.A., Belich I.V. Kúlt svátyh v sibirskom islame: spesifika ýniversalnogo. – M.: Mardjani, 2009.
13. Sýraganova Z.K., Ekimbaeva A.S. Kazahskie shyrakshy v sisteme kommýnikatsii i proizvodstva sakralnogo prostranstva // XIII Kongres antropologov i etnologov Rossii; sb. materialov. Kazan, 2-6 iyúla 2019 g. / otv. red.; M.Iý. Martynova. – Moskva; Kazan; IEA RAN KFÝ, Institut istorii im. Sh. Mardjani AN RT, 2019. – S. 31.
14. Sýraganova Z.K. Tkaneyve atribúty i daroprinosheniia na svátyh mestah Kazahstana: razvitiie traditsii // Qazaqstannyń kieli jerleriniń geografiyasý = Sakralnaia geografia Kazahstana Halyqaralyq gýlymı-tájirbielik konferensia materialdarynyń jınaǵy = Sbornik materialov mejdýnarodnoi naýchno-prakticheskoi konferensii. 3 qazan = 3 oktyábrá, 2019 j. – Astana, 2019. – S. 233-241.
15. Sýraganova Z.K. Kúltovyi památnik Jýban ana v kúltýrnoi památi i praktikah pokloneniia // Kúltýrnye landschafty sibirskogo goroda: problemy teorii i praktiki (elektronnoe izdanie) / pod red. D.A. Alisova, I.A. Seleznevoi. – M.: Institut Nasledia, 2019. – S.69-73.
16. Toleybaev A.T. Relikty doislamskikh verovani v semeinoi obrádnosti kazahov. /XIX – nach. XX v./ . Alma-Ata, 1991.

Артыкбаев Ж.О.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан
e-mail: socantropology@mail.ru

ШЫРАКШЫ – НА СТРАЖЕ ВЕЧНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Институт шыракшы функционирует во многих регионах нашей страны, однако не везде полноценно сохранились комплексы действий касающиеся этого сложного явления. На сегодняшний день относительно полную практику зиярата и основные элементы шырақшылық можно наблюдать в регионах Мангистау и Туркестан. Человек, оказавшийся в данных регионах и решившийся на зиярат в святые места по каким-либо причинам обязательно столкнется с шыракшы. В представлениях народа шыракшы это наставник, который вас поведет в сакральный

объект, объяснит все, что известно об этом памятнике, также станет медиатором между вами. Если это так, то нельзя к данному явлению относиться с пренебрежением. Автор в данной статье сделал историографический обзор по данной теме, провел этимологический анализ понятия «шыракшы», сделал экскурс в историю. В конце статьи даны рекомендации необходимые для полноценного функционирования института шыракшы.

Ключевые слова: шыр, шыракшы, святые места, институт шыракшы.



Artykbaev Zh.O.
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: *socantropology@mail.ru*

SHYRAKSHY – ON GUARD OF ETERNAL VALUES

The Institute of shyrakshy functions in many regions of our country, but not all fully preserved complexes of action related to this complex phenomenon. To date, the relatively complete practice of ziyarat and the main elements of shyrakshylyk can be observed in the regions of Mangystau and Turkestan. A person who finds himself in these regions and decides to ziyarat to holy places for some reason will definitely encounter shyrakshy. In the views of the people of shirakshy, this is a mentor who will lead you to a sacred object, explain everything

that is known about this monument, and also serves as a mediator between you. If this is the case, then this phenomenon should not be treated with disdain. The author in this article made a historiographical review on this topic, conducted an etymological analysis of the concept of shyrakshy, made an excursion into history. At the end of the article, the recommendations necessary for the full functioning of the institute of shyrakshy are given.

Keywords: shyr, shyrakshy, holy places, the shyrakshy institute.

Қатран Д.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: dosai_kz@mail.ru

МӘНІ МЕН СЫРЫ ЕРЕК, ҰМЫТ БОЛҒАН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР ЖӨНІНДЕ

Мақалада қазақ әдет-салтында қазіргі уақытта атқарылмайтын кейбір рәсімдер туралы сөз болады. Олардың мән-мақсаты мен жай-күйі айтылады. Дәлірек айтқанда, «Мойынтастар», «Шарық тастау», «Шарғы салу», «Ұмсындыру», «Қалау» тәрізді ұмыт болған салт-дәстүрлер әңгіме өзегі болады. Сондай-ақ, отты қадір тұту, қастерлеудің және осыдан келіп өрбитін кейбір халықтық түсініктердің өзгеріске түсу жай-күйіне де тоқталады.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, жосын-жоралғы, шарық, шарғы, мойынтастар, ұмсындыру, от қасиеті, жер-су киесі, тәңірі, шаманизм.

Жосын-жоралғы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді халықтың көнеден келе жатқан сан ғасырлық өмір тәжірибесінің бізге жеткен жалғасы ретінде түсінетініміз белгілі. Ендеше, салт-дәстүр айналып келгенде сан алуан жосындар мен жоралғылардан, әдеттер мен ғұрыптардан, кәделер мен түрлі ырымдардан құралатыны белгілі. Мақала өзегіне мысал ретінде алынып отырған *мойынтастар*, *шарық тастау*, *қалау* және *ұмсындыру* деп аталатын ырым-жоралғылардың қазіргі замандағы жай-күйі арқылы дәстүрлі наным-сенім, ырымдар мен тыйымдар жүйесі хақында аздаған ой бөліспекпіз. Себебі, аталып отырған жосындар қазіргі кез тұрмақ, XX ғ. орта шенінен бастап қолданыстан шығып қалған құндылықтар қатарына жатады.

Үйлену жосын-жоралғыларына қатысты атқарылатын осынау ырым-кәделер қазақы ортадағы *құт*, *ырыс* және *береке* сияқты ұғымдарға байланысты еді. Дәлірек айтқанда, қолына құс қондырып

жатқан жігіттің (күйеудің) және ұзатылып бара жатқан қыздың (қалыңдықтың) өзінен кейінгі інілеріне немесе сіңділеріне жолымды берсін, қуанышымыз жұғысты болсын деген тілек бойынша жасалатын ырым-жоралары көп-ақ. Осы аталмақ жосындар қазіргі кезде үйлену тойларында мүлдем із-түзсіз кетпей, керісінше, мәдени байланыстар нәтижесінде енген гүл *тастау* немесе гүл *лақтыру* ырымымен алмасты. Ол үйлену тойы аяқталар кезінде келіннің теріс қарап тұрып, қолындағы гүлін басынан асыра, артында тұрған топ қызға қарай лақтыру ырымы. Кім қағып алса, келесі күйеуге тию сол қызға бұйырады-мыс. Айтпағымыз, *мойынтастар*, *шарық тастау* мен *шарғы салу* ырым-жоралғыларының атқарылу формасы ғана өзгергені болмаса, еуропалық гүл *тастау* жосынында сол баяғы түпкі мәнінің бір екендігінде. Мәселе – осы дәстүрімізді жаңғырта аламыз ба, жаңғырта алсақ салтқа айналдыруға қаншалықты ықпал ете аламыз немесе оған құлқымыз қаншалықты деңгейде дегенде тұр!



Мойынтастар. Суретші
 Е. Оспанұлы (Оспанұлы, 2009).

Бірқарағанда аталмыш жосындарды насихаттау аса қиын дүние де емес. Бір-екі той-домалақта ойдағыдай атқарылса, жұртшылықтың жақсы қабылдайтыны белгілі. Сөйтіп, бірте-бірте кең таралып, дәстүрге жаңалық, жаңашылдықты енгізуге құштар қазақ халқы тағы да бір төл дәстүрімізді жаңғыртқан болар едік. Ондай үрдіс тарихи сананың орнығып, беки түсуіне ықпал ететіні сөзсіз. Ұлттық сана неғұрлым терең болған сайын, адам да, қоғам да бай болып, мәдениет біртұтас бола түспек. Былайғы жұрттан ерекшелейтін де дүниеміз осы тәрізді айырмашылықтарымыз болмақ. Енді той-домалақта ұлттық ерекшелікті айғақтап тұратын осындай бірнеше ырым-жоралғыларды баяндасақ.

Мойынтастар – үйлену тойында жасалатын ырымдық мәнге ие жосындардың бірі. Ұзатар той болатын күні күндіз күйеу жігіт пен қалыңдыққа отау тігіліп, қыз жеңгелері отауды жапқаны үшін *отаужабар* кәдесін алады (Гродеков, 1889: 67). Отау көтеру

тойына қой сойылып, жиналған жұрттың барлығы еттен дәм татады. Осы кезде тазалап мүжілген қойдың мойын омыртқасын қыздың жеңгесі ақ шүберекке орап күйеу жігітке береді (Ибрагимов, 1872: 28). Жосынның шарты бойынша күйеу жігіт төмен қарап ортада отырған қалпында, киіз үйдің шаңырағынан (түндігінен) мойын омыртқаны сыртқа дәл лақтырып шығаруы қажет. Кейбір деректер бойынша қалыңдықтың жеңгелері жігіттің мойынынан басып, жоғары қаратпай ұстап тұрған кезде лақтыруы тиіс (Арғынбаев, 1973: 204). Бұл жаңадан тігілген (құрылған) *отаудың іші түтіндемесін, түтін түзу шықсын* деген ырымнан туындайды. Орамалға оралған мойын омыртқаны сыртта тұрған қыз-жігіттер «*жолын берсін*» деп ырымдап қағып алуға тырысады.

Бұл жосында қағілездік пен қабілет сынға түседі, әрі оның астарында ырымдық қыры басым болып келетін күрделі таным-түсініктер жатады. Яғни, жосынды атқарудағы бітеу мүжілген мойын омыртқаны үй иесінің



шаңырақ күлдіреуішіне тигізбей сыртқа дәл лақтырып шығара алуы – жақсылыққа бастайтын, түтеткен түтіндері түзу болуды меңзейтін жолды салуға құрылған магиялық жоралғы болып табылады (Жүнісов, 1992: 28). Қойдың мойын омыртқасының осы тектес тағы бір қызметі – сәби дүниеге келгенде жүзеге асырылады. Ол қалжаға сойған қойдың мойын омыртқасын шешесі бүтін мүжіген соң, бала бір жасқа толғанша кереге басына іліп қоятын ырым-жоралғысы. Аталған екі жосындағы мойын омыртқаның мәні – бірінде баланың мойыны тез бекуін, келесінде жас отаудың тез бекуін ырымдауында.

Күйеу жігіт қыз жеңгелеріне осы мойынтастар кәдесі үшін бір қой береді. Сондықтан да, *мойынтастар* қыз жеңгелеріне берілетін кәденің де атауы болып қалыптасты.

Шарық тастау – үйлену ғұрпында жасалатын жосындардың бірі. Ұзатылып бара жатқан қыз үйінен шығар алдында өзінен кейінгілерге *жолымды берсін* деген тілекпен аяғындағы кебісін сіңлісіне қарай лақтырып тастау ырым-жорасын жасайтын болған. Шарық – қазақы ортада қолданылатын *кебіс, шоқай, шақай* және *шәркей* деп аталатын мәсі сыртынан киілетін аяқ киімнің тағы бір атауы. Дәстүрлі ортада *шарық* – негізінен аяқ киім тозбас үшін сыртынан киюге арналған шикі теріден қарапайым тігілетін түрі. Ол етіктің төменгі бөлігін орай келетін етіп, шетін айналдыра әр жерінен баумен тартып байлайтындай жасалады.

Ол жосынның атқарылуы төмендегідей: ұзатылатын қыз үйден шығар алдында босағаға барған соң аяғына киген кебісін шешіп, өзінен жоғары төрге таман отырған сіңлісінің оң жақ алдына қарай лақтырып тастайды (ЭЭМ, 28).

Шарықты алған қыз әпкесінің жолын берсін деген ырыммен бір киер, ардақты киімі етіп, аялап сақтайды. Халық аузынан жиналған ауызша мәліметтер бойынша шарық алған қыз өзі ұзатылып кетерде де аталмыш жосын қайталанатын көрінеді.

Ал, **шарғы салу** деп аталатын осы ырымға ұқсас атқарылатын жосын бар. Шарғы салу жосынында бұл ырым бас киімге қатысты атқарылатын болса, аталмыш жосынның аяқ киімге байланысты жасалуы дәстүрлі наным-сенімнен туындаған жоралғылар екенін атаған дәзім. Мәселен, бас киім беруі – басты, яғни бас киімді қадірлеуден туындайтын ырым-

жораларға байланысты. Өйткені, бас киім әрбір қоғам мүшесінің әлеуметтік жай-күйін айқындап тұратын белгілік қызмет атқаратыны белгілі. Сондықтан, қыз күнінде киген бас киімін (бөрік, тақия) ендігері ұзатылып барған жерінде кимейтіні белгілі. Яғни, бір жыл балалы болғанға дейін желек бүркеніп жүреді. Осылайша, қалып бара жатқан қыз күнімен бірге қыз кезінде киген бас киімін де жұғысты болсын деп сіңлісіне беруінде мән жатыр. Ал, аяқ киім беру – дәстүрлі мәдениетте ерекше орынға ие – *жолын беру* деп аталатын ғұрыптық мәні үлкен болып келетін ырым-жоралғыға байланысты атқарылса керек. Соның бір айқын дәлелі – келіннің аяғымен құт келеді дейтін ырымға байланысты болса керек.

Ұмсындыру – дәм ұсынған кезде жасалатын көңіл көтерудің, күлкі шақырудың бір түрі. Мәселен, қымыз құйылған аяқты тиісті адамына ұсына беріп, қайтарып ала қоятын салт болған. Ол көбіне қайыншылап жүрген күйеу балаға немесе ұзатып алуға келген күйеуге, құдалардың ішіндегі жас адамдарға қыз жеңгелері қымыз, айран, т.б. сусын берерде қалжыңдай ойнап, ұсына бере тартып алып, үш рет ұмсындырып барып беретін еді. Дәстүрлі ортада мұндайға үйренген адам осындай ойынға дайын болып, әккілік танытып, шап беріп ұстай алу тәрізді қылық көрсетіп, қыран-топан күлкіге қарқ болғызатын. Ал қазіргі адам бұрынғының осы тәрізді әзілін түсінбейтін деңгейге жетті. Күліп, риза болмақ түгілі ашу шақырып, ызалануы бек мүмкін. Тіпті, менмендіктің (эгоизм) жоғары болғаны соншалық – қорланып қалуы мүмкін. Сондай-ақ, көшпелілерде ет асату тәрізді қымызды да қысап ішкізуін Шыңғыс хан ордасында болған Гильом де Рубрук басынан кешіпті (Путешествие в восточные страны..., 109). Ілкіде шара толы қымызды тауысып ішу, түбіндегі күміс тиынды тіспен алу, қымызды көп мөлшермен ішіп жарысу тәрізді сынға түсетін. Қымызды көп ішіп, қарсыласынан асып түскенінің, жеңіске жеткенінің шарты – үйден шыққанша сыр бермей, алыстап кету болған.

Дос-тамыр және нағашы-жиен арасында болатын алыс-берістің ерекше бір түрін **қалау** атаған. *Адамның күні адаммен* деген қағида берік орныққан қазақы ортада алыс-беріске айрықша мән беріледі. Бірі-бірімен дүние-мүлік алмасу түрінде атқарылатын, яғни, бірінде жоғын екіншісіне беру сияқты адамдар



Қымыз ұмсындыру

қатынасына дәнекер болатын мұндай үрдіс ерекше мәнге ие болды. «Алыспаса, беріспесе сарт болады, барыспаса, келіспесе, жат болады» – деген мақал осы жайттың мәнін айғақтайды. Дәстүрлі ортада тамыр болып достасқан адамдар бір-бірінен қымбат, асыл бұйым, текті мал, тазы ит немесе қыран құс сияқты дүниені қалап алу қалыпты жағдай болып саналған. Бірақ, тамыр емес әлдекімнің және туыстарының дүние-мүлкіне ешқашан қалау түспейді. Сондықтан, біреудің асыл бұйымына қызыққан адам сол үйге мол сыйлық пен мал сойып әкеліп қона жатып, ертеңінде аттанарда үй иесі қонақтарынан кетерінде бұйымтай сұрағанда ғана қонақ көздеп келген қалауын айтатын болған. Тіпті, қалаулы затын алу үшін алдын-ала тамыр болысып, сосын көздеген мақсатын іске асыратын да адамдар болады.

Сонымен бірге, жай ғана келген қонақтан үй иесі бір бұйымтаймен келгенін сезіп, аттандырар алдында «қалауыңды айт» деп сұрайды. Салт бойынша, отағасы қонағының

қалауын беруге міндетті. Отағасы қонағының көңілін қалдырмай, қимаса да сұраған бұйымын ризашылықпен беруі қажет. Қалауын алып, риза болған бұйымтайшы да «сыйға сый, сыраға бал» деп зат иесіне лайықты сыймен қарымта қайтарады.

Дос-жаран, тамыр-таныстар арасында бұйым, зат сұрайтын немесе қандай бір іске жәрдемдесіп қол ұшын беруін өтінетін, мәні жағынан қалау тәріздес тағы бір салт бар. Ол қолқа салу, қолқалау деп аталады. Алайда, кей жағдайда қолқалаған затын бермеуіне, өтінішін орындамауына болады. Бұл ретте қолқаның қалауға қарағанда жүгі жеңіл екенін байқауға болады.

Қалауын алып дос болған жандар қияметтік достар болып қалады. Достамырлардың балалары достықтарын жалғастырып, ататамыр болады. Ататамырдың балалары бір-бірімен құда болса, ол сүйектамыр болып жалғасады. Алайда, жөн-жосықсыз дүние-мүлік сұрауға



байланысты қалау орындалмай, яғни, түрлі сылтаумен созбалап бермейтін жағдайлар да ұшырасады. Оның соңы әдетті бұзды деген айыппен барымтаға ұласып, дос-тамырлар арасында араздық туындап, қарым-қатынастың бүлінуіне әкеліп соғатын. Ел арасында жөнсіз қалау айтқан сұраушыны даттаған. Сондай-ақ, қимас дүниесін, мүлкін, дүлдүлін, алғыр тазысын немесе қыран құсын берген адамның мырзалығын әспеттеген сан алуан әңгімелер көптеп саналады.

Сондай жайттың бірін егжей-тегжейлі баяндаған И. Ибрагимов келтіретін әңгіменің (XIX ғ. орта шені) ұзын ырғасы төмендегідей: «Бір ауқатты адамның көзі орта дәулетті тамырының бүркітіне түседі екен. Байдың келе жатқанын, бүркітін қалайтынын алдын-ала сезген бүркіт иесі бүркітін ағасы алып аңға кетті деген болғызып, алыс ауылға жібереді. Өтініш аяқсыз қалмас деген нық сеніммен келе жатқан бай бүркіттің ауылда жоқ екенін жолай естіп біледі де, тамырының ауылына соқпай басқа ауылға бұрылып кетеді. Одан кейін де бүркіт үшін барған сапары сәтсіз болған бай өткен-кеткеннің барлығынан бүркіттің және бүркітшінің өз үйінде болған сәтін сұрастырып біліп отырады. Ақыры нақты мәлімет алған соң еш жерге соқпастан, тоқтамастан, тура жолмен емес айналма жолмен барып 120-130 шақырым қашықтықтағы тамырының үйіне бірақ түседі. Тамырын қарсы алып тұрған бүркітшінің есіне бүркіті үйінде екені түсіп, түрі бұзылып кетіпті. Келген қонақ: «Ауырып қалғанбысың?» – деп сұрағанда, берекесі қашып тұрған бүркітші табылған ақылға қуанып кетіп, «Сырқат едім, тәуіп шақырттым», – депті. Қонаққа қой сойылып, қонақасы желінеді. Ертеңінде аһылап-үһілеп жатқан тамырының ауруына қарамастан бай қалауын айтып, бүркітті көрсетіпті. «Науқас тамыр» құсын бермей алып қалудың қамымен малынан, отбасынан, тіпті барлық дүние-мүлкінен айырылуға бар екенін, тамырынан еш нәрсені аямайтындығын небір шешендік сөздермен жеткізіп, тек рақымшылық етіп «Қаракөз» құсын алмауды өтінеді. «Таяуда өлемін, сол кезде қасымда бүркітім болса еш қиналыссыз өлемін» деген сөзін айтады. Алайда, еш рақымшылық көрсетпеген тамыры «аурудан жазылған соң әкеліп беремін» деп уәде етсе ғана бүркітті тастап кетуге келісетінін айтады. Сол уәдемен бай өз ауылына қайтады. Арада бай аурудың денсаулығын сұраған адам да жібереді. Бірақ, ұзақ уақыт «жазылмаған» науқас ағайын-

туыс, құда-жекжаттарынан ақыл сұрап, олардан жөнді жауап ала алмай басы қатумен болады. Өйткені, оның алдында әдеттік заң бойынша не бүркітті өз қолымен апарып беру, не мал-мүлкінен айырылу сынды екі ғана жол тұрған еді. Кейінірек бүркітшіні шаппақ болып байдың ат сайлап жатқан хабары жетеді. Сасқан бүркітші тамырына хабаршы жіберіп, сәтті күні бүркітті апарып беретінін жеткізіп, айтқанындай өз қолымен табыс етеді. Алайда, бүркітші өзінен алған бүркітті қызының жасауына қосу үшін әлгі бай келесі бір бүркітшіге ақ теріге айырбастағанын ести сала, сол бүркітшімен тамыр болып, одан бүркітті қалап алып, бүркітін осылайша қайтарып алған екен» (Ибрагимов, 1872: 122-130).

Қазақы ортада қалау тамырлар арасында ғана емес, нағашы-жиен арасында да жүреді. Солардың қатарында салмақты қалау саналатыны – жиеннің нағашыларынан және ұзатылған қыздың төркінінен дүние-мүлік, мал сұрауы. Алайда, қалаусыз да нағашы жағы жиенге қырық серкеш, шұбар тай бастаған мал-мүлікпен қатар, төркін жағы қызға сыбағалы мал-мүлкін беретіні сөзсіз. Бұдан тыс төркіндей барған қыз және жиен қайтар кезде қалаған дүниесін, малын алуға құқылы. Ондайда қыз көңілін тауып марқайту төркініне әрі міндет, әрі сын. Әсіресе, жиені не қаласа соны беру парыз. Мысалы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы бала кезінде нағашыларына барып, аунап-қунап болып, енді қайтарында «Көкдөнен» атты жүйрікті қалапты. Жол жүріп кеткен нағашы атасы Жәнібектің қайтар кезінде үйде болмай қалып, нағашы ағалары түрлі сылтау айтып қалаған атын берместен аттандырыпты. Кейін келіп мән-жайға қанық болған нағашы атасы: «Бұларың дұрыс болмаған екен, жиеннің қолын қағып, меселін қайтарғандарың кесір болады», – деп ырым бойынша Көкдөненді жетелей салып Жәнібектің артынан апарып беріпті. Оған разы болған Ер Жәнібек «Көкдөнен» күйін шығарған екен деседі.

Құдайы қонақтардың да белгілі ахуалға сай қалау сұрайтын кезі болатын көрінеді. Мәселен, Н. Гродеков: «Дұрыс күтім көрмеген қонақ үй иесінің үстінен билерге шағым түсіріп, отағасының бір мүлкін иелену арқылы материалдық компенсация алу құқығына ие бола алады», – дейді (Гродеков, 1889: 112-113). Яғни, үй иесінің мүлкінен қалаған бір затын ала алады деген сөз. Ал, ежелгі әдеттік заң бойынша ондай қонақ шағымына ұшыраған

үйге бір ат, бір шапан төлетіп, айып жүктеген (ат-шапан айып).

Сайып келгенде, көптеген ырым-жоралғылар күнделікті тұрмыстағы жасалатын әрекеттерге қарама-қарсы түрде атқарылатындығымен ерекшеленеді. Себебі, бұл жай ғана іс-қимыл емес, ғұрыпқа негізделген түрде атқарылатын әрекет болғандықтан ерекше, яғни, күндегіден (кәдімгі жағдайдан) өзгеше болуы тиіс. Өйткені, күнделікті, қалыпты жағдайда шаңырақтан қандайда бір дүние лақтырылмайтын болса, аяқ киім босағадан төрге қарай тасталмайтын болса, аталмыш ғұрып кезінде олар ырымдық мәні бар символдық затқа айналады. Сондай-ақ, жай ғана лақтыра салу емес, қарамай тұрып дәлдеп лақтыру сияқты ерекшеліктері ғұрыптың негізгі белгілері болып саналады.

Жиын-тойда атқарылатын, мәдени байланыстар нәтижесінде енген әдеттің бірі – балкүлшеде (торт) жанған шырақты үрлеп сөндіру үрдісі хақында. Осы үрдіске философиялық мән таңған қазақ «Шырағың сөнбесін» бойынша бала-шағасын, ұрпағын «шырағым» деді емес пе. Үлкендер айтатын «шамшырағым» деп ұрпағын еркелететіні осының айғағы болатын. Әңгімені әріден бастасақ – мәйітті жерленгеннен кейін тазалау мақсатында сол жерге шырақ жағылатын. Бұл мәселенің практикалық жағы. Сөз реті келген соң айта кететін жайттың бірі – шырақ, шыра, шам, шырағдан, шамшырақ мәселелері. Яғни, осы аталған заттардың терминологиялық атауларына тоқталған жөн. Мәселен, шырақ – саусақтан ұзын келетін, басына май сіңірілген мақта немесе шүберек оралған ши. Ол көбіне аластау, тазалау тәрізді ғұрыптық мақсаттарда пайдаланылады. Шыра – ұзындығы мен қалыңдығы білектен де үлкен келетін, қараңғыны жарық ететін ағаштан жасалған құрал. Бұның басына да май сіңірілген шүберек орап, байлап қояды. Жарық екендігін білдіретін «көзім шырадай жанды» деген халық мәтелі бұған дәлел болмақ. Шам немесе майшам деген күнделікті қолданылатын арнайы ыдыста жағылатын жарық беруші құрал. Егер бірнеше шам біріктіріліп ілінсе немесе арнайы тұғырға қойылса «самала» деп аталады (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 147). Мысал ретінде қазақтың «самаладай жарық» деген сөзін еске түсірсек жетіп жатыр. Әрі орыстан енген «люстра»

мағынасының қазақы нұсқасы деген сөз. Жарық түсетін киіз үйдегі киелі бөлікті «шаңырақ» деп атаймыз. Міне, осылардан және т.б. мысалдар арқылы шамшырақ сөзінің мағынасы ашыла түспек. Яғни, «шырағым» деп үлкендердің кішкентай балаларды еркелетуін еске түсірсек болғаны. Ал, шам қоятын тұғырды шамдал атаған. Қазіргі кезде өз білермендігіне салған кейбіреулер қазақтың бәрі білетін шамдал деген сөзін пайдаланбай, шам қоятын тұғыр деп жазып жүр.

Брыкающихся жеребят привязывали к кольям и накидывался недоуздок-нокталау. Желтым сливочным маслом мазали гривы, хвосты и колья привязи. Это магия защиты, чтобы молодняк рос сильным. Кубе (емкость для приготовления кумыса) окуривалась дымом тобылги и смазывалась конским жиром, чтобы кумыс получался вкусным. И первые капли майского кумыса брызгались в воды Терисаккана, и они, растворяясь в воде, достигали вод океана. Сила жизненная должна преумножаться. И выбирались лучшие жеребцы. Но не было равного Акбозу. И переходил он из табуна в табун. И рождались жеребята, осененные белой звездочкой во лбу.

Но пришло время, которое приходит в жизни каждого живого существа. Постарел Акбоз. И решил сынши отвести Акбоза к гранитным сопкам Теректы. Там рос священный тополь-коновязь, корни которого уходили в подземный мир, а ветки достигали небес. По ним на землю спускался Камбар ата, покровитель небесных коней, вместе со своим конем Кокбозом. Он любил отдыхать в тени этого тополя и поить своего коня целебной водой из родника. Оставил сынши Акбоза у тополя и попросил Камбар ата взять его в свой небесный табун. Уважил Камбар ата просьбу сынши и посадил Акбоза на белое облако, чтобы поднять его на небо. И коснулся Акбоз копытами камней, и остались их отпечатки на поверхности. И коснулся гривой – навеки отпечаталось изображение его изогнутой шеи и красивого торса на гранитной плоскости скал Теректы. И птица указала ему дорогу к небесам.

Стой поры служит приколом для небесных коней Темир казык (Железный кол) – Полярная звезда. Две звезды рядом с ней, Кастор и Поллукс (так их называли древние греки) – это Акбоз ат и Кокбоз ат. Они привязаны и ходят вокруг Железного кола по небу, охраняя всех коней в табунах Великой степи. И первый весенний гром казахи называют «көк айғыр кісінеді» – «небесный жеребец ржет». Это добрый знак к обилию молока и увеличению стада.

И все сказанное было, есть и будет. Река Терисаккан впадает в Есиль, Есиль в Иртыш, Иртыш в Обь, которая впадает в Северный Ледовитый океан. И каждый год в начале мая в селе Терисаккан (Улытауская обл.) проходит праздник казахов-конеководов, куда пригоняются



десятки косяков лошадей. Там можно увидеть лошадей самых разных мастей. И каждый год в день летнего солнцестояния люди приезжают в святилище Теректы, чтобы поклониться

небесным коням, изображения которых выбиты на скалах. И бессмертны слова «Құтты болсын!» – пусть будет всегда жизненная сила на земле Великой степи.

Работа выполнена в рамках реализации научной программы BR10164218 «Традиционная обрядность как манифестация помнящей культуры: ресурсы и стратегии символического капитала степной Евразии» программно-целевого финансирования Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

Усманова Э.Р.^{1,2}

¹ Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

² Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті
Челябинск, Ресей

e-mail: emmadervish2004@mail.ru

Usmanova E.R.^{1,2}

¹ Qaraghandı Buketov University
Qaraghandy, Kazakhstan

² South Ural State University
Chelyabinsk, Russia

e-mail: emmadervish2004@mail.ru

ТЕРІСАҚҚАН ТҰЛПАРЛАРЫ

Мақалада Ұлытау даласында Терісаққан ауылында көне дәуірлерден осы күнге дейін үзілмей жалғасып келе жатқан бие байлау, бие саууға байланысты ғұрыптар сипатталады. Сонымен қатар, Ұлытау Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің ғылыми қызметкері болған Е.Х. Хороштың «Қазақ атбегілерінің дәстүрлі көктемгі мейрамдық ғұрыптары» номинациясы бойынша ЮНЕСКО адамзаттың рухани мәдени мұрасын қайта жаңғырту тізіміне енгізу бойынша атқарған жұмыстары туралы айтылады.

Түйін сөздер: қымыз, Ұлытау, этнофестиваль, Терісаққан, бие байлау.

TULPARS OF TERISAKKAN

The article describes the rituals associated with the milking of mares, which in the steppes of Ulytau in the village of Terisakkan continue from ancient times to the present day. In addition, it tells about the work done by E.H. Khorosh, a researcher at the National Historical, Cultural and Natural Museum-Reserve «Ulytau», on the inclusion of the nomination «Traditional spring festive rites of Kazakh horse breeders» in the representative list of the intangible cultural heritage of mankind by UNESCO.

Keywords: kumys, Ulytau, ethno festival, Tersakkan, mare.

Егізбаева М.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасы
Алматы қ. Қазақстан
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

XIX-XX ғғ. БАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ АҢШЫЛЫҚ

Аңшылық қазақтар үшін ертеден негізгі қосалқы кәсіптердің бірі болды. Қоғамның дамуымен қатар аңшылықтың тәсілдері мен мақсаты да өзгеріп, аңшылық өнердің түрлері дамыды, аңшылық көңіл көтерумен қатар, шаруашылықтағы қосалқы кәсіптің біріне айналды. Кәсіби аңшылық аң-құстан алынатын азық-түлікті (ет, май, жүн, тері, сүйек, мамық, қауырсын және т.б.) пайдалану үшін қолданылды. Бір жағынан қауіпті, зиянды немесе саны шектен тыс көбейіп кеткен аңдарды азайтып, табиғи тепе-теңдікті сақтау мақсатында жүзеге асырылды. Халықтың көп бөлігі аңшылықпен сирек айналысты. Ауқатты қазақтар аң аулауға көңіл көтеру үшін шықса, елдің кедейленген бөлігі үшін аңшылық күнкөріс көзі болды. Сонымен қатар, аңшылық кәсіп ерекшеліктері далалық табиғаттың ерекшелігімен де тығыз байланысты. Қазіргі Қазақстан территориясының үлкен бөлігін алып жатқан далалы және орманды далалы табиғи орта сан алуан және аңшылық кәсіпте ертеден қызығушылық тудырып келе жатқан жабайы аң-құс, жануарларға толы. Әсіресе, бұл жағдай негізінен еліміздің шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарына тән. Қазақ халқындағы аңшылықтың дамуына оқ ататын қарудың келуі үлкен әсерін тигізіп, бағалы аң терісі кәсібі дамыды.

Мақалада қазақ жерінде болған зерттеушілердің жазбалары, архив материалдары және осы тақырып аясында зерттеулер жасап жүрген ғалымдардың еңбектері талданады. Дәстүрлі қазақ қоғамында аң аулау кезіндегі адамдар арасында қарым-қатынасты реттейтін аңшылық ережелері болды және ол ережелер қатаң сақталды. Сондай-ақ, мақалада киелі аңдарға қатысты қызықты мәліметтер мен аңшылыққа қатысты әдет-ғұрыптар да сараланған. Қазақ халқында аңшылыққа байланысты әртүрлі әдет-ғұрыптар да кездеседі. Бұндай аңшылыққа байланысты әдет-ғұрыптар аңшылықпен айналысатын басқа да халықтарда кездесетіні айтылып, салыстырмалы талдау жасалған. Мақалада дерек берушілердің де деректері келтіріліп, ғылыми әдебиеттермен қатар сараланып, аңға құс салуда бүркіт, қаршыға, сұңқар сияқты құстарды қолданғаны және аңды итпен аулау әдістері туралы да айтылады.

Түйін сөздер: этнос, ұлт, этнография, аңшылық, салт-дәстүр, баспана, киім, тағам.



Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы этнология ғылымында аз зерттелген мәселелер қатарына жатады. Аңшылық – бүкіл адамзат, соның ішінде көшпелі қазақ шаруашылығындағы ең көне кәсіп түрлерінің бірі. Қазақтар аң аулаумен ертеден айналысты, әсіресе түлкі мен қарсақ аулаудан көп кірістүсті. Аң терісі қазақтардың тек өз мұқтаждығына ғана жұмсалып қоймай, сонымен бірге едәуір мөлшерде сатуға да түсіп тұрған. Орыс көпестеріне өткізілетін тауарлардың арасында қасқыр, түлкі, қарсақ және басқа да аңдардың терілері болды (Бекмаханов, 1994: 64).

Мәселен, 1852-1853 жылдары Ірбітке барған Г. Колмогоров: «Петропавлдық, семейлік, өскемендік және троицкілік көпестер 25 мыңнан 30 мыңға дейінгі түлкі, қасқыр терілерін әр теріні 3 сомнан 6 сомға дейінгі бағада, 50 мың қоянды әр жүз теріні 12 сомнан 15 сомға дейінгі бағада сатты», – дейді (Колмогоров, 1895, Т.3: 27). Бұдан аңшылықтың қазақ шаруашылығында алған орнының маңызы зор болғанын көреміз. Шығыс Қазақстан қазақтары негізінен қасқыр, түлкі, қоян, суыр, борсық, қарсақ, арқар, саршұнақ, күзен сияқты аңдарды аулаған. Суырдың майынан сабын жасап, ал терісін сатқан (Руденко, 1930: 26).

Аңшылыққа қолданылған басты қарулар: тас, таяқ, найза, садақ, тор, қақпан, тұзақ, мылтық, т.б. Аң аулаудың негізгі бір тәсілі ол – аңды атпен қуып, ит жүгірту, аңға қақпан, тор құру. Аңшылықпен айналысатындарды аңшыдан басқа мылтықшы, қақпаншы, баспашы, құсшы деп атады (Фиельструп, 1930, Вып. XV: 26).

1909 жылы Зайсан уезінде 200 отбасы аңшылықпен айналысып, одан 4051 сом таза пайда көрген. Бұл уезде негізінен қасқыр, түлкі, аю, қабан аулайды (ҚР ОММ. 460-қор, I-тізбе, 10-іс, 25 п: 2-84). Осы жылы Өскемен уезінде 506 қазақ отбасы аңшылықпен айналысып, ауланған аң терілерін 5147 сомға сатқан (ҚР ОММ. 460-қор, I-тізбе, 10-іс, 25 п: 3-70). Уезде аю, қоян, қасқыр, борсық, тиін, суыр, құндыз, сілеусін, т.б. аңдар аулайды. Өңір бойынша аңдар Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Өкпегі, Қалба тауларында, Қара бұйрық, Күлт төбе, Тас төбе, Күрку, Тірек сияқты шатқалдарда ауланды.

XIX ғ. орта кезінде, аң аулау кезіндегі адамдар арасында қарым-қатынасты реттейтін аңшылық ережелері болды. Бұл ережелерді 1846 жылы, әдет-ғұрыптық құқық (обычное право) жинауға шыққан экспедиция

уақытында, әскери чиновник Д. Андре жинаған. Онда «егер, бірнеше адам қақпан, тор, көмегімен аңды ауласа, онда түскен аң алдын ала келісілген шарт бойынша бөлінді» – делінген (ҚР ОММ. 4-қор, I-тізбе, 2380-іс, 32-41 пп: 134).

Егер қақпаннан босап шығып кеткен жаралы аңды жақын ауылдың иттері ұстаса, бөтен адам атпен қуып жетсе немесе атса, онда аң соңғы адамның қанжығасына байланды.

Егер осы жаралы аңды тірідей немесе атсыз, иттің көмегімен жаяу бөтен адамдар ұстап алса, онда аң аңшының өзіне тиесілі болды. Егер аңшы атқан аңды атпен жүрген бөтен адам ұстап алса, онда аң сол адамға тиесілі болды (ҚР ОММ. 4-қор, I-тізбе, 2380-іс, 32-41 пп: 134).

Тағы бір мынадай салт түрі болған: егер түлкі немесе қарсақтың інін қазу кезінде, оған көмектесуге бір адам келсе, онда, аң ұрғашы немесе аңның күшігі болса, онда аң аңшыға бұйырады, егер еркек аң ұсталса, онда ол келген адамға бұйырады. Егер де адамның орнына көмектесуге бірнеше адам келсе, онда аң жынысына қарамастан, олардың ішіндегі ең сыйлы немесе жасы үлкен адамға берілді (ҚР ОММ. 4-қор, I-тізбе, 2380-іс, 32-41 пп: 134).

Бұндай аңшылыққа байланысты әдет-ғұрыптар аңшылықпен айналысатын басқа да халықтарда кездесетін. Мәселен, эвенкілерде қазақтікіне ұқсас екі түрлі әдет-ғұрып болған. Біріншісі, «нимат». Мұнда аңшы ұстаған аңды тұраққа алып келіп, басқа «рудың» адамына берді. Егерде тұрақта тек қана туыстар болса, онда аңды ең алыс туысы алды. Ал аңды алған адам теріні өзіне қалдырып, етін тұрақтағы басқа отбасыларға бөліп берді.

Екінші әдет-ғұрып түрі, ол – аң терісіне байланысты болды. Тері сатылатын немесе айырбасталатын тауар өнімі болғандықтан аң әрқашан аңшының меншігі болып есептелді. Бұл дәстүр бойынша, егер аңшы аңды атқан уақытта, қасында бөтен адам болса, онда аңшы аң терісін сол адамға беруге міндетті болды (Карлов, 1982: 30-31). Тура осыған ұқсас дәстүр Тарбағатай өңірі қазақтарында да бар. Егер аңшы аңды атып немесе ұстап алған жағдайда, қасында басқа адам болса немесе жасы үлкен қарт адам кездесіп қалса, онда сол аңды ұстау оңайға түспегеніне қарамастан, аңды сол адамға береді. Ең қызығы, осы дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұл әдет-ғұрып қалмақтарда, моңғолдарда, сойоттарда бар (Токарев, 1936: 37). Ол туралы Урянхай өлкесінде болған Ф. Кон

өзінің есебінде жазып кеткен. Бұл ғұрыпты сойоттарда «уджа» деп атаған, яғни бөлісу деген мағынаны білдірген (Кон, 1903: 151). Бұл алтайлықтар мен тувалықтарда кездескен (Токарев, 1936: 24).

Қарастырылған барлық аңшылық әдет-ғұрыптарға ортақ белгі – аңшы ұсталған аңды қасындағы басқа адамға беруі. Келген адамға тек еркек аңды және ең үлкен адамға беруінің себебі, еркек аң көптеген халықтарда күштің, шыдамдылықтың, ептіліктің бейнесі болғандықтан, еркек аңды беруі – сол адамға тек осындай қасиеттерді тілеу болған сияқты. Ал екінші жағдайда, қазақтарда ертеден қалыптасқан жасы үлкен адамға деген құрмет белгісі. Барлық жағдайда да, басты мақсат территориялық шекаралар жиі-жиі өзгеріске түсіп отырған жағдайдағы, көшпелі рулар арасындағы бейбіт қатынасты сақтау болған сияқты. Бұған дәлел ретінде тағы да Д. Андренің жазып кеткенін келтіруге болады. Онда: «әрбір қазақ аңшылық кәсіппен айналысуға немесе руына қарамастан қай жерде аңшылықпен айналысқысы келсе, сол жерде айналысуға құқығы бар. Бір сөзбен айтқанда, дала ортақ жер болғандықтан, ондағы аңдар мен құстар да ортақ», – дейді (Материалы..., 1996: 147-148).

Дерек берушілердің айтуы бойынша, негізгі аңға қосатын өте жүйрік итті «құмай тазы» деп атайтын. Аңыз бойынша, құмай тазыны сары ала қаздың жұмыртқасынан пайда болған дейді. Сары ала қаздың өзі адамнан азып шыққан, ертеде адам болған, ол зиратқа ұя салады. Аңшылар ешқашан сарыала қазды атпайды, оған әйел адамға сияқты айлығы келеді екен (I, II).

Сондай-ақ аңшылар аққу сияқты киелі аң-құсты, бір жерден екінші жерге қоныс аударып бара жатқан аңдарды, ұйықтап жатқан аңды, шағылыстағы аңды, буаз аңды ешқашан атпайды. «Иттің де иесі бар, қасқырдың да киесі бар» деген мақал осыған байланысты шықса керек (III).

Шілікті (Зайсан) өңірінде өмір сүрген Қалибай деген аңшы ақсақал ешуақытта итінің көзінше түлкісін ешкімге бермеген, тек иті жоқта ғана берген. Себебі, «ит иесі үшін аулайды» деген мақал бар (IV, V).

Ең алғаш атқан аңның қанына мылтықтың ауызын қандайды. Бұл аңшылық жақсы жүруі үшін жасалатын ырым. Ең алғаш атып алынған аңды ешкімге бермейді (VI, VII).

«Басын аңшылықтан бастап байып кеткендер әр жерде кезігеді. Соның бірі

Шығыс Қазақстандағы Көкпекті өзенінен өтіп Қалба өзенін жайлайтын Жанан ұлы Бұланның дәулеті аса жүйрік, көзіне көрінгенді жібермейтін Құмай атты қызыл тазысы алған түлкіден құралыпты. Аңнан түскен малды саудаға сап, сол арқылы ақырында керемет байыған. Саудасын Сыбан руынан шыққан Жұрынбайұлы Қуаныш деген жас жігітке басқартқан. Оған Ханыша деген қызын берген. Қуаныш өзі де байып, қажыға да барған», – дейді Семейде тұратын Бұланның ұрпағы 63 жастағы Молдаханов Сайлау (VIII).

Бұланның жылқысының көптігі сонша Көкпекті өзеніне түскенде, аяғындағы ел су ала алмай қалады екен деп аңыз қылады осы күнге дейін ауыл адамдары.

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қызылкесік ауылында тұратын 65 жастағы Нұрғазин Ғазез бен 73 жастағы Хасенов Асқарғалидың (IX, X) айтуы бойынша 1920 жылдары руы қыржы Саянұлы Шөшекбай ақсақалдың Көк итінің даңқы шықты. Қияқ бітімді арлан көк тазы көзіне көрінген түлкіні жіберген емес, қасқыр да алған. Көк иттің даңқын естіген алыс-жақын жерлерден, тіпті Қытайдан (Шәуешектен) «сат» деп, қолқа салып келгендер де көп болыпты. Бір жылы таудағы Қарғыба жақтың бір топ аңшылары сәлем айтып, «бір түлкі қыс бойы бірде-бір итімізге алдырмайды. Түнде кеп бір қараған шұбарға түнейді. Сол түлкіге көк ит қана жетуі мүмкін, келсін», – депті. Шөшекбай барған соң аңшылар алакеуімде жиылып, түлкі түнейтін дағдылы жерге келеді. Қараған шұбардың ішінен қаша жөнелген түлкіні көк ит көп ұзатпай қуып жетіп бір-ақ басыпты.

Зайсанға таяу Шорғада Сарымбай ұлы Жігітек өзі әнші, ақын, сері жігіт болған. Қыран бүркіт, қаршыға, жүйрік тазы ұстап аңшылықпен де, саятшылықпен де шұғылданыпты. Жігітектің туған қызы, Өскеменнен 14 шақырым жерде Горняк ауылында тұратын 64 жастағы Кәметайдың (XI) айтуы бойынша, ол кісінің Аққұс атты иті жылына 70-80 нен кем түлкі алмаған, аңсырағанда өз бетімен кетіп, түлкіні өлтіріп тастап келіп отырады екен. Аққұс үйіне жетпей (жасқа толмай) арқар алыпты. Бір күні Жігітек мылтық алып құс атпақ болып шығады. «Сайда бір арқардың ешкісін көріпті де, арқарды бір кезеңнен аса бере, қуып жеткен Аққұс бір тірсегінен ала түседі де бірге асып кетеді. Шауып шыға келсе, еркін жетіп алған ит тауды бөктерлетіп жарысып барады, өрлеу жер келсе,



бағана таудан асарда алған қылтадан алып сүйретіп жатып алады да, өрден шыққан соң келесі өрге шейін жарысып, өрге қарай әлгіні тағы қайталайды. Үздіксіз осыны қайталаған соң 3-4 шақырымнан кейін арқардың бір аяғы мүлдем салбырап қалады. Тағы да бір өрде бір үлкен тастан аттай берген арқардың жаралы аяғынан алып екі аяғын тасқа тіреп тартқанда, арқар тырп ете алмай бықылдап тұрып қапты. Әкем аттан түсе сап, арқарды түрегеп тұрған беті бауыздапты. Әкемнен естіген ел күшік иттің ақылды айлалығына таң қалыпты», – дейді Кәметей Жігітекқызы.

Аң аулаудың тағы бір түрі – аңға құс салу. Аңға бүркіт, қаршыға, сұңқар сияқты құстарды салды. Кезінде бұл құстардың бағасы да жоғары болған. Мысалы, үйретілген бүркітке 200-300 рубль ақша төлесе, ал сұңқар, лашын үшін 100-150 рубль төлейтін (Потанин, 1875: 46) немесе жақсы бүркіт 5-6 түйенің құнына тұратын болған екен (Подворков, 1894: 21).

Дерек берушілердің айтуы бойынша, бүркітті ұстау үшін бұрын қытай жақтан әкелінген өте жарық жанатын шам болған екен. Сол шамды бүркітке тура түсіргенде қатты жарықтан бүркіттің көзі көрмей қалады екен. Сол кезде ақ боз аттың қылынан жасалған, аппақ жіңішке арқанды бүркітке тастап ұстайды. Ақ арқан да жарықпен бірге шағылысып бүркітке көрінбейді екен (ХІІ, ХІІІ).

Бүркітті ұстаудың тағы бір түрі – тор құру. Төрт жағынан тартылған тордың ортасына қоян немесе құс салынып қойылады. Оған түскен бүркіт торға оралып қалады (Руденко, 1930: 26).

Шығыс Қазақстандағы Тарбағатай елінде Тінейдің Сарықұсы туралы аңыз бар. Ойшілік ауылында тұратын Нұрышұлы Кеңесжан (ХІV) былай дейді: «Тінейдің Сарықұсы аң атаулыдан дым қоймаса керек. Әбден аңсыраған Сарықұс аспанға көтерілгенде көзіне түк көрінбеген соң, айналып кеп Тінейдің өзіне түсіпті». «Ит иесі үшін, бүркіт тамағы үшін» деген мақал осындайдан шықса керек. Ойшілік ауылының батысқа қарай бір шақырымдай жердегі төбенің үстіндегі жалғыз ескі зиратты жергілікті тұрғындар сол аңыздағы Тінейдің зираты дейтін көрінеді. Тіпті Тіней мен оның Сарықұсы туралы Жетісу қазақтарына белгілі болған, олардың арасынан «Тінейдегі қасиет ұялас екен Сарықұспен, Шорадағы қасиет тілдес екен бар құспен» деген мақалды жиі естуге болады (Байғабатова, 2004: 86).

Ақжар жақта Қыдырмолда деген болыс болған. Ол салбурынға шығып тұрған.

Салбурын дегеніміз – арнайы көшіп барып, аң қызығына түсу. Салбурын қыстың алғашқы айларында, қаңтардың аяғына дейін созылған (ХV).

Бүркіт, қаршыға, сұңқарларды суда жүзетін үйрек, қаз сияқты құстарға сирек салатын, себебі, құстарға түсіп үйренген бүркіт, қаршыға, сұңқарлар аңға түсуді қойып кетеді деп есептелді.

Шығыс Қазақстандағы Үржар өңірінің дерек берушілері де аңшылықтың да ежелден келе жатқан кәсіп екенін айтты. Үржар ауданындағы Көкталда Тумадан тараған Арынғазы деген мерген кісі болған, тазы ұстап, аңшылықпен айналысқан. Тарбағатай тауындағы қасқыр, түлкіні көп аулаған. Мақаншы жерінде белгілі Ахмер деген аңшы болған. Құмай тазылармен талай аңдарды ұстаған (ХVІ).

Ахмер аңшы туралы оның баласы: «Әкем Ахмер Ахметбекұлы керемет аңшы болған. Серілік құрып, аңшылыққа шығып, салт атпен түлкі аулаған. Анам таңғы сағат төртте тұрып әкемді аңға шығуға дайындайтын. Осы жердегі ең жүйрік ат сол кісінікі болды, атын бәйгеге қосатын. Аңшылықты жас кезінен кәсіп қылған. Бірнеше ат арбалары болған, саудамен айналысқан. Аягөзбен Мақаншы аудандарының ортасында екі аралықта темір-тесек апарып, ол жақтан тәтті, қант-шай алып келеді екен. Жылқыда маңқа деген ауру болады. Сонымен қатар, сол ауруларды да емдейтін (ХVІІ).

Ол кісі аңшылыққа шыққанда аңды қазақтың дәстүрлі тазыларымен, қақпан құрып, мылтықпен және сойылмен ұрып алатын. Қақпан құрғанда міндетті түрде қасқыр, түлкі түсетін, кейде мылтықпен атып ұстайтын. Мылтықтың оғын дайындайтын, аңдардың терісін бүлдірмей аяғын ғана жарақаттайтын. Астындағы жүйрік атымен сойылмен ұрып, бір күнде бес қасқырға дейін соғып алатын. Тазыларына өте ұқыпты қарады, тазылары бұрынғы құмай тазылар. Ахмер аңшының тазыларын басқа аудандарға да сұрап алып жүрді.

Бұрын ертеректе Ұшар деген тазысы болды. Жүні қара тықыр, екі құлағы шашақты жібектей, бойшаң еді. Аңға кейде аңшының өзі шықпаса, тазының өзі шығып кететін. Бір күні иттің өзі барып түлкі алып келе жатқан жерінен біреу атып жіберіпті, содан әкем қатты ызаланып ренжіген еді. Үйге келіп тазысы екеуі бір-бірімен қоштасып жылап, иті ұлыған

болатын. Қазір осы ауданның аңға шығатын иттерінің бәрі тіркеуде тұрады.

Иттің бір жақсы жерлері иелеріне өте адал болып келеді. Тағы бір «Сарықұс» деген сары тазысы болды. Тегі таза, Эльба деген тазысы болды. Аяғы бұйра жүнді, өте сұлу еді, екі құлағы ұзын салбырап тұратын. Оны бір орыстың офицері тарту еткен. Өте шапшаң еді. Санынан тартып Эльба екеуі бірге сілеусін ұстаған, бірақ өлтіруге болмайтын аң болғандықтан жаралы күйінде тастап кеткен.

Аңшылыққа қансонарда таңғы бестерде шығады, ауылдың аңшылықпен шұғылданатын басқа да жігіттері қосылады, атты ерттеп жатқанда, әкемнің кететінін біліп сары ит те шығады, жүні тықыр, сосын ит өзін-өзі дайындайды, ары-бері жүгіреді, қардың астына кіріп, секіріп денесін қыздырады. Оған майсыз ащы құртты езіп береді. Шикі тамақ берген емес, әрқашанда итке арнап тамақ пісіріледі. Қара көжеге дайындап құрт қосады. Итке майлы тамақ бермейтін. «Иттің ішіне сары май жақпайды» деген содан қалған шығар. Содан кешкі сағат төрт-бес шамасында 4 шақырым бұрын иті көрініп, үйге иті бұрын келеді. Иттің аяғына мұз қатып қалады, соны жалап мұзын ерітеді, үйге кіреді. Енді бір қызығы, тазымыз қасқыр ауласа, үйге кіре сала жылы пештің артына барып жататын, ал тұлкі, т.б. аңды алса, үйге кіріп бұрышқа барып жатады. Содан әкеміздің не ұстағанын білетінбіз. Итті «жол болмайды» деп қоянға салмайды. Қақпан құрып күзен ұстайтын. Сасық күзен көктемде иіс шығарады. Ит соның иісін сезіп тұмсығын жоғары көтеріп жатып алады. Иттер өте иісшіл болады, қасқырдың, тұлкінің іздерін қайда кетіп бара жатқанын иіскеп, сезіп артына түседі. Оны иті болмаса, аңшы білмейді. Әкеміз қасқыр қуғанды жақсы көруші еді. Сойылмен ұрарда аттардың да аңшылыққа жарайтыны болады. Себебі, қасқырға жақындағанда ат қасқырдан қорқып жақындамайды екен. Ал мылтықты көздеп атпайтын, шауып келе жатып қолын кеудесіне таман апарып қатарластырып ата беретін. Шабатын, қарғитын аттар да болу керек. Қазақтарда қасқырлардың көбеюін «қыналай» дейді. Әкем 75 жасқа келгенде қайтыс болды, сол уақытқа дейін аңшылықпен айналысты. Бесатар мылтығымен таудан аюды да ұстаған. Тарбағатайда аю, сілеусін аулаған. Бірақ елікті атпайтын. Ол кісі ешқашан ас қып жейтін аңдарды ауламайтын. Тек қана жыртқыштарды ғана ұстаған. Эльба тазысы әбден қартайып өлді. Қартайғанда аңның

артына түсе алмады, үйде қалатын. Бірақ қыстың суығында ауыл маңына тамақ іздеп келген қасқыр, тұлкіні ұстап әкелетін. Негізі иттер аңдарды жарып жемейді, мылжалап қоя салады, «Ит иесі үшін, бүркіт өзі үшін» деген мақал содан шыққан. Ертеде терілерден ішіктер тігіп, саудада айырбастаса, кейін үкіметке өткізіп отырған. Тазының ең көп өмір сүргені он бес жыл. Тазылары өлгенде оларды кәдімгідей жерлеп, қайғырып жүреді. Тазыларды ауылдағы кішкентай кәнден иттермен қосып, көбейтіп отырған. Иттер де қожайындарына өте берік. Әкем өлгенде сары тазысы әкемді жоқтап, табалдырыққа жатып алып кетпей қойды».

Қытайдан келген Дана деген ақсақал бүркіт ұстаған. Қақпан салып, аңға шыққан. Аңшының құралдарына шоқпар жатады, ол қысқа, басы домалақ, ауырлау болып келеді. Сойыл ұзындау келеді, екеуі де мықты ағаштан жасалады. Аттың тұяғының ортасына тұяқ өсіп кетеді, соны тазалап отырады (XVIII).

Арынғазы аңшы туралы оның қарындасы Күлпән былай дейді: «Арынғазы аға денелі, ұзын бойлы, екі иығына екі кісі отырғандай кесек еді. Өзі аңшы, балықшы болған кісі. Домбырада керемет ойнаған. Сері деп те айтуға болады, астындағы сұлу ат, ерткені құмай тазылар болған. Атқа қонғанда «Қабанбайдың аруағы қолдай гөр» деп мінетін. Көңілді, әңгімешіл адам болатын. Әрбір аңға барып келгені бір әңгіме болатын, аңшылардың аздап өтірік қосып сөйлейтіні де болған. Арынғазы аға құжаты бар кәсіпқой аңшы. Тазылардың да куәлігі бар, Лашын, Құмарлан атты тазыларының кәдімгі құжаттары бар болған. Олардың аңшылық еңбегі арқылы тұрмысымыз да жаман болған жоқ. Әрине, тазылардың арқасында. Тазыларды кереметтей баптаушы еді, өздерімен аң аулағанда ғана емес, жолаушы жүрсе де ертіп жүреді. Тазы атаулы үйшіктен гөрі иесімен бірге болуды қалаған. Олардың бұл қасиетін түсінген иелері тазыны көбіне үйде ұстаған. Біздің тазылар да сондай еді. Өзіміздің үй тұрмақ жолаушы барып түстенген немесе қонған үйлер Арынғазы ағаны құрметтеп жатқанын байқаса, сол үйге қоса кіріп ағаның артына жатып алатын, тырналап тамақ сұрайтын, «иесін сыйласаң итіне тамақ сал» деген сөз осындайдан шыққан. Тазылар өте таза еді. Олардың жүні тақыр болғандықтан болар, құлағымен құйрығының жүндері мап-майда болып салбырап тұратын. Тазылар далаға өздері шығады және үйде



үнемі жатпайды, кәдімгі жанұяның бір мүшесі сияқты кіріп-шығып жүреді. Көрпе салған сырмақтың үстіне жатады.

Арынғазы ағамның арнайы қақпандары болды, көлемі шәй кесенің мөлшеріндей. Бір күні барып қақпанды құрып келеді. Келесі күні қақпанға түскен ондатраларды жинайды. Өлмей аяғынан түсіп қалып, тірі тұрғандарын өлтіру өте аянышты деп келетін. Ұрып өлтірерде алдыңғы аяқтарымен бетін басып, шыңғырғанда жаның түршігеді дейді. Шешелеріміз көмектесіп, оларды жабылып сояды. Терісін арнаулы кергішке кереді. Түлкілердің кергіші бөлек. Ондатраның терісін сыпырып жатқанда тері мен еттің арасында бір күлімсі исі болады. Базар атамның Сырттан деген тазысы болды, талай қабан, түлкі, қасқыр, қояндар алды. Сонымен қатар, аталарымыздың тамаша аттары мен биелері болды. Базар атамның биелері бұрын қара, Арынғазы ағамның аттары күрең, жирен болып келетін. Бірақ құс ұстаған емес. «Тұйғынды салмай, тазы сал, тазыны салған тапқан мал» деген қазақ мақалын шындап ұстаса керек. Тазылары арқылы мал тапқаны да рас. Олардың аңшылық еңбегі арқылы тұрмысымыз да жаман болған жоқ. Арынғазы тазыларын өте жақсы көретін, баласындай мәпелеп, басынан құс ұшырмайтын, әсіресе Лашын мен Құмарлан

деген иттерін ерекше көретін. Ол кісінің Лашын, Құмарланмен аулаған түлкілеріне сан жоқ. Аға аңға аттанар күні тазыларына сойылған түлкінің етін асып жегізетін. Таңғы алғашқы тауық шақырғанда, тазыларымен аңға кететін, кешке міндетті түрде олжамен оралатын. Қараша, желтоқсанда алғашқы қар жауғандағы қансонарда түлкі аулауға шығады. Ол кісі бүркітпен аулаған жоқ. Бүркітті Тарбағатай тауының маңындағылар ұстады. Алакөлдің маңайында борсық аулайтын. Біз жақта қыс өте суық, сондықтан борсықтың терісін ұқыпты етіп алып, кептіріп, ішіндегі майын шыжғырып қояды. Борсық майының күлімсі исі болады, алайда көп ауруға бірден-бір ем. Әсіресе, жөтелге өте жақсы ем. Ауылдағы ер адамдарға көбінесе иленген түлкі терісінен тымақ тігетін. Түлкінің пұшпағын жинап, жас балаларға ішік тігетін (XVII).

Сонымен аңшылықтың қазақтар үшін көңіл көтерумен қатар бірнеше пайдалы жақтары болды. Біріншіден, осы кәсіп арқылы қазақтар етін тағамға пайдаланып, терісін алды; екіншіден, малға зиян келтіретін жыртқыш аңдардың көзін жойса; үшіншіден, аңшылық арқылы келген аң терілері, орыс-қазақ саудасының бас кезінен-ақ, сауда-саттық тауарына айналды. Сондықтан да аңшылық негізгі қосалқы кәсіптің біріне жатады.

Дерек берушілер

1. Разова Гүлбаран. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1919 ж.т., руы – дәулетбай.
2. Қисамғалиева Батира. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1928 ж.т., руы – есімбек.
3. Әбітаев Аңсаған. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1930 ж.т., руы – дәулетбай.
4. Жакепаев Калимулла. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1936 ж.т., руы – қожан.
5. Сүбебаев Құдайберген. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Қызылкесік ауылы, 1920 ж.т., руы – мырзас.
6. Әлібаева Шәмшән. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Асусай ауылы, 1939 ж.т., руы – бұрымбет.
7. Қабдолла ұлы Молдахан. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, 1925 ж.т., руы – мырзас.
8. Мұхамедиев Болат. ШҚО. Үржар ауданы, Мақаншы ауылы, 1936 ж.т., руы – қыржы.
9. Жармұқанбетова Ғайни. ШҚО. Үржар ауданы, Мақаншы ауылы, 1934 ж.т., руы – арғын.
10. Маукебаев Төлеубай. ШҚО. Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, 1913 ж.т., руы – төртуыл.
11. Нұрсафина Айша. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Асусай ауылы, 1962 ж.т., руы – сайболат.
12. Бөкебаев Оралбек. ШҚО. Зайсан ауданы, Теректі ауылы, 1945 ж.т., руы – қожан.
13. Шыныбаев Мәуітхан. ШҚО. Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, 1955 ж.т., руы – қожан.
14. Қананиянов Төлеубек. ШҚО. Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, 1953 ж.т., руы – төртуыл.
15. Үмітбаев Мұқатай. ШҚО. Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, 1925 ж.т., руы – бұрымбет.
16. Тілеуберденова Ғайни. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1940 ж.т., руы – төртуыл.
17. Нұрышев Кеңесжан. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақмектеп ауылы, 1924 ж.т., руы – мырзас.
18. Ережепова Пәрзәнә. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1921 ж.т., руы – есенгелді.

Әдебиеттер

1. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
2. Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства // Записки ИРГО. – СПб., 1895. - Т.3. - С. 20-27.
3. Руденко С.И. Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки: Сборник статей. – Л., 1930. - Вып. XV. - С. 1-62.
4. Фиельстрүп Ф.А. Молочные продукты питания турков-кочевников // Казаки: Сборник статей. – Л., 1930. - Вып. XV. - С.71-85.
5. ҚР ОММ. 460-қор, І-тізбе, 10-іс, 25 п.
6. ҚР ОММ. 4-қор, І-тізбе, 2380-іс, 32-41 пп.
7. Карлов В.В. Эвенки в XVIII-нач. ХХ в. – М.: Изд-во МГУ, 1982. - 160 с.
8. Токарев С.А. Докapиталистические пережитки в Ойротии. – М.-Л.: ОГИЗ Соцэкгиз, 1936. – 155 с.
9. Кон Ф. Предварительный отчет по экспедиции в Урянхайскую землю // Известия Восточно Сибирского отдела ИРГО. – 1903. - №1. - С. 56-64.
10. Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 208 с.
11. Потанин Г. О рукописи капитана Андреева о средней киргизской орде, писанный 1775 г // Географические известия. – СПб., 1875. - Т.11. - С. 45-47.
12. Подворков А. Народы России. Образ жизни, праздники и обряды. – СПб, 1894. – 233 б.
13. Байгабатова Н.К. Казахи Жетысу во второй половине ХІХ-начале ХХ вв. (историко-этнографическое исследование): Дис. канд. ист. наук. – Алматы, 2004. – 164 с.

References

1. Bekmahanov E. Qazaqstan HİH ғ. 20-40 jıldarynda. – Almaty: Sanat, 1994. - 416 b.
2. Kolmogorov G. O promyshlennosti i torgovle v kirgizskih stepáh Sibirskogo vedomstva // Zapiski IRGO. – SPb., 1895. - T.3. - S. 20-27.
3. Rýdenko S.I. Ocherk byta severo-vostochnyh kazakov // Kazaki: Sbornik statei. – L., 1930. - Vyp. HV. - S. 1-62.
4. Fielstrýp F.A. Molochnye prodýkty pitania týrkov-kochevnikov // Kazaki: Sbornik statei. – L., 1930. - Vyp. HV. - S.71-85.
5. QR OMM. 460-qor, İ-tizbe, 10-is, 25 p.
6. QR OMM. 4-qor, İ-tizbe, 2380-is, 32-41 pp.
7. Karlov V.V. Evenki v XVIII-nach. HH v. – M.: Izd-vo MGÝ, 1982. – 160 s.
8. Tokarev S.A. Dokapitalisticheskie perejtki v Oirotii. – M.-L.: OGIZ Sosekgiz, 1936. – 155 s.
9. Kon F. Predvaritelnyı ochet po ekspedisiı v Ýránhaiskýıy zemlú // Izvestia Vostochno Sibirskogo otdela IRGO. - 1903. - №1. - S. 56-64.
10. Materialy po kazahskomý obychnomý pravý. – Almaty: Jeti jarý, 1996. - 208 s.
11. Potanin G. O rýkopısı kapitana Andreeva o srednei kirgizskoi orde, pisannyı 1775 g // Geograficheskie izvestia. - SPb., 1875. - T.11. - S. 45-47.
12. Podvorkov A. Narody Rossii. Obraz jizni, prazdniki i obrády. – SPb, 1894. – 233 b.
13. Baigabatova N.K. Kazahı Jetysý vo vtoroi polovine HİH-nachale HH vv. (istoriko-etnograficheskoe issledovanie): Dis. kand. ist. naýk. – Almaty, 2004. – 164 s.

Егізбаева М.Қ.

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби

г. Алматы, Казахстан

e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

ТРАДИЦИОННАЯ ОХОТА В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ В ХІХ-ХХ вв.

Охота издавна была одним из основных вспомогательных промыслов для казахов. Наряду с развитием общества менялись и способы и назначение охоты, развивались виды охотничьего искусства, охота, наряду с развлечениями, становилась одной из подсобных профессий в хозяйстве. Профессиональная охота использовалась для использования продуктов животного

происхождения (мясо, жир, шерсть, кожа, кости, пух, перо и др.). С одной стороны, это осуществлялось с целью сохранения естественного баланса, уменьшая количество опасных, вредных или чрезмерно размножающихся животных. Большая часть населения редко занималась охотой. Богатые казахи выходили на охоту для развлечения, а для обедневшей части страны



охота была источником средств к существованию. Кроме того, особенности охотничьего промысла тесно связаны и со спецификой степной природы. Степная и лесостепная природная среда, занимающая большую часть территории современного Казахстана, разнообразна и изобилует дикими животными и птицами, представляющими давний интерес в охотничьих профессиях. Особенно эта ситуация характерна в основном для восточных и юго-восточных регионов страны. Большое влияние на развитие охоты у казахского народа оказало наличие огнестрельного оружия, развилось ценное меховое ремесло.

В статье анализируются записи исследователей казахской земли, архивные материалы и труды ученых, проводящих исследования в рамках данной темы. В традиционном казахском

обществе существовали охотничьи правила, регулирующие отношения между людьми во время охоты, и эти правила строго соблюдались. В статье также проанализированы интересные факты, касающиеся священных зверей, и обычаи, связанные с охотой. В казахском народе встречаются различные обычаи, связанные с охотой. Отмечается, что обычаи, связанные с такой охотой, встречаются и у других народов, занимающихся охотой, проведен сравнительный анализ. В статье приводятся данные и поставщики, а также ранжирована научная литература, рассказывается о том, как при строительстве птицы на охоте использовались такие птицы, как орел, ястреб, Сокол и способы охоты на зверя с собакой.

Ключевые слова: Этнос, нация, этнография, охота, традиции, жилища, одежда, пища.

Yegizbayeva M.K.

Associate professor of al-Farabi Kazakh national university,
Department of Archeology, ethnology and museology
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

TRADITIONAL HUNTING IN EAST KAZAKHSTAN OF THE XIX-EARLY XX CENTURIES

Hunting has long been one of the main additional professions for Kazakhs. Along with the development of society, the ways and purpose of hunting changed, various types of hunting art developed, and hunting, along with Entertainment, became one of the additional professions in the farm. Professional hunting was used to use animal products (meat, fat, wool, skin, bones, fluff, feathers, etc.). Its purpose was also to kill dangerous, harmful or overpopulated animals. For the impoverished part of the Kazakhs, hunting was the main occupation. A large part of the population was rarely engaged in hunting. For wealthy Kazakhs, hunting was a form of entertainment. In addition, the peculiarities of the hunting profession were also associated with the peculiarities of the steppe nature. The steppe and forest-steppe natural environment, which occupies most of the territory of modern Kazakhstan, is full of animals that have long been of interest in the hunting industry. Especially this situation is typical mainly for the eastern and south-eastern regions of the country. The presence

of firearms had a great impact on the development of hunting in the Kazakh people, and the valuable fur industry developed.

The article analyzes the records of researchers who have visited the Kazakh land, archival materials and works of scientists who conducted research on this topic. In traditional Kazakh society, there were hunting rules that regulated relations between people during hunting, and these rules were strictly observed. The article also highlights interesting facts about sacred animals and customs related to hunting. The Kazakh people also have different customs related to hunting. It is noted that such hunting customs are found in other peoples engaged in hunting, and a comparative analysis is carried out. The article also provides information on the sources, along with the scientific literature, analyzes the use of such birds as golden eagles, hawks, falcons in hunting, and discusses the methods of hunting with dogs.

Keywords: Ethnicity, Nation, ethnography, hunting, customs, rituals, housing, clothing, food.

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР / ИСПОЛНИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО

<https://doi.org/10.47500/2022.v11.i3.06>

МРНТИ: 18.41.51

Шегебаев П.

Казахский национальный университет искусств

Астана, Казахстан

e-mail: pshegebayev@mail.ru

ОБ ЕДИНСТВЕ ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ НАРОДНОГО МУЗЫКАНТА И СТИЛЕВЫХ СВОЙСТВ ЕГО МУЗЫКИ (на примере Курмангазы)

В статье обосновывается тезис о том, что в музыке устной культуры понятие «самовыражение композитора» намного теснее и органичнее, чем в музыке письменной традиции. Данный тезис раскрывается на примере творчества одного из выдающихся представителей западно-казахстанского домбрового искусства – Курмангазы Сагырбаева (1818-1889). Выбор личности Курмангазы объясняется тем, что с его именем связаны самые выдающиеся достижения традиционной инструментальной музыки казахов. Не случайно его называют «отцом кюев» (*күй атасы*), этим подчеркивается исключительно важная роль его творчества в истории национальной музыкальной культуры. Характерные особенности стиля Курмангазы настолько весомы и ярки, что они как бы просвечиваются сквозь все последующие наслоения.

Ключевые слова: устная музыкальная культура, кюйши, личность народного музыканта, стиль.

Введение

Казахи говорят: «Әр домбырашы өз мінезін тартады» (дословно: каждый домбрист исполняет свой характер). В этой поговорке заключена определенная доля истины. Как нам представляется, связь личностных качеств музыканта с особенностями стиля в устной музыкальной культуре намного теснее и органичнее, чем в музыке письменной традиции. Этот тезис мы намерены раскрыть на примере одного из выдающихся представителей западно-казахстанского

домбрового искусства – Курмангазы Сагырбаева (1818-1889). Выбор личности Курмангазы объясняется не только значимостью его творчества для казахстанского музыкального искусства, но и тем, что материалы, касающиеся его творческой биографии изучены более или менее (Жубанов, 1958; Жубанов, 2006; Аравин, 1978; Байкадамова, 1984; Савичев, 1868; Затаевич, 2002).

С именем Курмангазы связаны самые выдающиеся достижения традиционной инструментальной музыки казахов. Он известен как автор многих замечательных



произведений (кюев) для добры и непревзойденный их исполнитель. Благодаря ему домбровое искусство обогатилось новыми жанрами и уникальными исполнительскими приемами, значительно расширился образный круг и выразительные средства кюев. Все это вместе взятое составило яркое и самобытное стилевое ответвление западно-казахстанского домбрового искусства. Не случайно его называют «отцом кюев» (*күй атасы*), этим подчеркивается исключительно важная роль его творчества в истории национальной музыкальной культуры.

О высоком исполнительском мастерстве Курмангазы мы можем судить, опираясь лишь на косвенные данные, прежде всего на высказывания учеников и других очевидцев его игры. Отчасти о незаурядном исполнительском даровании Курмангазы свидетельствует сама его музыка. Конечно, нужно иметь в виду, что кюи Курмангазы дошли до нас в исполнении других домбристов, а значит они неизбежно должны были пройти через творческую редакцию этих исполнителей (так называемую «фольклорную обкатку»). Тем не менее, характерные особенности его стиля настолько весомы и ярки, что они как бы просвечиваются сквозь все последующие наслоения.

Основная часть

Чтобы понять и правильно оценить значение творчества Курмангазы, мы должны выяснить историческую обстановку, в которой жил и творил великий күйши. Основной период творчества Курмангазы приходится на середину XIX столетия. Это было время, когда в жизни казахского общества происходили бурные политические события. Кульминационным моментом этих событий стало народно-освободительное восстание под предводительством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова (1838 г.). Восстание было направлено против произвола царской администрации, с одной стороны, и экономического угнетения местных баев и феодалов, с другой. Народно-освободительное восстание было жестоко подавлено, но оно оставило глубокий след в сознании людей и способствовало подъему национального самосознания, которое получило выражение в различных формах народного творчества.

Курмангазы глубоко почитал и преклонялся перед памятью Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова. Известно, что күйши посвятил им не только свои инструментальные произведения («*Кішкентай*», «*Жалын*»), но и песни.

А.Жубанов в своей книге (Жубанов, 2006) пишет, что род Кызылкурт, представителем которого был Курмангазы, составлял одну из основных сил повстанческого отряда. Ученый делает предположение о том, что Курмангазы, с его непримиримым характером ко всякого рода несправедливостям, вряд ли мог оставаться в стороне. Об участии Курмангазы в народно-освободительном движении косвенно свидетельствует и высказывание самого күйши во время встречи с русским путешественником и писателем Н.Савичевым. От предложения Н.Савичева приехать в город Уральск и дать публичный концерт Курмангазы вежливо отказался, мотивируя тем, что власти могут оставить его там навсегда (то есть, намекая на то, что его могут арестовать).

Исследователи не раз отмечали автобиографичность кюев Курмангазы. Надо отметить, что эта особенность присуща не только творчеству Курмангазы. В той или иной мере автобиографичны песни и кюи и других народно-профессиональных музыкантов. Очевидно, что автобиографичность – это одно из неотъемлемых свойств устно-профессионального творчества. Так или иначе, в казахстанском этномузыкальном сложилась устойчивая традиция рассматривать содержание кюев в тесной связи с фактами биографии их авторов. Не оспаривая правомерность такого подхода к идейно-содержательному анализу кюев, хотелось бы указать на другую сторону этого вопроса, а именно – на взаимосвязь творчества и личности Курмангазы.

Можно с уверенностью утверждать, что понятие «самовыражение композитора» в музыке письменной традиции (где, как известно, между композитором и его музыкой находится опосредствующее звено – нотный текст) намного условнее, чем в импровизационной стихии устного творчества. Обусловлено это тем, что, в отличие от традиции устной музыкальной культуры, где автор и исполнитель чаще всего выступают в одном лице, а процесс создания произведения совпадает с первым его

публичным исполнением, в музыке письменной профессиональной традиции сочинение и исполнение произведения разделены по времени. В процессе сочинения композитор имеет возможность переделывать и улучшать свой замысел, а то и просто экспериментировать со звуковыми комплексами. Также известно, что исторически сложившаяся в Западной Европе система нотной записи, обладающая своими особыми «грамматическими», «синтаксическими» и «композиционными» правилами, способна оказывать определенное влияние на окончательное оформление нотного текста. Поэтому конечный результат композиторской работы не всегда может совпадать с его первоначальным замыслом¹.

В научной и художественной литературе можно найти немало свидетельств, раскрывающих те или иные черты характера Курмангазы и описание его внешности. Так, например, в 1956 году 94-летний аксакал Батыргали Колбаев рассказывал, что когда ему было 12-13 лет он видел Курмангазы (в это время они жили по соседству): «Курмангазы был человеком твердого характера. Его боялись баи, особенно его музыки. Но простой народ очень уважал его и любил его музыку. Густые брови закрывали его глаза» (Жубанов, 2006: 36). (Здесь и далее перевод автора данной статьи).

90-летний аксакал Ахмед Сейсенов также видел Курмангазы (аксакалу тогда было 12 лет, а Курмангазы – 55-60 лет). «Он был выше среднего роста, смуглый, с широкой скулой, глаза были слегка раскосые, нос с горбинкой, в профиль напоминал беркута. Имел длинные волосы, как у русского попа» (Жубанов, 2006: 29-30).

Приведенные свидетельства можно дополнить еще одной интересной характеристикой. Известно, что Курмангазы в народе называли «жалды» (дословно: с гривой). Об этом свидетельствует народный акын Ыбыр Досалиев. В молодости он в течение 10-ти лет сопровождал Курмангазы, учился у него игре на домбре и поэтическому искусству. В 1959 году во время открытия памятника великому кюйши 80-летний Ы.Досалиев выступил со словами:

*Сексенге келіп тұрмын аяқ басып,
Жасардым жастарменен араласып.
Ғажайып «Жалды атамның» ескерткішін,
Ақсақал, мен бастайын бетін ашып*
(Жубанов, 2006: 35).

*Достиг я 80-летнего возраста,
Среди молодежи обрел молодость.
Памятник необыкновенному «деду с гривой»,
Повольте мне, старику, открыть.*

Существует мнение о том, что Курмангазы действительно обладал особой отметиной на шее и спине. Например, в 1956 году 80-летний Жусуп Такенов рассказывал А.Жубанову о том, что видел в детстве густо покрытую волосами спину Курмангазы. Если даже допустить, что подобные утверждения являются результатом идеализации личности великого кюйши, данное прозвище дано ему не случайно. Достаточно вспомнить аналогичные выражения, связанные со спиной: «арқасы қозды» (буквально: спина нагрелась), «бұл жігіттің арқасы бар» (у этого джигита есть спина), в которых моменты творческого вдохновения музыкантов связываются именно со спиной.

В народе также существует выражение: «тегін адам таз болмайды» (буквально: нормальный, обыкновенный человек плешивым не бывает). В связи с этим можно вспомнить известного домбриста-кюйши Есбая, который имел прозвище «Таз бала» (Плешивый мальчик). Можно было допустить, что он действительно обладал таким физическим недостатком, но настораживают некоторые факты из его биографии. Вот что, в частности, пишет А.Затаевич: «С юности некрасивый, грязный, с паршами на голове (отсюда прозвище Есбая – Паршивый мальчик), он уходил в старые казахские могилы, в пересохшие колодцы и вообще – всюду, где только мог укрыться в голой степи, и там всецело отдавался игре на излюбленной им домбре, доводя свое искусство до степени, можно сказать, акробатического совершенства» (Затаевич, 2002: 356).

В данной цитате обращает на себя внимание упоминание могил и пересохших колодцев. Как известно, могила для казахов – самое святое место, это место, где возможно прямое общение с духами предков – аруахами.

¹ Можно вспомнить аналогичный случай: А.Пушкин, закончив свой роман в стихах «Евгений Онегин», был весьма удивлен, что его Татьяна вышла замуж.



Есбай, музыкальные способности которого даны ему «свыше», оттачивает свое мастерство на могиле, как бы получая тем самым поддержку своих предков-покровителей. Казахи верят: чтобы стать хорошим музыкантом нужно провести ночь с инструментом на могиле.

Во многих казахских (и не только казахских) сказках вода, река, колодец (вариант – пересохший колодец) выступают также местом, связывающим мир живых с миром мертвых, и потому потенциально опасным.

Иногда к прозвищу Курмангазы «жалды» добавляется слово «қара» (черный). В переносном смысле «қара» означает: 1) простой (например, выражение «қара қауым» – простой народ); 2) могучий, сильный, великий. Все эти значения слова «қара» по-разному дополняют облик Курмангазы. Интересно в связи с этим отметить, что домбрист-исследователь А.Токтаган, основываясь на эти данные, предполагает, что известный кюй Есбая «Жалды қара» посвящен не коню, как считалось раньше, а Курмангазы.

В существующей литературе о Курмангазы можно найти характеристики далеко неоднозначные. Впервые сведения о великом күйши оставил русский путешественник, друг Тараса Шевченко И.Савичев, который лично встречался с Курмангазы, слушал его игру. Вот что он пишет в своих заметках: «Е.Ф.Бородин сделал мне большое удовольствие, познакомив меня с Курман-Гузы Сагирбаевым, первым артистом в игре на балалайке (т.е. домбре – П.Ш.), знаменитым по всей Букеевской Орде. Это мужчина среднего роста и лет, с добродушным и умным лицом, одет небогато, небедно, в татарском вкусе. Он недолго заставил просить себя и снял со стены домбру... Я еще на первых порах был удивлен, а после поражен его игрой... Он сам очень сочувствует своей игре, увлекается до экстаза и в это время жесты правой руки принимают разнообразные игровые движения, они размашисто-грациозны, но не манерны... Словом, Сагирбаев – редкая музыкальная душа, и получи он европейское образование, то был бы в музыкальном мире звездой первой величины» (Казахский музыкальный фольклор, 1982: 17-18).

Совершенно иную характеристику находим в книге А.Затаевича: «Курмангазы был налетчиком и грабителем романтического

склада, и вообще – «сорвиголовой». Не жил дома, а вечно в посяках приключений разъезжал верхом с домброй за плечами. У него были такие короткие пальцы, играть коими на щипковом инструменте, казалось бы, было очень затруднительно, тем не менее, он был выдающимся виртуозом и, кроме того, прославился как автор многих прекрасных кюев...» (Затаевич, 2002: 309).

В другом месте книги в связи с кюем «Кісен ашқан» (Снятие кандалов) А.Затаевич пишет: «Этот маленький күй сочинен домбристом Курмангазы по выходе из тюрьмы, куда ему не раз приходилось заглядывать в результате своей деятельности налетчика и грабителя. Можно было бы даже подумать, что он настолько свылся с этим негостеприимным убежищем, что для расставания с ним у него нашлись те трогательные нотки, которые слышатся в типично казахской мелодике его «Снятых кандалов». Действительно, с общечеловеческой точки зрения, для такого события и для такой темы нужно было бы ожидать не печали и уныния, а совершенно наоборот – бодрых, радостных красок, обрисовывающих ликование человека, возвращающегося к столь излюбленной им свободе действий.

Или же бедный Курмангазы, этот запоздалый романтик уголовного пошиба, действительно так поистомился в тюрьме, что его не порадовало и освобождение» (Затаевич, 2002: 313).

Сейчас уже нет возможности выяснить, от кого именно получены эти сведения, но для нас важнее то, что, несмотря на столь нелестные отзывы, А.Затаевич все же признает Курмангазы как выдающегося домбриста-күйши².

² Возможно, причины такой характеристики Курмангазы заключаются в следующем. 20-30-е годы XX века – это время насильственной коллективизации, когда у зажиточной части населения отбирали скот и имущество, а непокорных отправляли в тюрьму или ссылку. В такой обстановке казахи с недоверием относились к представителям иной национальности. Именно в эти годы А.Затаевич осуществлял свои музыкально-этнографические экспедиции по областям Казахстана. Вполне возможно, что некоторые респонденты, чтобы как-то угодить «представителю из центра», выдали такую «официальную» информацию.

Для выявления индивидуального своебразия творчества любого народно-профессионального музыканта мы должны, в первую очередь, разграничить в структуре его произведения традиционные элементы от индивидуально-особенных, и определить роль и значение тех и других в системе художественного целого. Можно также сравнить его с творчеством других представителей народного искусства. Именно в таких сравнениях ярче всего проступают индивидуальные черты традиционного музыканта. В этом смысле Курмангазы логичнее сравнить с его современником Даулеткереем.

Курмангазы, как известно, – активный деятель, бунтарь в жизни и в искусстве, Даулеткерей же – представитель лирико-психологического направления домбрового искусства. Кюи Курмангазы действенны, динамичны, их содержание направлено на внешнюю социальную действительность, это как бы большие полотна, созданные крупными мазками художника. Произведения Даулеткереев, напротив, обращены во внутренний мир человека, в мир человеческих эмоций и переживаний. Для него характерна тонкая психологическая разработка образов, отсюда особое внимание к интонационным деталям музыки. Этим же объясняется регистровая ограниченность кюев Даулеткереев (они, как правило, не выходят за пределы первой саги) и сдержанная, собранная штриховая техника, называемая «*төре*» («аристократический») *қағыс*. Кюям Курмангазы, напротив, присущи размашистые исполнительские движения правой руки («*қара қағыс*», «*тентек қағыс*»).

Напряженная динамика развития музыки в кюях Курмангазы приводит к использованию всего звукового ряда домбры, которая иногда даже

«перехлестывает» за пределы последнего ладка (*перне*) (кюй «*Сары-арқа*»). Кюи Курмангазы рассчитаны на активное сопереживание, деятельное соучастие, музыка же Даулеткереев ориентирована на тонкое эмоциональное восприятие.

Заклучение

Итак, мы можем утверждать, что выражение «Каждый домбрист исполняет свой характер» достаточно однозначно передает суть рассматриваемого нами вопроса – единство личностных качеств народно-профессионального музыканта и стилевых свойств его музыки. Для подтверждения данного тезиса мы обратились к личности и творческому облику Курмангазы. Чтобы наглядно и более выпукло представить индивидуальные черты кюйши мы для сравнения обратились к творческой индивидуальности Даулеткереев.

В существующей литературе облик Курмангазы представлен как бунтарь в жизни и искусстве. В традиции кюев токпе противоположное ему направление представляет аристократический стиль Даулеткереев. Сравнение личностных качеств и художественных устремлений этих двух кюйши позволяет утверждать: для правильного понимания и верной оценки музыки народно-профессиональных композиторов мы должны яснее представить их индивидуально-личностные качества, и наоборот. Ведь не случайно мы воспринимаем Курмангазы как человека активного, мужественного, деятельного, а Даулеткереев – больше как утонченного лирика. Этим нашим представлениям способствуют не только личностные характеристики, но прежде всего их музыка.



Литература

1. Аравин П.В. Степные созвездия. Очерки и этюды о казахской музыке. – Алма-Ата, 1978. – 184 с.
2. Байкадамова Б.Б. Функциональные основы темообразования в казахской домбровой музыке (на примере кюев Курмангазы). Автореф. канд. дисс. – Ташкент, 1984. – 26 с.
3. Жубанов А. Струны столетий. – Алма-Ата, 1958.
4. Жубанов А. Құрманғазы. – Алматы: «Өлке», 2006. – 368 с.
5. Затаевич А. 500 казахских песен и кюев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 378 с.
6. Казахский музыкальный фольклор. – Алма-Ата: «Наука», 1982.
7. Савичев Н.Ф. От Кармановского форпоста до Глининского // Уральские войсковые ведомости, Уральск, № 44, 1868; См. также в кн.: Казахский музыкальный фольклор. – Алма-Ата: «Наука», 1982.

References

1. Aravin P.V. Stepnye sozvezdia. Ocherki i etudy o kazahskoi muzyke. – Alma-Ata, 1978. – 184 s.
2. Baikadamova B.B. Fynksionalnye osnovy temoobrazovaniya v kazahskoi dombrovoi muzyke (na primere kúev Kýrmangazy). Avtoref. kand. diss. – Tashkent, 1984. – 26 s.
3. Jýbanov A. Strýny stoletı. – Alma-Ata, 1958.
4. Jýbanov A. Qurmanǵazy. – Almaty: «Ólke», 2006. – 368 s.
5. Zataevich A. 500 kazahskih pesen i kúev – Almaty: Daik-Press, 2002. – 378 s.
6. Kazahski muzykalnyı fólklor. – Alma-Ata: «Naýka», 1982.
7. Savichev N.F. Ot Karmanovskogo forposa do Glininskogo // Ýralskie voiskovye vedomosti, Ýralsk, № 44, 1868; Sm. takje v kn.: Kazahski muzykalnyı fólklor. – Alma-Ata: «Naýka», 1982.

Шегебаев П.

Қазақ ұлттық өнер университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: pshegebayev@mail.ru

Shegebaev P.

Kazakh National University of Arts
Astana, Kazakhstan
e-mail: pshegebayev@mail.ru

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ИЕСІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН МУЗЫКАЛЫҚ СТИЛІНІҢ ТҮТАСТЫҒЫ

(Құрманғазы шығармашылығының
негізінде)

ON THE UNITY OF THE PERSONAL QUALITIES OF A FOLK MUSICIAN AND THE STYLISTIC PROPERTIES OF HIS MUSIC

(on the example of Kurmangazy)

«Композитордың жеке өзіндік мәнерлеуі» деген түсінік (жазбаша дамыған композиторлық дәстүрмен салыстырғанда) халық музыкасының табиғатына жақынырақ, оны тіпті жалпы ауызекі түрде дамыған дәстүрлі мәдениетке тән құбылыс деп айтуға болады. Ұсынып отырған мақалада бұл тезис батыс Қазақстан домбыра өнерінің аса көрнекті өкілі Құрманғазы Сағырбаевтың (1818-1889) шығармашылығының негізінде қарастырылады. Күй өнерінің дамуына аса зор үлес қосқан «күй атасы» Құрманғазы күйлерінің стильдік ерекшеліктері айрықша. Олар кейінгі орындаушылардың түрлі қоспаларына қарамастан анық және айқын көрініп тұрады.

Түйін сөздер: ауызекі музыкалық мәдениет, күйші, халық өнерінің тұлғасы, стиль.

The article substantiates the thesis that in the music of oral culture the concept of “composer’s self-expression” is much closer and more organic than in the music of the written tradition. This thesis is revealed by the example of the work of one of the outstanding representatives of the West Kazakhstan dombra art – Kurmangazy Sagyrbayev (1818-1889). The choice of Kurmangazy’s personality is explained by the fact that the most outstanding achievements of traditional instrumental music of the Kazakhs are associated with his name. It is not by chance that he is called the “father of kuys” (kuy atasy), this emphasizes the extremely important role of his work in the history of national musical culture. The characteristic features of the Kurmangazy style are so weighty and bright that they seem to shine through all the subsequent layers.

Keywords: oral musical culture, kuishi, personality of a folk musician, style.

Базарбаева Н.С., Өтеғалиева С.Ы.
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: sa_u@mail.ru

ДИНА НҰРПЕЙІСОВА ЖӘНЕ БАСҚА ДОМБЫРАШЫЛАРДЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНДАҒЫ АЛДЫҢҒЫ БУЫН ӨКІЛДЕРІНІҢ КҮЙЛЕРІ (Құрманғазының «Қайран шешем», Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйлерінің мысалында)

Күй атасы Құрманғазының төл шәкірті, көрнекті домбырашы, күйші Дина Нұрпейісованың (1861-1955) (өз орындауындағы) интерпретациялық қабілетін айқындауға арналған бұл мақалада Құрманғазының (1818-1889) «Қайран шешем» және төре мектебінің өкілі Дәулеткерейдің (1820-1887) «Көркем ханым» күйлеріне талдау жасалады. Бұл нұсқалар белгілі күйші Қали Жантілеуов (1920-1993) пен Рысбай Ғабдиевтің (1936-2004) интерпретацияларымен салыстырылады.

Біз кешенді және жүйелі тәсілдерді пайдаландық. Әртүрлі күй нұсқаларының аудио және ноталық жазбаларын талдауда салыстырмалы-типологиялық және салыстырмалы-тарихи, жүйелі этнофониялық (И. Мациевский) әдістер қолданылады. Әртүрлі әдебиеттер, ғылыми еңбектер, нота жинақтары, аудиожазбалар негізге алынды. Түсіндірулердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар автор ұсынған бірқатар критерийлермен анықталады. Аудиожазба бойынша салыстыруға сызбаны пайдалану арқылы жасалады. Әрбір сызбадан кейін қысқаша түсіндірме беріледі. Осы салыстыру арқылы, Дина Нұрпейісованың импровизаторлық қабілетін, сонымен қоса орындаушылық-музыкалық стильдік ерекшеліктері анықталды.

Түйін сөздер: Дина, интерпретация, күйші-импровизатор, салыстыру, талдау.

Кіріспе

Құрманғазының (1818-1889) және Дәулеткерейдің (1820-1887) күйлері бізге дейін әртүрлі күйшілердің нұсқасында жетті. Бұл күйлер Дина Нұрпейісованың интерпретациясында (1861-1955) және

Құрманғазы мен Дәулеткерейдің басқа да ізбасарларының орындауында біз үшін қызықты. Негізінде Дина Нұрпейісованың репертуарында көптеген осы сынды күйлер бар. Алайда, Динаның орындауында Академик А. Жұбанов тапқан Құрманғазының «Ұзақ Ақжелең», «Терісқақпай», «Қайран шешем»,

«Жігер», Дәулеткерейдің «Көркем ханым», Мәменнің «Ақшолпан», Жантөре «Шалқыма», т.б. күйлері бар. Дегенменде біз, қазіргі таңда орындаушылар репертуарынан кең орын алып, концерттерде, конкурстарда міндетті бағдарламаға еніп, жиі орындалатын және тыңдарманның да жүрегіне ұялаған жоғарыда аталып өткен күйлер тобынан Құрманғазының «Қайран шешем», Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйлерін алдық. Осы орайда мақала ұлы күйші Дина Нұрпейісованың жалпы теңдесі жоқ орындаушылық үрдісі арқылы осы күйлердегі ерекшеліктерін анықтауға арналады.

Дина – екі ғасырдың куәсі. Ол – соңында көптеген шәкірттерін қалдырған күй атасы Құрманғазының төл шәкірті бола тұра, өзіндік мектеп қалыптастырған күйші. Ұстазы шәкірттерінің арасынан Динаны ерекше бағалаған. Құрманғазының күйлерін өзінше түрлендіруі мен төре мектебінің, яғни, Дәулеткерейдің лирикалық туындыларын өз шығармашылығында қолданып, оның тұлғалығын, өзіндік бір орындаушылық стилін көрсету – мақаламыздың өзектілігі болып табылмақ.

Құрманғазы мен Дәулеткерей батыс күйшіліккекі мектебінің өкілдері, әрқайсысының өзіне тән мінезді немесе лирикалық ерекшелігі бар. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің «Бұлбұл», «Ысқырма», «Қос алқа», «Жігер», «Байжұма», т.б. күйлеріне қарап жеке күй шығарған. «Алғаш рет өзі жеке шығарма шығарғанда Дина Бапас – Дәулеткерейдің, Түркештің күйлеріне парафразалар шығарады. Оны Дәулеткерей тартқанда Динаға өз шығармасы ерекше ұнайды. Құрманғазы мен Бапастың домбыра тарту мәнерін үйренген Дина шешей, кейін келе домбыра тартудың өзіндік мәнерін жасайды», – деп А. Жұбанов Динаның төре мектебінен қалыс қалмағандығын көрсетеді (А. Жұбанов, 2002: 163).

Дина Нұрпейісованың шығармашылығындағы интерпретациялық ерекшелігін басқа орындаушылармен салыстырмалы түрде сараптау арқылы оның орындаушылық стилін анықтау – басты мақсатымыздың бірі.

Бұл мақала екі сұрақ төңірегінде жасақталған:

1. Құрманғазының «Қайран шешем» күйі Динаның және басқа жеткізушілердің интерпретациясында (Қ. Жантілеуов).

2. Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйі Дина мен басқа күйшілердің интерпретациясында (Р. Ғабдиев).

Құрманғазының «Қайран шешем» күйін тікелей жеткізушісі болған Д. Нұрпейісованың орындауын басқа күйшілердің ішінде Қ. Жантілеуовпен¹ (1902-1993) салыстырамыз. Себебі, Қали де Құрманғазы күйлерінің жеткізушісі, мектебінің өкілі болғандықтан, оның орындауындағы «Қайран шешем» күйі көп өзгерістер туындатқандықтан, осы тұлғаны негізге алдық. Төре мектебінің өкілі Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйін Динаның интерпретациясында жаңа бір дем сыйлағандай болады және салыстырмалы түрде алу үшін көп қызығушылық тудырады. Ал ХХІ ғасыр күйшісі Р. Ғабдиевпен (1936-2004) салыстырғалы отырған себебіміз, берілген аудиожазбалық және ноталық жазбалық мәліметтердің тек осы күйшінің орындауында бар болғанына байланысты.

Мәселенің әдістемесі

Мақаланы жазу барысында кешенді және жүйелі тәсілдер қолданылады. Салыстырмалы-типологиялық, салыстырмалы-тарихи және жүйелі-этнофониялық (И. Мацневский) әдістер пайдаланылады. Себебі, ең алдымен, әрбір күйді орындаушылардың аудиожазбаларын бір-бірімен салыстырамыз. Одан кейін, сол аудиожазбаларды ноталық жазбалармен сәйкестенуін қарап, ноталары арқылы салыстырмалы талдау жасаймыз. Талдау жасау барысында аудиожазбалық салыстыру мынадай критерийлермен жасалынды:

- домбыраның бұрауы
- күйдің екпіні
- динамикасы
- формасы
- ырғақтары
- қағыстары
- мелизмдері
- орындаушылық шеберлігі (аудиожазба бойынша оң қолдағы дыбыс басу және дыбыс алуы). Осы арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтары да атап өттік.

¹Т. Аршановтың орындауында тек нотажазба А. Жұбанов пен Қ. Ахмедияровтың жинақтарында бар, ал аудиожазба сақталмаған.

Бұл қағидалар бойынша талдау және аудиожазба мен ноталық жазбаны бір-бірімен салыстыру әдісі біздің бастамамызбен алғаш рет жүзеге асырылып жатыр. Жүйелі-этнофониялық әдісті қолдану себебіміз, бұл жерде Дина шешейдің орындаушылық қабілетін емес, импровизаторлық (орындаушы, күй шығару, аспап) қабілетін алға тартып отырғандығымыздан. Өйткені, орындаушылық қабілет – ол тек бірқалыптылықпен ғана шектелуі мүмкін, ал импровизаторлық қабілет – әр кезде техникалық және ырғақтық нысандарын түрлендіріп орындаумен сипатталады.

Бұл салыстырмалы талдау осы әдістерді қолдануды қамтиды. Мақалада А. Жұбанов, П. Аравин, Ғ. Бисенова, Б. Аманов, А. Мухамбетова, С. Өтеғалиева, П. Шегебаев, және Қ. Ахмедияров, А. Тоқтаған, К. Сахарбаева, А. Райымбергенов еңбектері мен жазбаларына, күйлер жинағына сүйенеміз.

Батыс Қазақстан күйлерінде кездесетін (бас-буын – орта-буын – І және II саға) және отандық этномызыкадану ғылымына алғаш рет Б. Аманов енгізген халықтық композициялық терминологияға сүйенеміз (Б. Аманов, 2002: 221-223). Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының Халық музыкасы факультетінің студенттері мен магистранттарына профессор С. Өтеғалиева құрастырған домбыра күйлерін талдау әдістемесі арқылы жұмыс жүргізіледі (С. Утеғалиева, 2022: 7-8). Күйлерді талдау музыкалық бейнелеудің әртүрлі құралдарын зерттеуді қамтиды. Тақырыпқа, композициялық құрылымына, метроритмикалық, интонациялық ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінеді. Жұмысымызда мынадай терминдер қолданылды: Негізгі интонациялық – ырғақтық кешен (НИЫК – С. Өтеғалиеваның термині), «күйдің бейнелі мазмұнын барынша айқын көрсететін» (С. Өтеғалиева, 2013: 277), кіріспе бөлімнен кейінгі буынды жалғаушы (бас-буын).

Қажетті мәліметтер: аудиожазба (Антология «Мәңгілік сарын») және ноталар.

Негізгі бөлім

1. Құрманғазының «Қайран шешем» күйі Динаның және басқа жеткізушілердің интерпретациясында (Қ. Жантілеуов).

«Қайран шешем» – Құрманғазы шығармашылығындағы шоқтығы биік, жиі орындалатын, философиялық күрделі туынды. Бұл күй туралы нақты деректі академик А. Жұбанов еңбегінде көрсеткен (Жұбанов, 2002: 62). Құрманғазының анасына арнаған күйлері көп, ал мына күйі оның репертуарында ерекше орынға ие.

«Қайран шешем» күйін Құрманғазының тағы бір шәкірті Қали Жантілеуов өте шебер орындап, халыққа насихаттаған. Дина шешей де ұстазының бұл күйін өзіне тән бір ерекшелікпен орындайды. Ал, біздің қазіргі заманымыздың күйшілері Рысбай Ғабдиев, Қаршыға Ахмедияровтердің (1946-2010) орындап жүрген түрлемдері осы Дина шешейден қалған мұра.

Аудиожазбаға салыстырмалы талдау (Д. Нұрпейісова мен Қ. Жантілеуовтің орындау нұсқасында) барысы осы қағидалар бойынша жүреді. Басты қағида – ұқсастығы мен айырмашылығы. Бұл қағидалар жоғарыда берілген критерийлермен жасалды.

Ұқсастық пен айырмашылық критерийлері №1 кестеде көрсетілген.

Бұл талдау нәтижесіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қысқаша атап өтейік:

Ең бірінші қағида бойынша, екі орындаушының да домбыра бұрауы әртүрлі. Себебі, Дина шешейдің орындауындағы күйлері үнемі төмен регистрде жүреді, осы тұсы оның стильдік ерекшелігін толықтырып тұрады. Екінші жөнінен ұқсастық байқалады, бірақ Динаның нұсқасында екпінді ілгері үдетіп отыратын шиыру бар. Динамикасы, күйді өз түрлендіруіне байланысты өзгеріп отырады, бір-біріне ұқсамайды.

Күйдің формасы екі орындаушыда да ұқсас, бірақ буындарды қайталауы жағынан айырмашылық бар. Ырғағына келер болсақ, Қалидің орындауындағы бар ырғақтар

Кесте 1. Салыстырмалы-талдау «Қайран шешем» күйі
Д. Нұрпейісова мен Қ. Жантілеуовтің орындау нұсқасында

<i>Д. Нұрпейісованың орындауында</i>	<i>Қали Жантілеуовтің орындауында</i>
- Домбыраның <i>бұрауы</i> – Өте төмен (<i>B-es</i>) - Екпіні – <i>орташа, салмақты</i>, екпінді әлсін-әлсін жеделдету кездеседі. - Динамикасы – күйдің басы <i>tr</i>-мен басталып, <i>mf</i>-ге өрбиді. Саға <i>f</i>-мен түседі. - Күйдің <i>формасы</i> – бас буын, негізгі буын, орта буын, <i>кіші сағаның үлкен сағаға өрбуінен</i>¹ тұрады. Орта буын 2-рет, негізгі буын 3-рет қайталанады. <i>Ырғағы</i> – <i>бірыңғай сегіздіктер, бірыңғай оналтылықтар, ырғақтың түрі: жинақтау (екі оналтылық және бір сегіздік)</i> кездеседі. <i>Қағыстар</i> – <i>алма-кезек қара қағыс</i>, тұтпа қағыс. <i>Мелизмдер</i> – <i>форшлаг</i>; сонымен қатар, лига, люфт пауза, глиссандо бар. <i>Орындаушылық шеберлігіне</i> байланысты: оң қолдың білезік буынының бос, еркін қимылдауы, саусақ басындағы салмақ күші, иірім мен шиырудың үйлесімділігі, сол қол саусақтарының пернеден көтерілмей дыбыс жалғануы ерекшеленеді.	- Домбыраның <i>бұрауы</i> – (<i>d-g</i>)-оркестрлік - Екпіні – <i>орташа, салмақты</i>, бірқалыптылық сақталған. - Динамикасы – күйдің басы <i>mf</i>-мен басталып, сағаға <i>f</i>-мен барады. Жалпы барлық буындарда <i>mf</i>-мен жүреді. - Күйдің <i>формасы</i> – бас буын, негізгі буын, орта буын, <i>кіші сағаның үлкен сағаға өрбуі</i> байқалады. Негізгі буын 2 рет қайталанады. <i>Ырғағы</i> – <i>бірыңғай сегіздіктер, оналтылықтар</i>, ырғақ түрі: синкопалы, <i>жинақтау (екі оналтылық және бір сегіздік)</i>, бөлшектеу (бір сегіздік және екі оналтылық) ырғақтары кездеседі. <i>Қағыстар</i> – <i>алма-кезек қара қағыс</i>. <i>Мелизмдер</i> – <i>форшлаг</i>; сонымен қатар, лига, люфт пауза кездеседі. <i>Орындаушылық шеберлігіне</i> байланысты: оң қолдың салмақтылығы, жинақтылық, нақтылығы, сол қол саусақтарының анық, дыбыстың үзілмеуі, күйдің демі анық білінеді.

мен ырғақтың түрлері Дина шешейдің де орындауында кездеседі, бірақ Қалидің орындауында синкопалы, бөлшектеу сынды ырғақтың өзгерістер байқалады.

Қағыстары жөнінен бір-біріне ұқсас, бірақ Динаның өз орындаушылық стиліне сай тұтпа қағыс пайдаланған. *Мелизмдері* бір-біріне ұқсас. Орындаушылық шеберлігіне байланысты ұқсастық немесе айырмашылық деп айтар алдында, екі орындаушының да өзіне тән ерекшеліктерін көрсеттік.

Динаның *орындаушылық шеберлігін* ерекше атап өтуге болады, себебі аудиозаба барысында дыбыс жалғасуы, оң қол мен

сол қолдың координациясын, оң қол саусақтарының салмағын естуге болады.

Салыстырмалы-талдау «Қайран шешем» күйі нотажазба бойынша Д. Нұрпейісованың орындауында (Сахарбаева, 2021: 262) және Қ. Жантілеуовтің орындауындағы (Тоқтаған, Әбуғазы, 2005: 138) өзгерістер формаға, НИЫК-қа, ырғаққа байланысты (ноталық мәтінге сүйене отырып жазылған).

• *Композициялық құрылымы*: Динаның орындауындағы күйдің композициялық құрылымыөтеықшам, шағын. Қалидеауқымды, дамытылған. Динаның орындауындағы нұсқада бас буын жоқ, орта буын бар, бірақ

әуен барысы дамымаған. Орта буын 3-рет қайталанады. Сағасы (1) өте қысқа орындалған. Ал Қалидің орындау нұсқасында бас буында әуен дамыған. Орта буын екі рет қайталанады, бірақ біріншісінде, үстіңгі ішектегі әуен дамыған, екіншісінде үстіңгі ішекте әуен жоқ және қысқаша орындалған. Сағасы (1) өте кең ауқымды болып келеді, үстіңгі ішектегі әуен әртүрлілікпен ерекшеленеді.

- **НИЙК:** Дина мен Қалидің орындауында да көп элементті екенін байқаймыз. Екеуінде де 5 элементтен тұрады, бірақ Қалидің орындау нұсқасында барлық элементтер бірінен соң бірі дыбыс диапазонына байланысты дамыған. Ал Динада әуен дамуы өзгеше, құбылмалы, импровизаторлық қабілетіне байланысты өзгеріп отырады. Динаның нұсқасындағы 2-ші элемент оның орындауындағы басты элемент. 6 рет кездеседі. Қалидің орындауында 1-ші элемент (6-11т), ал Динада 5-ші элемент (116-121т) 2 рет кездеседі. Динада 4-ші элемент (23-26т) 4 рет кездеседі, бірақ әр жерде әртүрлі көріністе, ал Қали де дәл солай 4-ші элемент (17-20т). Динада 3-ші элемент (18-22т) 4 рет келеді, ал Қалиде ол 2-ші элемент (12-14т) 4 рет кездеседі. Динада 1-ші элемент (5-14т) 2 рет кездеседі, ал Қалиде бұл 5-ші элемент (21-30т). Динада 2-ші элемент (15-17т), ал бұл Қалиде 3-ші элемент (15-16т) 4 рет кездеседі.

- **Ырғақ:** Қалидің орындауында бірыңғай сегіздіктер, оналтылықтар, жинақтау (екі оналтылық, бір сегіздік), синкопалы, бөлшектеу (бір сегіздік, екі оналтылық) бар, сондай-ақ, лига, фермато, люфт пауза кездеседі. Динада дәл осындай ырғақтарды байқай аламыз, дегенменде, 1-ші элементтегі әуен бірыңғай сегіздіктермен жүрсе, Қалиде ол 5-ші элемент синкопалы жүреді. Екі орындаудағы 4-ші элемент Динада бірыңғай сегіздіктер, бірақ әр жерде өзгеріп лигалы болып келеді, ал Қалиде синкопалы болып келеді.

2. Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйі Дина мен басқа күйшілердің интерпретациясында (Р. Ғабдиев).

Дәулеткерей Шығайұлының күйлері өз алдына бөлек лирикалық сезімге толы дүние. «Дина өзінің күйшілік өнерінде асқақ шабыт пен от жалынға толы жігер-күшті ерекше нәзіктікпен, әуезділікпен шендестіре отырып, тыңдаушысын таң қалдырды» (Қ. Ахмедияров, 1991: 6). Осы бір мәтін жолдары Динаның

өзіндік музыкалық-стильдік ерекшелігі бар импровизатор және де нағыз күйші екеніне тағы бір дәлел.

«Көркем ханым» күйінің шығу тарихына тоқталсақ: бұл күйін Дәулеткерей өзінің жұбайына шығарған. Дәулеткерейдің Саржан атты әйелі болған. Лирикалық бояуға толы, әйел жанының көркемдігін, нәзіктігін бейнелейді. Арнау күйге жатады (Қ. Ахмедияров, 1996: 6).

«Көркем ханым» күйі Дина шешейдің (К. Сахарбаеваның жазбасы) және Р. Ғабдиевтің (Қ. Ахмедияровтың жазбасы) орындауында сақталған. Екі музыканттың орындауындағы жалпы және айырмашылықтары жоғарыда көрсетілген критерийлер бойынша анықталды (2-кестені қараңыз).

Бұл талдау нәтижесі бойынша, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атап өтейік:

Домбыра бұрауы екі орындаушыда әртүрлі. Дина шешейдің домбырасының бұрауы бұл күйде де төмен регистрде көрсетілген. Ал Р. Ғабдиевтің бұрауы оркестрде қолданатын бұрау секілді. *Екпін*і жағынан, екі орындауда да ұстамды, орташа екпінде орындалған. Әйтсе де, Динаның орындау нұсқасында екпіннің құбылмалылығы басымырақ. *Күйдегі динамика*, Дина орындауында динамика екпіннің құбылмалылығына байланысты. Ал, Р. Ғабдиевте динамика бойынша бірқалыптылық байқалады. *Формасына* келер болсақ, Динаның орындауында ерекше формалық өзгешеліктер бар, дамыған үлкен саға және орта буын 3-рет қайталанады. Ал, Р. Ғабдиевте үлкен саға жоқ, орта буын тек 2-рет қайталанады. *Ырғағы* жөнінен Дина шешейдің орындауында әртүрлі ырғақтар қолданылған. Ал Р. Ғабдиевтің орындауында ырғақтың бірқалыптылығы байқалады. *Қағыс пен мелизмдер*, Динаның орындауында қара қағыс пен ілме қағысты және форшлағтар. Ал Р. Ғабдиев ілме қағысты қолданбаған. *Орындаушылық шеберлікке* келер болсақ, Дина туралы жоғарыда айтылған ерекшеліктер бұл күйдеде көрініс табады, ал Р. Ғабдиевте дыбыс ауқымы, күші – салмақты нақтылықты береді.

Салыстырмалы-талдау «Көркем ханым» күйі *нотажазба* бойынша Д. Нұрпейісованың орындауында (Сахарбаева, 2001: 153) және Р. Ғабдиевтің орындауындағы (Ахмедияров, 1997: 75) өзгерістер формаға, НИЙК-ге, ырғаққа байланысты.

**Кесте 2. Салыстырмалы-талдау «Көркем ханым» күйі аудиожазба бойынша
Д. Нұрпейісова мен Р. Ғабдиевтің орындау нұсқасында**

<i>Д. Нұрпейісованың орындауында</i>	<i>Р. Ғабдиевтің орындауында</i>
• Домбыраның <i>бұрауы</i>: өте төмен (<i>B-es</i>) • <i>Екпіні</i> – жалпылама ұстамды, орташа, бірақ құбылып отырады. • <i>Динамикасы</i> – күйдің басы <i>tr</i>- мен басталып, <i>mf</i>-мен өрбиді. Сағада дыбыс күші <i>ff</i>-ға жетеді. • Күйдің <i>формасы</i> – <i>бас буын, негізгі буын, орта буын, кіші саға</i>, үлкен сағадан тұрады. Орта буын 3-рет қайталанады. • <i>Ырғағы</i> – <i>пунктирлі</i>, синкопалы, секстольдар, триольдар, сегіздік – оналтылықтар кездеседі. • <i>Қағыстар</i> – <i>қара қағыс</i>, ілме қағыс. • <i>Мелизмдер</i> – <i>форшлагтар</i>, сонымен қатар лига, люфт пауза, фермато. • <i>Орындаушылық шеберлігіне</i> байланысты: оң қолда саусақтардың күшінің басымдылығы, сол қол дыбысының үзілмеуі, пернеден пернеге ауысуының байқалмауы; оң қол шынтағының еркін қимылдауы, күйдің бойындағы қоңырүнділікті бұзбауы.	• Домбыраның <i>бұрауы</i> (<i>d-g</i>) (оркестрлік) • <i>Екпіні</i> – орташа, ұстамды, бірқалыптылық байқалады. • <i>Динамикасы</i> – күйдің басталуы <i>mf</i>, үстіңгі ішектегі әуендер <i>p</i>-мен орындалады. Саға да шынтақты көтеріп, <i>f</i>-ге бағыттады. • Күйдің <i>формасы</i> – <i>бас буын, негізгі буын, орта буын, кіші сағадан</i> тұрады. Орта буын 2-рет қайталанады. • <i>Ырғағы</i> – <i>пунктирлі</i>, бірқалыпты сегіздіктер кездеседі. Ырғақтарда бірқалыптылық байқалады. • <i>Қағыстар</i> – <i>қара қағыс</i>. • <i>Мелизмдер</i> – <i>форшлагтар</i>, сонымен қатар лигалар кездеседі. • <i>Орындаушылық шеберлігіне</i> байланысты: дыбыс ауқымы, дыбыс күші – салмақты, дыбыс басуы нақтылықты береді.

• *Форма*: Динаның орындауындағы, күйдің композициялық құрылымы өте кең, ауқымды. Әрбір буынын дамытып, түрлендірген. Бас буын, орта буын, 1саға, 2саға бар. Бас буын әрбір буынның алдында орындалған. Орта буында әуен өте қысқа. 3 жерде қайталанады. Екі сағада да үстіңгі ішектегі әуен дамымаған. Үлкен сағада әуен толығымен дамыған, көп өзгерген. Ал Рысбайдың орындауындағы нұсқада формасы өте ықшамды. Бас буын, саға, орта буын бар. Саға мен орта буында үстіңгі ішекте әуен бар. Динада орта буын сағаның алдында орындалса, Рысбайда сағадан кейін орындалған.

• *НИЫК*: Дина мен Рысбай орындауындағы бұл күйде көп элементтілік жоқ. Екі ғана элементті қамтиды. Рысбайда

1-ші элемент (8-18т) 2 рет кездеседі. Ал бұл, Динада 2-ші элемент (16-21т) 6-7 рет кездеседі, бірақ әрбірінде әртүрлі болып орындалған. Динада 1 элемент (10-15т) 5 рет кездеседі. Рысбайда бұл, 2-ші элемент (23-32т) 2 рет қана кездеседі. Динаның орындауындағы әрбір элементте әуеннің байытылған, дамыған түрін көре аламыз. Рысбайдың орындауындағы бұл элементтер өте ықшамды, жинақы жазылған.

• *Ырғақ*: Екі орындауда да бір тақырыпты күй болсада, Дина шешей әрбір буындағы, элементтегі әуендердің ырғағын әртүрлі орындаған, яғни, ырғаққа бай. Рысбайдың орындауында бастан-аяқ бірқалыпты ырғақтар берілген. Бұл орындауында бастан-аяқ еш өзгеріссіз бірыңғай сегіздіктер, бір ширектік сегіздіктермен келеді. Динада бас буындағы

ырғақтар Рысбайдың орындағандағы ырғаққа ұқсайды, бірақ триоль пайдаланған. Динаның орындауында 1,2-ші элементтерде бірыңғай сегіздіктермен қатар, синкопа, пунктирлі, оналтылықтар қолданған, сағада секстольдар, триольдар, квинтольдар қолданған. Сонымен қатар, бұл орындауда люфт пауза, фермато, лига пайдаланған.

Қорытынды

Құрманғазы мен Дәулеткерей күйлерінің Динаның интерпретациясында басқа орындаушылармен салыстырғандағы талдау нәтижесінен Дина шешейде күйдің құрылымының күрделеніп келуін, әр қайталауында алуан түрлілікті байқаймыз. Динамиканың көтеріліп немесе бәсеңдеуі күйдің орындалу екілігіне байланысты құбылмалылығы басқа күйшілерде кездесе

бермейтін ерекшелік. Екі ұстазының да орындаушылық мектебін қатар үйренсе де, өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген Дина, ұлы күйшілердің туындыларын орындауда тұтпа қағысты қолданып, күйді одан әрмен әсемдей түсті. Күй орындаудағы дем алысы, әрбір буынды бастапқы қалыпқа әкелудегі иірімі, шиыру әдістері ерекше көрсетілген.

Құрылымына байланысты әртүрлілік, әрбір буынды өздігінше түрлендіріп, келесі буынға жалғауында таптырмас шеберлік байқалады. НИЫК пен ырғаққа келер болсақ, күй буынындағы кездесетін ырғақ өрнектері әртүрлілікпен ерекшеленеді. Мәселен, бас буында орындалған ырғақтық өрнек келесі қайталауында басқалай ырғақтықпен, өрнекпен орындалады. Салыстыру барысында кездескен осындай ерекшеліктер, Дина шешейдің таптырмас шеберлігін көрсетіп, күйші-импровизатор ретіндегі орнын айқындайды.

Әдебиеттер

1. Аманов Б. О композиционной терминологии домбровых кюев // Казахская традиционная музыка и XX век / Б. Аманов, А.И. Мухамбетова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С. 229-235.
2. Ахмедияров Қ. және Ахмедияров Ғ. «Дина «Әсемқоңыр». – Алматы: «Өлке» баспасы, 1997. – 128 бет. – 7 б.
3. Дәулеткерей «Жігер»: Күйлер (кұраст., түсініктерін жазған Қ. Ахмедияров; Әдеби өңдеген М. Құлкенов). – Алматы: Өнер. 1995. – 96 бет. – 6-б.
4. Жұбанов А. «Ғасырлар пернесі»: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. – Алматы: Дайк – пресс, 2002. – 73 б. – 163 б.
5. Жұбанов А. Құрманғазы. – Алматы: «Өлке», 2006. – 416 б.
6. Райымбергенов А. «Күй қайнары». – Алматы: «Өнер», 1990.
7. Сахарбаева К. Атырау ән-күй мұхиты. – Алматы: Дайк – Пресс, 2001. – 784 б.

8. Сахарбаева К. Дина. Әсемқоңыр. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 288 б.
9. Тоқтаған А. Құрманғазы. Күйлер. Алматы: Білім, 2005 – 216 б.
10. Түркі әлемінің ұлы композиторы. / А. Ситалиев, А. Үлкенбаева, Б. Тұрмағамбетова. – Алматы, 2021. – 176 б.
11. Утеғалиева С. Звуковой мир музыки тюркских народов (на материале инструментальных традиций Центральной Азии). М.: Композитор, 2013. - 528 с.
12. Утеғалиева С. «Дина Нұрпейісова: личность, творчество, музыкальный стиль» Дина Нұрпейісованың 160 жылдығына арналған «XX ғасырдағы дәстүрлі мәдениет мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы.
13. Утеғалиева С. Анализ домбровых кюев. Учебно-методический комплекс дисциплины. Алматы: КНК им. Құрманғазы, 2022. 20 с. (рукопись).



References

1. Amanov B. O kompozisionnoi terminologii dombrovyyh kúev // Kazahskaia tradisionnaia mýzyka i XX vek / B. Amanov, A.I. Mýchambetova. – Almaty: Daik-Press, 2002. – S. 229-235.
2. Ahmediarov Q. jáne Ahmediarov Ğ. «Dina «Ásem qońyr». Almaty: Ólke baspasy, 1997, – 128 b.
3. Dáýletkeri «Jiger»: Kúler(qurast.,túsinihterin jazǵan Q.Ahmediarov; Ádebi óńdegen M.Qulkenov). – Almaty: Óner. 1995, 96 b. 6 b.
4. Jubanov A. «Ġasyrlar pernesi»: Qazaqtıń halyq sazgerleriniń ómiri men shyǵarmashylyǵy týraly ocherkter. – Almaty: Daik – pres, 2002.
5. Jubanov A. Qurmanǵazy. Almaty: Ólke, 2006j. – 416 b.
6. Raiymbergenov A. «Kúı qanary» Almaty: Óner, 1990j.
7. Saharbaeva K. Atyraı án-kúı muhıty. – Almaty: Daik – Pres, 2001. – 784 b.
8. Saharbaeva K. Dina. Ásemqońyr. – Almaty «Qazaq kitaby» baspasy, 2021. – 288 b.
9. Toqtaǵan A. Qurmanǵazy. Kúler. Almaty: Bilim, 2005 – 216 b.
10. Túrki áleminiń uly kompozitory. / A. Sitaliev, A. Úlkenbaeva, B. Turmaǵambetova. – Almaty, 2021. – 176b.
11. Ýtegalieva S. Zvykovoi mir mýzyki túrskih narodov (na materiale instrýmentalnyh traditsii Sentralnoi Azii). M.: Kompozitor, 2013. – 528 s.
12. Ýtegalieva S. «Dina Nýrpeisova: lichnost, tvorchestvo, mýzykalnyı stil» Dina Nurpeisovanyń 160 jyldyǵyna arnalǵan «XX ǵasyrdaǵy dástúrli mádeniet murasy» atty Halyqaralyq ǵylymı-praktikalıyq konferenciasynyń jınaǵy.
13. Ýtegalieva S. Analiz dombrovyyh kúev. Ýchebno-metodicheski kompleks disiplinary. Almaty: KNK im. Kýrmangazy, 2022. 20 s. (rýkopis).

Базарбаева Н.С., Өтеғалиева С.Ы.

Казахская национальная консерватория им. Курмангазы
г. Алматы, Казахстан
e-mail: sa_u@mail.ru

КЮИ ПРЕДШЕСТВЕННИКОВ В ИНТЕРПРЕТАЦИИ ДИНЫ НУРПЕИСОВОЙ И ДРУГИХ ДОМБРИСТОВ (НА ПРИМЕРЕ КУРМАНГАЗЫ «ҚАЙРАН ШЕШЕМ», ДАУЛЕТКЕРЕЯ «КӨРКЕМ ХАНЫМ»)

В этой статье анализируются кюи Курмангазы (1818-1889) «Қайран шешем» и Даулеткерей (1820-1887) «Көркем ханым» в интерпретациях выдающейся домбристки Дины Нурпеисовой (1861-1955), а также других известных музыкантов, таких как Кали Жантлеуов (1920-1993) и Рысбай Габдиев (1936-2004).

В работе автор опирается на комплексный и системный подходы. При анализе аудио и нотных записей различных вариантов кюев используются сравнительно-типологический и сравнительно-исторический, а также системно-этнофонический (И. Мациевский) методы. Привлекается различная научная литература,

в том числе труды ведущих казахстанских этномузыковедов, включая нотные сборники, аудиозаписи кюев. Сходства и различия в трактовках произведений определяются по ряду критериев, разработанных автором самостоятельно. Результаты сравнительного анализа отражены в приводимых таблицах. Им дается краткое объяснение.

В результате сравнительного изучения сохранившихся образцов выявляются особенности импровизационно-исполнительского стиля Дины Нурпеисовой.

Ключевые слова: Дина, интерпретация, кюйши-импровизатор, сравнение, анализ.



Bazarbaeva N.S., Otegalieva S.Y.
Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Kazakhstan
e-mail: *sa_u@mail.ru*

**KUIS OF THE REPRESENTATIVES OF THE PREVIOUS GENERATION IN THE
INTERPRETATION OF DINA NURPEISOVA AND OTHER DOMBRISTS
(ON THE EXAMPLE OF KURMANGAZY «KAYRAN SHESHEM»,
DAULETKERY «KORKEM KHANYM»)**

The *kuis* of Kurmangazy (1818-1889) «Kayran sheshem» and Dauletkerey (1820-1887) «Korkem khanim» in the interpretations of the outstanding *kuishi* Dina Nurpeisova (1861-1955), as well as other famous *dombra* players such as Kali Zhantleuov (1902-1993) and Rysbai Gabdiev (1936-2004) analyzes in this paper.

The author relies on the complex and systematic approaches. Comparative-typological and comparative-historical, as well as system-ethnophonic (I. Matsievsky) methods are used in the analysis of *kui*'s variants. Scientific literature,

including music collections, audio recordings are involved. Similarities and differences in the interpretations are determined by a number of author's criteria. The results of the comparative analysis are reflected in the tables below.

As a result of a comparative study of the preserved samples, the peculiarities of Dina Nurpeisova's improvisational and performing style are revealed.

Keywords: *Dina Nurpeisova, interpretation, kuishi-improviser, kui, comparative, analysis.*

Бердібай А.Р., Әбиділда М.Б.
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы қ., Қазақстан
e- mail: a.berdibay@mail.ru

ЖЫРШЫ Д. ЖОЛЫМБЕТОВ ОРЫНДАУЫНДАҒЫ СЫР БОЙЫ ЭПИКАЛЫҚ МАҚАМДАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-СТИЛЬДІК ЕРЕКСЕЛІКТЕРІ («Асау барақ» жырының бірінші мақамы мысалында)

Мақала Сыр өңірінің белгілі жыршысы Д. Жолымбетов шығармашылығындағы стильдік ерекшеліктерді анықтауға арналған. Еңбектің басында қысқаша Сыр бойы музыкалық-эпикалық дәстүрдің зерттелуі және жыршының өмірлік-шығармашылық жолы баяндалады. Өртүрлі өңір эпикалық мектептерінің өнерін меңгерген Д. Жолымбетов шығармашылығының дара ерекшеліктері оның орындауындағы «Асау Барақ» жырының бастапқы мақамы мысалында қарастырылып, сол мақам кең тараған Қармақшы дәстүрінің атақты өкілі – К. Рүстембеков орындауындағы нұсқамен салыстырылады. Мақалада кешенді, құрылымдық және салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылады.

Мақамды талдау барысында «Жиенбайдың Жыр бастауы» мен «Асау Барақта» төмендегідей ерекшеліктер анықталды: 1) атқаратын қызметіне байланысты, Д. Жолымбетов және К. Рүстембеков орындауындағы мақам көлемі және музыкалық-поэзиялық құрылымы бойынша ерекшеленеді; 2) қос тұлға орындауындағы мақам нұсқалары арасындағы айырмашылықтар ладтық-әуендік, ырғақтық жүйелер және аспаптық сүйемелдеу партиясының сипатынан да анық байқалады; 3) Д. Жолымбетов орындауындағы мақамда «Бастау әнінің» вокалды кіріспесі, 1, 3, 5, 6 тармақтарының және қайырымының интонациялық келбеті сақталып қалғанымен, импровизациялық жаңару салдарынан, музыкалық жолдардың басым бөлігі вариантты түрленеді.

Түйін сөздер: Арал, Қармақшы, мақам, импровизация, музыкалық-поэзиялық құрылым, аймақтық-регистрлік жүйе, ырғақ формулалары, дыбыс қатарлары.

Кіріспе

Сыр өңірі – еліміздің ежелден рухани қазынаға бай аймағы екені белгілі. Өз ішінде ол бірнеше өңірлік эпикалық дәстүрге бөлінеді. Солардың ішінде жыршы Демеубай Жолымбетовтің туған өлкесі – Арал-Қазалыда жыраулық және айтыскерлік өнер, жергілікті өлкетанушы авторлар пікірі бойынша, XVIII-XIX ғ.ғ. өмір сүрген Төремұрат пен Мысабай жыраудан басталады. «Жанқожа батырдың ақылшы серігі әрі жыршысы Төремұрат суырып салма ақын болған. Оның Кенесары ханның ақыны – Доғалақпен айтысы тарихтан белгілі. Жоғарыда аты аталған ақындармен қатар, айтыс өнерінде шығармалары кең тарағандары – Қарасақал Ерімбет. Ерімбеттің Шораяқтың Омарымен айлап-жылдап жазбаша айтысқаны әдебиет тарихынан белгілі» (Әбиділда, 2022: 18). «Бертін келе, бұлардың ізін Кәрібоз бен Жәмет, Ержан мен Жалғасбайлар жалғастырды. Ал, Жаппарберді, Дәріғұл, Жаңабержендер – Арал мен Қазалыға ортақ жыраулар. Одан кейінгі жыршы-термешілер: Әмітжан Бөркұлақов, Болатбек Ердәулетов пен Сардарек Қожағұловты дүлей жыршылардың жалғасы деуге болады» (Мұсабаев, т.б., 1998: 82-83).

Сыр бойы музыкалық-эпикалық мұрасы фольклортанушылар назарына XIX ғасырда түсіп, хатталып қарастырыла бастағанымен, этномузыкатану ғылымымызда арнайы зерттеу нысаны ретінде өткен ғасырдың соңғы ширегінде ғалым А. Құнанбаева еңбектерінен бастап зерттелгені белгілі (Құнанбаева, 1984: 21). Аталған өңірдің жыраулық-жыршылық мұрасы музыкалық ерекшеліктерінің зерттелуі еліміз тәуелсіздігін алған кезеңде Б. Оспанов және Э. Жаңаберженова диссертацияларында жалғасты. Аталған авторлардың алғашқысы еңбегін Қармақшы дәстүрінде орындалатын «Дад» дастанын зерттеуге арнаса, Э. Жаңаберженова диссертациясында алғаш рет Арал-Қазалы эпикалық дәстүрі қарастырылады. Сыр бойы эпикалық шығармалары негізіндегі музыкалық жыртанудың жаңа ғасырда қарымды дамуына олардың белсенді түрде нотаға түсірілуі (Т. Тоқжанов, Е. Мұстафаев музыкалық-этнографиялық жинақтары) мен ғылыми әдістемелердің жетілуінің маңызы үлкен болды.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі заман Сыр бойы эпикалық өнерінде жыршы Д. Жолымбетов шығармашылығы айшықты орын алғанымен, отандық этномузыкатануда жеткіліксіз дәрежеде зерттелуімен байланысты. Бұл жерде эпикалық өнерді насихаттаушы жеке тұлғаның шығармашылық келбетін этномузыкалогиялық жағынан қарастыру мәселесі ғылымымыздың тың тақырыптары қатарына жататынын атап өткен орынды. Сондықтан ұсынылып отырған мақала мақсаты – жыршы Д. Жолымбетов шығармашылығының музыкалық-стильдік ерекшеліктерін ашу болып табылады. Оған жетуде: 1) Д. Жолымбетов шығармашылығының жалпы сипатын көрсету; 2) «Асау Барақ» жырының бастапқы мақамын талдау және оны сол мақамның К. Рүстембеков нұсқасымен салыстыру секілді міндеттер қойылды. Оларды жүзеге асыру үдерісі Сыр бойының және оған шекаралас аймақтардың дәстүрлерін меңгерген Д. Жолымбетов өнеріндегі музыкалық-стильдік ерекшеліктерді ашуға мүмкіндік береді.

Д. Жолымбетов – Сыр бойы эпикалық мұрасын насихаттаушыларының қазіргі замандағы көрнекті өкілдерінің бірі. Атақты шайыр Нұртуғанның ізін жалғастырушы болып табылатын оның орындауындағы дастандар мен жырлар соңғы ширек ғасырда нотаға түсіріліп, кітап бетінде жарияланғаны мәлім. Нақтырақ айтқанда, күйші, музыкалық этнограф Т. Тоқжановтың музыкалық транскрипциясында Д. Жолымбетовтің орындауында тоғыз терме (Тоқжан, 2002: 37-144), он тоғыз мақамнан тұратын Тілеумағанбет Аманжолұлының «Асау Барақ» жыры және бес түрлі мақамнан құралған Замаддин Ибадуллаевтың «Хазіреті Әлінің бір күні» хикаясы (Тоқжан, 2005: 12-199) жарық көрді.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Музыкалану мамандығы магистранты М. Әбиділда 2021 жылы қараша айында қазіргі кезде жыршы тұрып жатқан Ақтөбе қаласына экспедицияға барып, одан 20-дан аса жыр мен кіші эпикалық жанр нұсқаларын таспаға жазып әкеліп, өзінен бұрынғы зерттеуші авторлар – Б. Жүсіпов (Жүсіпов, 1992: 129), Т. Тоқжанов (Тоқжан, 2005: 9-10; 2002: 148;), Э. Жаңаберженова (Жаңаберженова, 2010: 64) т.б. еңбектеріндегі жыршының өмірбаяндық деректерін жүйеледі. Д. Жолымбетов өмірбаяны туралы деректер

келтірген авторлар жыршының 1957 жылы Қызылорда облысы, Ақбасты елді мекенінде дүниеге келгенін, шыққан тегі – Кіші жүз, руы Әлім екенін, көпбалалы отбасында музыкаға деген құштарлық Кірлетпесін ағасы екеуінде ғана болғанын, ескіше сауаты болған әкесі Құран сүрелері мен жырларды жатқа бір сарынмен айтқанын көрсетеді.

Күйші Т. Тоқжанов жыршы репертуарын нотаға түсіріп, өмірбаянына тоқтап, жергілікті жыршы Әбдіқұлдан не үйренгенін анықтайды. Ол Д. Жолымбетовтен: «Әбдіқұлда көп мақам саз жоқ еді. Төрт, бес түрлі мақамды түрлі құбылтып салатын еді. Бірде мақамды төгіп айтса, енді бірде сол мақамды кере созып нақпа-нақтап айтатын. Біржан, Естай, Ақан, Кенен әндерін және халық әндерін өзінше бөлек пошыммен шебер орындайтын. Мен сол Әбдіқұл ағама бардым. Үйіне барып тыңдадым, үйге шақырып тыңдадым. Бір отырысқа Әбекең барады дегенді естісем, іздеп барып тыңдадым. Ақыры 24 жасымда Нұртуған ақынның «Қарасай Қазы» дастанын жаттап алып айтатын болдым», – деген маңызды мәліметтерді жазып алады (Тоқжан, 2005: 9-10).

Баяндаманы дайындау барысында оның мазмұнына шығармашылығы өзек болған Д. Жолымбетовтің туылған өңірі – Арал өлкесі болғанымен, оның Сыр өңіріндегі Қармақшы және еліміздің басқа да аймақтарының жыршылық және әншілік дәстүрлерін меңгергені белгілі болды. Бұл ақпаратты экспедиция нәтижесінде алынған сұхбатта жыршының өзі растады (Әбиділда, 2022: 1). Фольклорлық экспедициясы барысында магистрант М. Әбиділда жыршының осы күндегі репертуарында Сыр бойы эпикалық дәстүріне жататын: «Байқазақ батыр», «Ерназар Бекет», «Сартай батыр» (Нұрмағамбет), «Жанқожа батыр» (Сардарбек Қожағұлов), «Ер Едіге», «Қарасай Қазы» (Нұртуған Кенжеғұлұлы), «Бегім ана» (Талғат Тілеулес), «Мақпал – Сегіз» (Базар жырау), «Бір мысал» (Байназар Өтепов), «Ана махаббаты» (Құттықов); Маңғыстау жыршылық дәстүріне қарасты – Жеткізген Сейітовтің: «Ант» (тарихи дастан), «Көлденең көк атты», «Арлан бөрі» (мысал өлең) атты үш дастаны; Торғай өлкесінен – «Қарға» (Нұрхан Ахметбек), Арқадан – «Ескендір» (Абай) секілді т.б. ірі көлемдегі музыкалық-поэзиялық жанрға жататын 30-ға жуық нұсқа бар екенін анықтады. «Д. Жолымбетовтің репертуары,

өзінің айтуынша, 7 түн жырлауға жетеді. Жыршы орындауында, сондай-ақ, халық әндері «Дариға», «Жан сәулем», «Аққұм», Біржан салдың «Жалғыз арша», «Ғазиздің әні», Ахан серінің «Құлагер», «Торыны таң асырып мінген қандай» әндері де бар» (Әбиділда, 2022: 10-12).

Сонымен қатар, экспедиция барысында Д. Жолымбетов жыр-термелерді, әндер мен күйлерді ауызша және сандық (цифрлық) жүйе арқылы үйренгені, оның күй тартуындағы оң және сол қол қойылымы кәсіби домбырашылардың қол қойылымымен деңгейлес екені белгілі болды. Мұндай дайындық жыршыға төкпе стиліндегі «Қыз Ақжелең», «Сәнау», «Жеңіс», «Әсем қоңыр», «Кіші Қаратөс» күйлері мен Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық отаны» поэмасын орындауға септігін тигізді. Д. Жолымбетов репертуарының осыншама алуантүрлілігі, әлбетте, оның жыршылық келбетіне әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді.

Зерттеудің әдістемелік негіздері

Мақаланы дайындау барысында ұлттық эпикалық дәстүрді зерттеген этномузыкатанушы мамандар, музыкалық-этнографтар мен орындаушы (жыршылар) еңбектеріндегі құнды деректер пайдаланылды.

Қазіргі заман Сыр бойы эпикалық дәстүріндегі жыршы Д. Жолымбетов шығармашылығының ерекшелігін қарастыруда және мақалада қарастырылып отырған мақамдардың дәстүр аясындағы қызметін анықтау кезінде жүйелі әдістеменің көмегі тиді.

Д. Жолымбетов өнерінің дара сипатын ашу үшін мақалада оның орындауындағы қармақшылық мақам сол мақаммен жыр айтқан Жиенбай жыраудың немересі – К. Рүстембеков айтуындағы нұсқамен қатар қойылып қарастырылды. Бұл мәселемен айналысу міндеті салыстырмалы-типологиялық әдісті қолдануды талап етті. Оның алдында мақамның әрбір нұсқасын жеке талдауда отандық этномузыкатануға белгілі ғалым Б. Қарақұлов енгізген құрылымдық әдіс пайдаланылды (Қарақұлов, 1997: 84-104). Мақам домбыраның сүйемелдеу партиясымен біртұтастықта талданғанынан, аймақтық-регистрлік құрылымдық бірліктерді белгілеуде атақты күйтанушы Б. Аманов анықтап зерттеген төкпе стилі күйлерінің халықтық композициялық

терминологиясы (Аманов, 2002: 229-235) және ол ілімді жалғастырған ғалым, профессор С. Өтеғалиеваның «Домбыра күйлерін талдау» оқу бағдарламасындағы тұжырымдар (Утеғалиева, 2013: 277) пайдаланылды.

Мақамның ырғақтық жүйесін талдау міндеті аға буын маманы, атақты зерттеуші Ә. Байғаскинаның музыкалық тармақтардың ырғақтық формулалығы (Байғаскина, 1992: 94) және профессор Б. Қарақұловтың әуендік және поэзиялық ырғақ тізбектері өзара әрекеттесуіндегі типтер туралы ой-пікірлерін (Қарақұлов, 1991: 98-104) қолдануды талап етті.

Негізгі бөлім

Зерттеу материалы ретінде Д. Жолымбетов орындауындағы «Асау Барақ» жырындағы бірінші мақам¹ және ол сол мақаммен XX ғасырда жыр жырлаған Қармақшы дәстүрінің атақты өкілі – К. Рүстембеков орындауындағы Жиенбайдың «Бастау әні» алынды². «Даланың даналық дәстүрі» (Тоқжанов, 2005: 12-18) және «Көрұғлы» (Алматов, т.б., 2008: 138-142) музыкалық-этнографиялық жинақтарында жарияланған К. Рүстембеков және Д. Жолымбетов орындауындағы бір мақамды өзара салыстырғанда, Қармақшыда орныққан мақамның Д. Жолымбетов орындауындағы айшықты ерекшеліктері анықталды³.

Қазақтың музыкалық эпикалық шығармаларының құрылымы үш бөлімнен құралатыны отандық этномузыкатануда өткен ғасырдың 80-ші ж.ж. бастап А. Құнанбаева, Б. Қарақұлов еңбектерінде жазыла бастағаны белгілі (Құнанбаева, 1992: 41; Қарақұлов, 1997: 84).

Сол музыкалық-поэзиялық құрылым мақалада қарастырылып отырған мақам нұсқаларында да сақталған. Сонымен қатар, мұнда мақам басындағы вокалды кіріспе алдында және оның соңындағы қайырым аяғында аспаптық тараулар қолданылған.

Мақамның қамтыған дыбыс қатары төкпе стиліндегі домбыра күйлері композициясының *Бас буын (ББ)*, *Негізгі интонациялық-ырғақтық кешен (НБІК)* және *Орта буын (ОБ)* бөлімдерін қамтиды (мақаланың соңындағы 3 және 4 суреттерде мақам нұсқаларының ладтық-регистрлік құрылымы көрсетілген кестелер берілген). Яғни, регистрлік-аймақтық құрылысы бойынша Сыр бойы мақамдарының құрылымы аталған өңір, Қарақалпақстан қазақтары жыр мақамдарының аймақтық-регистрлік композициясына ұқсайды. Регистрлік-аймақтық құрылымның мұндай түрі Қазанғап шығармашылығына және Арал-Ақтөбе дәстүрі мен Қарақалпақстан қазақтарының көптеген домбыра күйлеріне де ортақ екені белгілі. Зерттеуші Б. Оспанов

¹ «Асау-Барақ» тарихи жыры Қарақалпақстанға Қу молда есімімен танымал болған Тілеумағамбет Аманжолұлының эпикалық туындысы. Жыр мазмұны XVIII ғасырда өмір сүрген нақты тарихи тұлға, Кіші жүздің Жетіру, Табын, Бозым, Шәмшіті аталығынан шыққан Асау-Барақ батырдың қалмақтың батыры Ала-Көбікпен шайқасымен байланысты. Мақалада талданатын мақамның мазмұнында қалмақтардың қазақты шаппақ оймен алты мың әскерімен келе жатқан сапары айтылып, олар отыз күн жол жүріп Орта жүзге бет алғанда, бұл хабарды естіген ел төтеп беру жолдарын ақылдасуға бас қосып жиналғаны баяндалады. Он тоғыз мақамнан құралған аталған жыр белгілі жыршы Д. Жолымбетов орындауында жазылып алынған.

² «Бастау әні» Қармақшы жыраулық мектебінің өкілі, белгілі жырау Жиенбай Дүзбенбетұлының жыр бастауының бір нұсқасы. Жеткізуші – Жиенбайдың немересі, атақты жырау Көшеней Рүстембеков (1946-1973). Сыр бойында жыраулық-жыршылық дәстүрінде ел алдында жыр-терме орындамас бұрын елге сәлем беру, өзін таныстыру, ел назарын өзіне қарату, т.б. секілді мақсатта «жыр бастау» орындалатындығы белгілі. Жиенбайдың «Бастау әні» мазмұнын жырау өз тілімен сөйлесуге бағындырып, диалог ретінде ұйқастырған. Жырау тілін жаны бар жеке кейіпкер ретінде қарастырылғанына ғалым А. Құнанбаева назар аударған. Осыған мазмұндас «Жыр бастау» Арал-Қазалы дәстүрінде Нұртуған Кенжеғұлұлының «Қанекей, сөйле қызыл тіл» термесінде де кездеседі. Жиенбай жыраудың «Бастау әнінде», бірақ, Сыр бойындағы бірқатар «Жыр бастаулардағыдай» өзін таныстыру, ата-бабасы және руы жайында ешқандай мәлімет келтірілмеген. «Бастау әні» домбырада қол жүргізіп, халықтың жыр тыңдауға шабытын оятып, одан демеу күтіп орындалатын кіші эпикалық жанр деп айтуға болады.

³ Аудиотаспаларда мақамның К. Рүстембеков орындауындағы ғана нұсқасы сақталған. Сол себепті мақалада мақамның лад тіректерінің шын акустикалық биіктігі және ондағы орындаушылық ерекшеліктер, оның ішінде, әсіресе, Қармақшы стиліне тән көмекеймен ерекше жыр айту мәнерінің Д. Жолымбетов өнеріндегі көрінісі мақалада қарастырылмаған.



Жиенбайдың «Бастау әнінің» құрылымы:

Аспаптық кіріспе	Вокалды кіріспе	АББ ₁ В ГДБ ₃ ВБ ₄ В ЕЖ	ГДБВБ ₁ Б ₂ В	Вокалды қайырым	Аспаптық қорытынды
---------------------	--------------------	---	-------------------------------------	--------------------	-----------------------

«Асау Барақ» құрылымы:

Аспаптық кіріспе	Вокалды кіріспе	АБВБ ГВБД ЕЖБВ ₁ БВ ₂ ББ ЗИД ₁ В БВ ₂ БЕ Д ₁ ВВ В ₂ ВВББ ₁ В ₃	Вокалды қайырым	Аспаптық қорытынды
---------------------	--------------------	---	--------------------	-----------------------

Қармақшы дәстүріндегі «Дад» дастаны мақамдарын талдау нәтижесінде: «дастанның бір ерекшелігі – ондағы музыка мақамдарының басбуыннан басталып, басбуынмен аяқталуы...» (Оспанов, 2001: 54) деп жазғаны мақалада қарастырылып отырған сол дәстүрдің көрнекті өкілі – Жиенбай мақамына да ортақ. Ладтық-регистрлік құрылымы бойынша мақамның қос нұсқасында да *Бас буын* бөлімі мақамның басы және аяғында көрсетіледі, ал ортаңғы (негізгі) бөлімі *НИЫК* және *Орта буын* (ОБ) регистрлік аймақ дыбыстарына сүйеніп құралады. Профессор Б. Қарақұлов ілімі бойынша, тирадалық формаларда болатын «антитеза» (интонациялық қозғалыстың тұрақсыз басқыштар негізінде өрбуі) және «теза» (әуеннің тұрақты басқышқа жетіп шешілуі) талданып отырған мақам нұсқаларының тұтас негізгі бөлімі мен мақам соңында байқалады.

Мақамның екі нұсқасының да негізгі бөлімі тирадалық құрылымға негізделген.

К. Рүстембеков пен Д. Жолымбетов мақам нұсқалары негізгі бөлімінің өлеңдік өлшемі 7-8 буындық болып, аралас ұйқас жүйесінде шығарылған. Мақам басындағы одағай сөзден құралған кіріспе мен соңындағы қайырымын санамағанда, негізгі бөлім ішінде бөлек музыкалық уақытты алып тұрған алексикалық элементтер (одағай сөздер) қосылмаған. Тармақтардың соңында одағай сөздер кездескен жағдайда олар бөлектенбей, тармаққа элизия жолымен ұласып кетеді.

Поэзиялық құрылымын қарастырғанда, Жиенбайдың «Бастау әні» 19, ал «Асау Барақтың» бірінші үзіндісі – 33 өлеңдік жолдан құралған.

Музыкалық-поэзиялық тармақтардың ырғақтық жүйесі бойынша екі жыршы нұсқасында да 7-8 буынды жолдар («Бастау әнінің үшінші тармағы 9 буынды) цезурасыз және бірцезуралы болып ұйымдастырылған.

Екеуінде де цезурасыз жолдар музыкалық-поэзиялық тираданың шамамен 2/3 бөлігін құрайды («Бастау әнінде» 33 жолдан – 21, «Асау Барақта» 19 жолдан – 12 тармақ).


К. Рүстембековтің орындауындағы нұсқа көлемді эпикалық шығарманың алдында орындалатын жеке жанр болса, Демеубай жыршы бұл мақаммен «Асау-Барақ» жырын бастайды. Яғни, орналасуы бойынша мақамның екі нұсқасы да шамамен бір позицияда: жырдың алдында немесе басында айтылады. Бірақ, қарастырылып отырған мақам нұсқаларының көлемі олардың эпикалық дәстүрде алатын орнына қарап ерекшеленеді. Яғни, эпикалық дәстүрде атқаратын қызметіне қарай, Жиенбайдың «Бастау әні» көлемді жырдың алдында орындалатын бейтарап жанр болғанынан, оның көлемі Д. Жолымбетов нұсқасынан шағындау.

«Бастау әнінің» негізгі бөлімі 7 музыкалық-тақырыптық элементтен құралған. Оны өз ішінде бірнеше тарауға бөліп қарастыруға болады: бірінші төрт тармағы (АББ₁В), жетіжолды келесі тарау (ГДБВБ₁Б₂В), тараудың сәл қысқарып және өзгеріп қайталануы (ГДБ₃ВБ₄В), қайырымның алдында интонациялық жүйесі жаңарған қостармақтық тарау (ЕЖ).

Үшінші тараудың екіншісін қайталауынан ән жанры құрылымында кейде қайталанатын қайырманың нышанын байқауға болады. Бірінші тараудың төрт тармақтан құралуы да ән формасына жақын. Сондықтан мақамның Жиенбайдың «Жыр бастауы» емес, «Бастау әні» деп аталуы оның құрылымдық ерекшеліктері мен әуен иірімдерінің айшықтылығына байланысты болуы мүмкін.

Д. Жолымбетов айтуындағы мақам шумақтық емес тирада формасында шығарылып, оның негізгі бөлімі 9 элементтен тұрады.

1-сурет.
К. Рүстембеков орындауындағы мақамның аспаптық және вокалды кіріспесі:



Мақам нұсқаларының негізгі бөлімінде кішігірім аспаптық үзінділер бар. Жоғарыдағы кестелерде көрсетілгендей, нұсқалардың екеуінде де мақам дамуы Б және В музыкалық-тақырыптық элементтерінің сол қалпында немесе вариантты өзгеріске түсіп қайталануынан жүзеге асып тұр.

Жиенбайдың «Бастау әніне» Д. Жолымбетов нұсқасында вокалды кіріспе, А,Б,В,Г элементтері және мақам соңындағы вокалды қайырым өте жақын. Олар бастапқы түрде немесе аздаған өзгерістерге ұшырап сақталған.

Д. Жолымбетов орындауындағы мақамның домбырада тартылатын кіріспесі К. Рүстембеков нұсқасы кіріспесімен салыстырғанда анағұрлым көлемді. Оңтактілік құрылымда түпнұсқадағыдай d-a лад тірегі, басты ырғақ формуласы: 1 сегіздік-2 оналтылық сақталса да, жыршы шығармашылығын Арал-Қазалы өңірі мақамдарынан бастағанынан, мақам кіріспесінің алғашқы иірімін өрбітіп, НЫИК бөліміндегі a-e лад тірегіне жеткізіп, өрнектеп, d-a-ға түседі.

Арал-Қазалы мақамдарындағыдай, домбыра сүйемелдеуінде дыбыс қозғалысы жиілеп, 8 және 7 оналтылық ырғақ формулалары қолданылады. Сонымен қатар, вокалды кіріспе алдында бастапқы иірім триольдік ырғақпен алмасып көрсетіледі.

Вокалды кіріспесінде мақам «Бастау әніне» ұқсаса да, аспаптық сүйемелдеу импровизацияға түсіп, метрикалық өлшемнің жиі ауысуымен ерекшеленеді (10/8, 7/8, 4/8). Бұл үзінді Жиенбай жырында 5/8 өлшемінен басталып, кейінгі үш такт бойында бірыңғай 6/8 өлшемімен 2 оналтылық – 1 сегіздік – 2 оналтылық ырғақ формуласымен орындалады. Д. Жолымбетов мақамында вокалды кіріспе мен негізгі бөлімнің арасындағы бестактілік үзінді (6-10 т.т.) қармақшылық мақамның лад тірегі мен мотивтеріне сүйеніп құралған, алайда «Бастау әнін» орындаған К. Рүстембековте бұл үзінді бір тактымен ғана шектеліп, қысқа қайырылады (7 т.).

Мақамның екі нұсқасының арасындағы ұқсас музыкалық- тақырыптық элементтер жырдың басында, ортасында және соңында

2-сурет.
 Д. Жолымбетов орындауындағы мақамның аспаптық және вокалды кіріспесі
 (1,2 тт.):

I мақам



байқалады. Бұл үзінділерден Д. Жолымбетов Қармақшының кең тараған мақамының ең айшықты иірімдерін сақтауға тырысқанын байқауға болады.

Мақамның алғашқы тақырыптық элементіндегі ұлғайтылған квартаға негізделген тетраходтық әуендік иірім Қармақшы дәстүрінің басқа мақамдарында да кездеседі (Алматов, т.б., 2008: 186,196). Ол тұтас тондар (целотонный ряд) тізбегімен жоғары өрлеген кеңейтілген кварталық тетраходқа негізделген. Фригийлік лад аясындағы әуен мақамның қос нұсқасында да бірдей биіктіктегі дыбыстардан құралғаны байқалады. Алайда, «Бастау әнімен» салыстырғанда, Д. Жолымбетов нұсқасында бірінші бунақта *в* дыбысы қайталанып, екінші бунақ *е* дыбысына негізделген речитациямен орындалады. «Жыр» өлшеміндегі жолдың екінші бунағы *е* дыбысының қайталануынан құралуы Д. Жолымбетов айтуындағы мақамның 2, 4, 5, 7, 11, 13, 15, 16, 18, 19, 21, 23, 25, 31, тармақтарында да кездеседі.

Төменде берілген мақамның қос нұсқасындағы ұқсас музыкалық-тақырыптық

элементтер кестесінде бірінші және бесінші тармақтарының музыкалық-тақырыптық ортақтығы (*А* және *Г*) олардың реттік санына (1 және 5) сәйкес келеді. Алайда, Д. Жолымбетовтің импровизациялық өнерінің нәтижесінде қалған екі тармақтың өзара ұқсастығы олардың құрылымдағы орнымен бірдей емес. Нақтырақ айтқанда, К. Рүстембеков мақамындағы төртінші тармаққа «Асау Барақ» мақамының екінші жолы ұқсас. Сол секілді, екі нұсқаның да алтыншы жолында өзара интонациялық ортақтастық болса да, Д. Жолымбетов нұсқасында *В* элементі мақамның басынан бастап белсенді рөл атқарғанынан, ол тақырыптық элементтер әртүрлі белгіленген (*Д* және *В*).

Мақам нұсқалары ырғақтық жүйесін Б. Қарақұлов әдістемесіне сүйеніп талдағанда, Жиенбай «Бастау әнінің» негізгі бөлімінде поэзиялық ырғақ тізбегі мен әуендік ырғақ тізбегі арасында *синхрондық* қатынас типі, ал «Асау Барақ» мақамында – *речитативтілік* басым. Екі нұсқаның вокалды кіріспесі мен қайырымының интонациялық құрылымында

Мақамның қос нұсқасындағы ұқсас музыкалық-тақырыптық элементтер кестесі:

Жыршы аты	Жырдың аты	Музыкалық-тақырыптық элементі	Тармағының реттік саны	Дыбыс тізбегі
К. Рүстембеков	Бастау әні (БӘ)	А	1	bcdde dee
Д. Жолымбетов	Асау Барақ (АБ)	А	1	bbcde eee
К. Рүстембеков	Бастау әні (БӘ)	В	4	cdede eee
Д. Жолымбетов	Асау Барақ (АБ)	Б	2	deee eee
К. Рүстембеков	Бастау әні (БӘ)	Г	5	eefgg fed
Д. Жолымбетов	Асау Барақ (АБ)	Г	5	efgfg eee
К. Рүстембеков	Бастау әні (БӘ)	Д	6	efff eec
Д. Жолымбетов	Асау Барақ (АБ)	В	6	efff eee

кейбір айырмашылықтар болса да, дыбыс биіктігі мен поэзиялық тізбек арасында әуендету ырғақтық типі тұрақты.

К. Рүстембеков және Д. Жолымбетов мақам нұсқаларының вокалды кіріспесінің интонациялық иірімі:

«БӘ»: bcdc

«АБ»: bcdcba

К. Рүстембеков нұсқасындағы кіріспе үлкен терция көлеміндегі дыбыстық кеңістікті қамтып, ладтық тірекке жыршы аспаптық сүйемелдеуарқылы түседі. Негізгі тонға дауысты сүйемелдеп тұрған аспап әуенінің көмегімен жету әдісі жыр кең тараған Қарақалпақстан қазақтарының әндерінде кездесетіні белгілі. Қазанғап күйлерін насихаттаған белгілі күйші Б. Басығараев жеткізудегі бірнеше ән осылай аяқталады (Басығараев, 2019: 23, 31, 38, 40).

Екі нұсқаның соңындағы әуендік иірімдерде де өзара ортақтастық байқалады. Төмендегі кестеде талданып отырған мақам нұсқаларының соңғы тармағы мен қайырымы көрсетілген:

«БӘ»: cccde ede ____ ccde def efg dc hcdhcd efe
defededcecadcdagaba

«АБ»: ddddc cde dec ccde def efg fefedc hcd efe
dc dcbcbaba

«Бастау әніндегі» каденция мақамның соңғы музыкалық-поэзиялық тармағынан басталып, кейін одағай сөздерге негізделген қайырымға ұласады. Мақамының соңында «Бастау әнінің» негізгі иірімдерін сақтап орындаған Д. Жолымбетов оның бастапқы және ортасындағы үзінділеріне мақам жүріп отырған дыбыс қатарының көлемінде жаңа мотивтер қосып, керісінше, түпнұсқа соңындағы интонациялық жүйесі бойынша өрнектеліп дамыған кең иірімді қысқартып қайырады. Сол себепті «Бастау әні» каденциялық бөліміндегі дыбыс қатары бойынша октаваны (g^1 - g^2) қамтыған мақам соңында «Асау барақта» VII басқыш қолданылмай, бір тонға кемиді (a^1 - g^2).

Дыбысқатарлық жүйесін талдағанда, «Бастау әнінің» вокалды желісінде фригийлік

және эолийлік (негізгі дыбысы – *a*), ал сүйемелдеуімен біртұтас жүйе ретінде қарастырғанда, эолийлік және дорийлік ладтар (негізгі дыбысы – *d*) қолданылғанын байқауға болады. Сол ладтық жүйе мақамның Демеубай нұсқасына да ортақ, яғни, Бас буын, НИЫК, Орта буынды қамтыған бөлімдер *Д*. Жолымбетов мақамында да сақталған. Бұл жыршының мақам нұсқасында тақырыптық элементтердің көбірек болуы регистрлік жүйенің сақталуын бұзбайды, алайда, ырғақтық жүйесін дамытады. *Д*. Жолымбетов орындауында мақам импровизациямен түрленіп, әуендік желі екінші октаваның *a* дыбысына, яғни, Саға белгісі болып келетін дыбысқа дейін жетеді (46 т.). Алайда бұл биіктікте мақам ұзақ тұрақтамағандығынан, ондай дыбысы бар иірімді орта буынның даму шегі деп қарастыруға болады.

Қорытынды

– Сыр бойы қазіргі заман эпикалық өнерінің көрнекті өкілі Демеубай Жолымбетов шығармашылығының қалыптасуына, өскен ортасының оның ішінде әкесінің діни мәтіндерді мақамдап айтуы, Әбдіқұл жыршының өнері әсер етті. Алайда, айтып жүрген жырларының көбін ол өзінің ізденімпаздығының арқасында кітаптан жаттап немесе магнитофон таспаларын тыңдап өз бетімен үйренген. Бұл *Д*. Жолымбетовтің эпикалық өнердегі жолы ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан белгілі бір аймақтың дәстүрін құйма құлақ, тыңдап отырып жаттаған көптеген жыраулар жолынан өзгеше екенін білдіреді;

– *Д*. Жолымбетов эпикалық өнерінің қалыптасуы оның орындауындағы Сыр бойында кең тараған қармақшылық мақамның өзгеріп шығуына тікелей әсер етті. Басқаша айтқанда, оның шығармашылық келбетінде Қармақшы және Арал локальді эпикалық дәстүрлерінің синтезі білінеді. Жиенбай насихаттаған ноталық нұсқадағы мақамының *Д*. Жолымбетов айтуындағы ерекшеліктерін оның музыкалық-поэзиялық және музыкалық тілдік сипатынан аңғаруға болады. Жыр алдында Жиенбай жыраудың «Бастау әні» болып жеке орындалатын мақам *Д*. Жолымбетовте тұтас жырдың бастапқы мақамы болып қолданғанынан, ол мазмұнына сәйкес көлемі бойынша ұлғайып түскен;

– Екі нұсқасында да мақам Кіріспе (аспаптық және вокалды) Негізгі бөлім (арасында аспаптық қысқа үзінділері бар), Қайырым және аспаптық қорытындыдан құралғаны байқалады; негізгі бөлімнің өлеңдік өлшемі 7-8 буындық болып сақталады;

– Музыкалық құрылымы бойынша *Д*. Жолымбетов мақамының негізгі бөлімінде шумақтық емес тирада форма белгілері анық көрінеді;

– *Д*. Жолымбетов нұсқасында Жиенбайдың «Бастау әніндегі» эолийлік, дорийлік және фригийлік дыбыс қатарлары; *d-a* басты ладтық тірегі; Бас буын, НИЫК, Орта буын бөлімдерін қамтитын ладтық-регистрлік құрылымы; негізгі бөлімде – «антитеза», қайырымның соңында – «тезаға» өтетін жүйесі; вокалды кіріспе және кейбір музыкалық тармақтар тұрақталып қалады;

– Қармақшы дәстүрінің мақамына *Д*. Жолымбетовтің енгізген өзгерістері негізінен әуендік-ырғақтық жүйе мен аспаптық сүйемелдеу партиясымен байланысты. Мұнда «Бастау әнінің» вокалды кіріспесі, 1, 3, 5, 6 тармақтарының және қайырымының интонациялық келбеті сақталып қалғанымен, импровизациялық жаңару салдарынан, музыкалық жолдардың басым бөлігі вариантты түрленеді: Бірқатар иірімдердің дыбыс биіктігі сақталса, метрикалық өлшемдері, ырғақ формулалары өзгереді. *Д*. Жолымбетов орындауындағы мақам соңындағы қайырым интонациялық жағынан қарабайырланып түскен;

– *Д*. Жолымбетовтің Қармақшы ауданының мақамының басты әуендік тармақтарын сақтауға тырысып, бірқатар ерекшеліктер енгізуі жыршы шығармашылығының басында Арал дәстүрі эпикалық мұрасын меңгеруімен қатар, төкпе стиліндегі бірқатар күйді меңгеруіне де тәуелді.

Мақалада екі жыршының орындауындағы бір эпикалық мақам қарастырылып, оның ең негізгі ерекшеліктеріне көңіл бөлінді. Мұнда пайдаланылған бірқатар зерттеу әдістерінің ішіндегі, әсіресе, профессор Б. Қарақұловтың құрылымдық әдістемесі оны жеке тұлғалар шығармашылығы аясында ғана емес, әртүрлі локальді дәстүрлер деңгейінде пайдаланып, музыкалық стиль ерекшеліктері бойынша тың деректер алуға үлкен мүмкіндіктер беретіні көрсетілді.

ҚОСЫМШАЛАР:

3-сурет Бастау әні (Талдау кестесі)

Жиенбай Дүзбембетұлы
Орындаған: Көшеней Рүстембеков

Құрылым бөлімдері	Муз. – поэт. жол-қ реттік саны	Өлең өлшемі	Муз.- тақырып-тық элемент	Дыбыс қатары	Аймақтық-регистрлік жүйесі
Аспаптық кіріспе 1-2 т.т				$d^1 \quad g^1 a^1$	Бас буын
Вокалды кіріспе 3-5 т.т				$(d^1 f^1 \quad g^1) \quad b^1 c^2 d^2$	НИЫК
Аспаптық Үзінді 6 т.				$d^1 \quad g^1 a^1$	Бас буын
	1.	5 3 (i)	A	$(f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2$	НИЫК
	2.	4 3	Б	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	
	3.	6 3	Б 1	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	
	4.	4 3	B	$(g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	
Аспаптық үзінді 12т.				$d^1 \quad g^1 a^1 \quad d^2 e^2$	Орта буын
	5.	5 3	Г	$(d^1 e^1) \quad d^2 e^2 f^2 g^2$	
	6.	4 3	Д	$(a^1 b^1) \quad e^2 f^2$	
	7.	4 3	Б	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	НИЫК
	8.	5 3	B	$(g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	
	9.	5 3	Б 2	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	
	10.	5 3	Б1	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	
	11.	5 3	B	$(g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	
Аспаптық үзінді 20т.				$d^1 \quad g^1 a^1 \quad d^2 e^2$	Орта буын
	12.	4 3	Г1	$(d^1 \quad g^1 \quad c^2) \quad e^2 f^2 g^2$	
	13.	4 3	Д1	$(a^1 b^1 c^2) \quad e^2 f^2 g^2$	
	14.	4 3	Б3	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	
	15.	5 3	B	$(g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	
	16.	4 3	Б4	$(d^1 f^1 g^1 a^1) b^1 c^2 d^2 e^2$	НИЫК
	17.	5 3	B	$(g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	
Аспаптық үзінді 27 т.				$d^1 \quad g^1 a^1 \quad d^2 e^2$	НИЫК
	18	5 3	E	$(d^1 \quad g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	НИЫК
Аспаптық үзінді 29т.				$d^1 \quad g^1 a^1 \quad d^2$	НИЫК
	19.	5 3 (i)	Ж	$(g^1 a^1) \quad c^2 d^2 e^2$	НИЫК
Аспаптық үзінді 32т.				$g^1 \quad h^1 c^2$	НИЫК
Вокалды қорытынды қайырым 34-40 т.т				$(d^1) \quad g^1 a^1 h^1 b^1 c^2 d^2 e^2 f^2 g^2 a^2$	Орта буын
Аспаптық қорытынды 41-44т.т				$d^1 e^1 f^1 \quad g^1 a^1 \quad b^1 c^2 d^2$	Бас буын

Мақам нұсқасының толық дыбыс қатарлары:

Вокалды партия: $g^1 a^1 \quad b^1 h^1 \quad c^2 d^2 \quad e^2 f^2 g^2 a^2$

Аспапты партия: $d^1 e^1 f^1 \quad g^1 a^1 \quad b^1 h^1 \quad c^2 d^2$

4-сурет

Асау-Барақ жыры I мақам (Талдау кестесі)¹

Тілеумағанбет Аманжолұлы
Орындаған: Демеу Жолымбетов

Құрылым бөлімдері	Муз.-поэз. жолдың реттік саны	Өлең өлшемі	Муз.-тақырыптық элемент	Дыбыс қатары	Аймақтық-регистрациялық жүйесі
Аспаптық Кіріспе/ 1-10т.т.				d ¹ e ¹ g ¹ a ¹ d ¹ f ¹ g ¹ a ¹ b ¹ c ² d ² d ¹ e ¹ g ¹ a ¹	Бас буын НИЫК ¹ Бас буын
Вокалды кіріспе /11-15 т.т.				(d ¹ e ¹) a ¹ b ¹ c ² d	НИЫК Бас буын
Аспаптық үзінді / 16-20т.т.				d ¹ f ¹ g ¹ a ¹ b ¹ d ²	НИЫК Бас буын
Негізгі бөлімі	1.	5 3	A	(f ¹ g ¹ a ¹) b ¹ c ² d ² e ²	НИЫК
Аспаптық үзінді/ 23-25 т.т.				d ¹ a ¹ h ¹ c ² e ²	НИЫК
	2.	5 3	Б	(a ¹ h ¹) d ² e ²	НИЫК
	3.	4 3	В	(d ¹ a ¹) c ² d ² e ²	
	4.	5 3	Б	(a ¹ h ¹) d ² e ²	
	5.	5 3	Г	(d ¹ c ²) e ² f ² g ²	Орта буын
	6.	4 3	В	(a ¹ b ¹) c ² e ² f ²	НИЫК
	7.	4 3	Б	(a ¹ b ¹) d ² e ²	НИЫК
Аспаптық үзінді/ 35 т.				d ¹ g ¹ a ¹ d ² e ²	НИЫК
	8.	4 3	Д	(d ¹) g ¹ e ² f ² g ²	Орта буын
	9.	4 3	Е	(a ¹ b ¹) c ² e ² f ²	НИЫК
	10.	4 3	Ж	(a ¹) c ² d ² e ²	
	11.	4 3	Б	(d ¹ a ¹) d ² e ²	
	12.	5 3	В1	(a ¹) c ² d ²	
	13.	5 3	Б	(a ¹ h ¹) d ² e ²	
	14.	4 3	В2	(a ¹) c ² d ²	
	15.	5 3	Б	(a ¹) d ² e ²	
	16.	5 3	Б	(a ¹ h ¹) d ² e ²	
	17.	5 3	З	(d ¹ g ² c ²) e ² f ² g ²	Орта буын
	18.	4 3	И	(d ¹ g ² a ¹ b ¹) e ² f ² g ² a ²	Орта буын (1 саға)
	19.	4 3	Д1	(a ¹ b ¹) e ² f ²	Орта буын
	20.	4 3	В	(a ¹) c ² d ² e ²	НИЫК
	21.	4 3	Б	(a ¹) d ² e ²	
	22.	4 3	В2	(a ¹) c ² d ²	
	23.	5 3	Б	(a ¹ h ¹ c ²)d ² e ²	

¹ Кестедегі «Дыбыс қатары» бағанасында жақша ішінде қойылған дыбыстардың әріптік белгілері домбыра аспабында орындалатын дыбыстарды көрсетеді.

² НИЫК – негізгі әуендік-ырғақтық кешен (ОИРК – основной интонационно-ритмический комплекс) – профессор С. Өтеғалиева термині (Утеғалиева, 2013: 277).

24.	4 3	E	(d ¹ g ¹ a ¹ c ²) e ² f ² g ²	Орта буын НИЫК
25.	4 3	Δ1	(a ¹ b ¹) e ² f ²	Орта буын НИЫК
26.	5 3	B	(a ¹) c ² d ² e ²	НИЫК
27.	4 3	B	(a ¹) c ² d ² e ²	
28.	4 3	B2	(a ¹) c ² d ²	
29.	4 3	B	(a ¹) c ² d ² e ²	
31.	4 3	BB	(a ¹ h ¹) d ² e ²	
32.	5 3	B1	(a ¹) e ²	НИЫК
33.	5 3	B3	(a ¹) c ² d ² e ²	
Вокалды қайырым/ 66-71т.т			(d ¹ f ¹ g ¹) a ¹ b ¹ h ¹ c ² d ² e ²	НИЫК Орта буын Бас буын

Мақам нұсқасының толық дыбыс қатарлары:

Вокалды партия: g¹ a¹ b¹ h¹ c² d² e²f²g²a²

Аспапты партия: d¹e¹ f¹ g¹ a¹ b¹ h¹ c²d²

Әдебиеттер

1. Аманов Б. О композиционной терминологии домбровых кюев // В кн. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С.с.229-235.
2. Байгаскина А. Ритмика казахской традиционной песни: учебное пособие. – Алма-Ата, 1991. – 202 с.
3. Басығараев Б. Аққудай Әлима едім көлге қонған. (Күйші Бақыт Басықараевтың репертуарындағы әндер мен жыр-термелер). Құрастырушы Е. Басықараев. Қолжазба. – Алматы, 2018. – 64 б.
4. Әбиділда М. Сыр бойы эпикалық дәстүрінің қазіргі заман өкілі – Демеубай Жолымбетов // «Өнердегі ұлттық пен жоғары ұлттық: саналылық, төлтумалылық және даралылық» атты республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы. 13 сәуір 2022 жыл. – Алматы: Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА, 2022. – 11-18 бб.
5. Жаңабергенова Э. Арал өңірінің жыраулық дәстүрі. Өнертану кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертациясы. – Алматы, 2010. – 226 б.
6. Жүсіпов Б. Мырзастағы жыр мектебі. – Алматы: Рауан-Демеу, 1992. – 136 б.
7. Каракулов Б. О музыкальной форме казахской тирады // Вестник МН – АН РК. 1997. №4. С.29-31
8. Каракулов Б. Симметричный подход к ритмической структуре одноголосной песни // Сборник материалов и статей памяти В.П. Дерновой. – Алматы, 1992. – С. 98-104
9. Кунанбаева А.Б., Проблема казахской эпической традиции (на музыкальном материале 1960-1980-х годов). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – Ленинград, 1984. – 21 с.
10. Кунанбаева А. Феномен казахской эпической традиции в казахском фольклоре// Казахская музыка: традиции и современность: сборник трудов. – Алма-Ата, 1992. – С.34-44.
11. Магистрант М. Әбиділданың жыршы Д. Жолымбетовпен сұхбаты. Қолжазба. – Ақтөбе, 10-11 қараша, 2021. – 14 б.



12. Мұсабаев Н., Мұсабаева А. Ортаймаған қазаны – Қасиетті Қазалы. – Алматы, 1998. – 198 б.

13. Оспанов Б. «Дад» дастаны және музыкалық-эпикалық дәстүр. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Мерсал, 2003. – 74 б.

14. Тоқжан Т. Сырлы сарын: Музыкалық-этнографиялық жинақ. – Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2002. – 264 б.

15. Тоқжан Т. Даланың даналық дәстүрі: Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 208 б.

16. Алматов А.Н., Тоқжан Т.Т. Көрұғлы (Музыкалық эпос). Оқу құралы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 292 б.

17. Утегалиева С.И. Звуковой мир музыки тюркских народов»: теория, история, практика (на материале инструментальных традиции Центральной Азии). – М.: Композитор, 2013. – 528 с.

References

1. Amanov B. O kompozisionnoi terminologii dombrovyykh kúev // V kn. Amanov B., Mýhambetova A. Kazahskaia tradisionnaia mýzyka i HH vek. – Almaty: Daik-Press, 2002. – S.s.229-235.

2. Baigaskina A. Ritmika kazahskoi tradisionnoi pesni: ýchebnoe posobie. – Alma-Ata, 1991. – 202 s.

3. Basygaraev B. Aqqýdai Álama edim kólge qongan. (Kúishi Baqyt Basyqaraevtyń repertýaryndaǵy ánder men jyr-termeler). Qurastyrýshy E.Basyqaraev. Qoljazba. – Almaty, 2018. – 64 b.

4. Ábidilda M. Syr boiy epikalyq dástúrińiń qazirgi zaman ókili – Demeýbai Jolymbetov // «Ónerdegi ulttyq pen joǵary ulttyq: sanalylyq, tóltymalylyq jáne daralylyq» atty respýblikalyq ǵylymı konferensia materialdarynyń jınaǵy. 13 sáýir 2022 jyl. – Almaty: T. Q. Júrgenov atyndaǵy QazUÓA, 2022. 11-18 b.b.

5. Jańabergenova E. Aral óńiriniń jyraýlyq dástúri. Ónertanı kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndalǵan kandidattyq disertasiyası. – Almaty, 2010. – 226 b.

6. Júsipov B. Myrzastaǵy jyr mektebi. – Almaty: Raýan-Demeý, 1992. – B.136.

7. Karakýlov B. O mýzykalnoi forme kazahskoi tirady // Vestnik MN – AN RK. 1997. №4. S.29-31

8. Karakýlov B. Simmetrichnyı podhod k ritmicheskoı strýktýre odnogolosnoı pesni // Sbornik materialov i stateı památi V.P.Dernovoı. – Almaty, 1992. – S. 98-104

9. Kýnanbaeva A.B., Problema kazahskoi epicheskoı traditsii (na mýzykalnom materiale 1960-1980 – h godov). Avtoreferat dissertatsii na soiskanie ýchenoi stepeni kandidata iskýssstvovedeniia. – Leningrad, 1984. 21s.

10. Kýnanbaeva A. Fenomen kazahskoi epicheskoı traditsii v kazahskom fólklore// Kazahskaia mýzyka: traditsii i sovremennost: sbornik trýdov. – Alma-Ata, 1992. – S.34-44

11. Magistrant M. Ábidildanyń jyrshy D. Jolymbetovpen suhbaty. Qoljazba. – Aqtóbe, 10-11 qarasha, 2021. 14 b.

12. Musabaev N., Musabaeva A. Ortaımaǵan qazany – Qasietti Qazaly. – Almaty, 1998. – 198 b.

13. Ospanov B. «Dad» dastany jáne mýzykalyq-epikalyq dástúr. Joǵary oqý oryndarynyń stýdentterine arnalǵan oqý quraly. – Almaty: Mersal, 2003. – 74 b.

14. Toqjan T. Syrly saryn: Mýzykalyq-etnografialyq jınaq. – Almaty: Fond Soros – Kazakhstan, 2002. – 264 b.

15. Toqjan T. Dalanyń danalyq dástúri: Oqý quraly. – Almaty, 2005. – 208 b.

16. Almatov A.N., Toqjan T.T. Kóruǵly (Mýzykalyq epos), Oqý quraly. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 292 s.

17. Ýtegalieva S.I. Zvýkovoi mir mýzyki túrskih narodov»: teoria, istoria, praktika (na materiale instrýmentalnyh traditsii Sentralnoi Azii). – M.:Kompozitor, 2013. – 528 s.

Бердибай А.Р., Абидилда М.
Казахская национальная консерватория
им. Курмангазы
г. Алматы, Казахстан
e- mail: a.berdibay@mail.ru

**МУЗЫКАЛЬНО-СТИЛЕВЫЕ
ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛНЕНИЯ
ЭПОСА СЫРДАРЬИНСКОЙ
ТРАДИЦИИ ЖЫРШЫ
Д. ЖОЛЫМБЕТОВЫМ
(НА ПРИМЕРЕ ПЕРВОГО МАКАМА
ЭПОСА «АСАУ БАРАК»)**

Статья посвящена рассмотрению музыкально-стилевых особенностей творчества современного казахского эпического сказителя региона Сыр-Дарья – Демеубая Жолымбетова (1957). В статье обозначены имена выдающихся представителей локальной эпической традиции Арал-Казалы, приводятся краткие сведения о жизненном и творческом пути ее продолжателя – Д. Жолымбетова.

Отсутствие традиционно длительного общения с учителями, мастерами той или иной локальной эпической традиции повлияли на то, что в творческом стиле Д. Жолымбетова представлено взаимодействие разных традиций. Сравнительный анализ первого макама (мелодии) из эпоса «Асау Барак» в его исполнении с идентичным макамом «Бастау ани» известного сказителя XX века – К. Рустембекова продемонстрировал сохранение в варианте Д. Жолымбетова композиции, ладо-регистровой и звукорядной организации и основных музыкально-тематических элементов, свойственных традиции Кармакчи. Импровизационная природа устного исполнения, а также формирование творческого стиля Д. Жолымбетова в традиции Арал-Казалы обусловили введение в макам новых музыкально-ритмических фигур, а также изменения в интонационном развитии партии инструментального сопровождения.

Ключевые слова: Демеубай Жолымбетов, Арал, Кармакчи, макам, импровизация, музыкально-поэтическая структура, зонно-регистровая организация, ритмические формулы, звукоряды.

Berdibay A.R., Abidilda M.
Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Kazakhstan
e- mail: a.berdibay@mail.ru

**MUSICAL AND STYLE FEATURES
OF THE PERFORMANCE OF THE
EPIC TRADITION OF SYRDARIYA
ZHYRSHY BY D. ZHOLYMBETOV
(ON THE EXAMPLE OF THE FIRST
MAQAM OF THE EPIC «ASAU
BARAK»)**

The article is devoted to the consideration of the musical and stylistic features of the creativity of the modern Kazakh epic storyteller of the Syr Darya region – Demeubay Zholymbetov (1957). The article identifies the names of prominent representatives of the local epic tradition of Aral-Kazaly, and provides brief information about the life and creative path of its successor – D. Zholymbetov. Absence traditionally.

The absence of traditionally long communication with famous masters of one or another local epic tradition influenced the fact that the interaction of different local traditions is presented in the creative style of D. Zholymbetov. A comparative analysis of the first maqam (melody) from the epic «Asau Barak» in its performance with the identical maqam «Bastau ani» of the famous storyteller of the twentieth century – K. Rustembekov demonstrated the preservation of the composition, fret-register and scale organization and the main musical-thematic elements characteristic of the Karmakchy tradition. The improvisational nature of oral performance, as well as the formation of the creative style of D. Zholymbetov in the tradition of Aral-Kazaly, led to the introduction of new musical and rhythmic figures into maqams, as well as changes in the intonation development of the instrumental accompaniment.

Keywords: Demeubai Zholymbetov, Aral, Karmakchi, maqam, improvisation, musical and poetic structure, zone-register organization, rhythmic formulas, scales.

FTAMP: 18.41.51

Қазтуғанова А.Ж.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: zhasaganbergen@mail.ru

КҮЙ ӨНЕРІНДЕГІ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ НҰСҚАЛАР: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ТҰРҒЫДАН ИГЕРУ

Мақалада күй өнеріндегі орындаушылық нұсқалардың теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игерілу мәселесі қарастырылды. Зерттеу барысында мұрағаттық материалдар, күй жинақтары және экспедициядан әкелінген ұнтаспалар қамтылды. Орындаушылық нұсқалардың маңызын айқындау мақсатында мұрағатта сақталған Сүгірдің «Телқоңыр» күйінің Т. Момбеков пен Ф. Үрмізовтің интерпретациясындағы үлгілер салыстырма тұрғыдан талданды. Сонымен қатар, 2021 жылы қараша айында Қаратау өңіріне жүзеге асырылған экспедиция материалдарын (ішінара, күйші Ерғали Жүзбайдың шығармашылығын) саралау арқылы бүгінгі күйшілердің шығармашылық лабораториясындағы орындаушылық нұсқалардың мәні пайымдалып, күй шерту барысында төл туындыларын еркін шығаруға қол жеткізетіндігі белгіленді. Қазақ күйлерінің табиғаты суырып-салмалық дәстүрге негізделгендіктен орындаушылық нұсқалардың зерделенуінде «контекст-текст-подтекст» үштігінің, күй өнеріндегі жанр және орындаушының қолтаңбалық стилі сынды мәселелердің өзектілігі пайымдалды.

***Түйін сөздер:** күй, күйші, суырып-салмалық өнер, орындаушылық нұсқа, мұрағат материалдары, жаңа экспедициялық жазбалар, дәстүрлі орта.*

Кіріспе

Ұлттық музыкадағы нұсқалық күйлерді суырып-салмалық дәстүрдің негізгі факторларының бірі ретінде қарастыруға болады. Суырып-салмалық өнердің маңызы ауызша дәстүр арқылы ашылып, оның негізгі мәні кенеттен шығару үдерісі болғандықтан, күйлердің нұсқалық түрінде кездесуі заңды. Күйші-композитордың ертеректе шығарған туындысын кейінгі толысқан уақытында қайталауы немесе сол туындыны басқа күй

шеберінің орындауы, кейбір жағдайда басқа күйші-композитордың соған ұқсатып күй шығаруы нұсқалық күйлердің топтасуына әкеледі. Осыған орай, қазақтың музыка мәдениетінде суырып-салмалық өнердің нұсқалық категориясы күйші-композиторлық және орындаушылық нұсқалары ретінде межелеңді. Күйші-композиторлық нұсқа жеке зерттеуді талап етеді. Сондықтан мақалада күй өнеріндегі дәстүрлі орындаушылық нұсқаны теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игеру мәселесіне тоқталдық.

Әдістемесі

Күй өнеріндегі орындаушылық нұсқалар туралы сөз қозғағанда домбыра күйлерінің зерттелуіне ерекше үлес қосқан отандық ғалым-зерттеушілердің іргелі еңбектеріндегі қағида-қисындары мен түйін тұжырымдары, яғни күйдің музыкалық қыры мен күйшілердің шығармашылығын әр тараптан сұрыптаған А. Жұбанов, П. Аравин, Н. Тифтикиди, Б. Аманов, Ә. Мұхамбетова, С. Өтеғалиева, П. Шегебаев, Г. Омарова, С. Райымбергенова, С. Қалиев, Р. Несіпбай және т.б. күйтанушылардың ғылыми жұмыстары бұл мәселені игеруде тыңнан жол сала алады.

Әсіресе, дәстүрлі орындаушылық нұсқалардың сақталуына, дамуына және насихатталуына байланысты ғылыми ізденістер жүргізген Ә.И. Мұхамбетова қазақтың аспапты музыкасындағы түйіні тарқатылмай тұрған мәселелерді шешіп, кейінгі зерттеушілерге бағыт-бағдар болатындай тарихи-теориялық еңбектер жазды. Ә.И. Мұхамбетованың еңбектерінде көрініс тапқан күй аңызының аспапты музыкасындағы – әртүрлі деңгейін, кезеңдерін, оның әрбіреуіндегі сан алуан көркемдік жүйе элементтерін және қазақтың қоғамдық өмірімен байланысын анықтағандығы (Мұхамбетова, 1976); қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі музыкалық туынды мен суырып-салмалық өнердің дәрежесін белгілеу мақсатында, канондық негіз бен суырып-салмалық өнері – нұсқалардың пайда болуына әкелетінін саралап, «контекст-текст-подтекст» үштігінің маңызы айқындалғандығы (Мұхамбетова, 1990); отырықшы-диқаншылық (оседло-земледельческий) және көшпенді халықтарының күнтізбелік мәдениетін (календарь культуры) салыстыра өмірлік цикл және жылдық цикл күнтізбелерінің негізінде қазақ халқының дәстүрлі музыкасының жанрлық жүйесінің дәйектелгендігі (Мұхамбетова, 1992) және т.б. ізденістері дәстүрлі орындаушылық өнермен тікелей байланысын көрсетеді.

Фольклор туындыларындағы нұсқалық мәселесін зерттеген И. Земцовский қандай да бір өзгеріске ұшырайтын жүйенің нұсқалық нысаны болатынын пайымдаған. Өзіндік болмысын сақтай келе өзгеретін және өзгеріске ұшырайтын құбылыс ретінде халық музыкасының әр туындысына тән екендігін

ерекшелей «нұсқа» терминінің маңызын белгілеген. Біріншіден, бір туындының жеке, ансамбльдік, хормен, әртүрлі жағдайда, бір аймақтың немесе әртүрлі диалекттік дәстүрлердегі өнерпаздардың орындағанын, сайып келгенде, бір адамның әр кезеңде орындағанын айқындайды. Екіншісіне, әннің ішіндегі иірімдердің өзгеруін келтірсе, үшіншісінде әуені жағынан ұқсастық танытатын, бірақ мәтіндері басқа ән нұсқаларын анықтаған. Олардың пайда болуы жайлы: «Одни варианты возникают от стремления певца (инструменталиста) к новизне, другие же – от стремления к точности. В последнем случае желаемое принимается за реальное: психологическая установка на тождество так велика, что исполнитель уверен, что он интонирует каждый раз стабильно, хотя в действительности часто и невольно (в пределах конкретной «зонности» или «интонационного поля») варьирует. Уже эти два рода вариантности требуют неодинаковой трактовки и а priori обладают разными закономерностями», (Земцовский, 1980: 41) – деген. Ән жанрына байланысты айтылған И. Земцовскийдің ұсыныстары аспаптық музыка тарапындағы «нұсқалық» мәселесінің зерттелуіне де әдістемелік негіз болады. Әсіресе орындаушылық нұсқаға байланысты айтылған пікірлері осы мақалада басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Қазақ күйлерінің суырып-салмалық дәстүрі өміршең орындаушылық нұсқаларды қалыптастырды. Күйші-композитор өз туындысын шығарған сәттен кейін өмірінің басқа кезеңінде сол күйді өзгеше нұсқада қайталауы және қолдан-қолға беріліп, әртүрлі домбырашылар бір күйді орындағандағы өзіндік интерпретациясы – орындаушылық нұсқалардың пайда болуына әкелді. Орындаушылық нұсқа туралы айтқанда «нұсқаның» басты шарты өзгеріске ұшыраумен қатар, негізгі тақырыптан ауытқымау мәселесінен де тұрады. Бұл ойымызды И. Земцовскийдің: «вариант – показатель не только стремления к обновлению, развитию, переиначиванию, но и стремления ограничить произвол, фантазию исполнителя. Ведя мысль по известному канону, вариант тем самым несет охранительную функцию стража



традиции, ибо всякая вариантность – это не только изменение, но и повтор, причем повтор в большей степени, чем изменение (по крайней мере, так обстоит дело во многих фольклорных жанрах)», (Земцовский, 1980: 43) – деген пікірі дәлелдей түседі. Орындаушылық нұсқаларды талдап көрсеткен А. Райымбергеновтің диссертациялық еңбегінде Қазанғаптың күйлерін оның тікелей шәкірттерінің және шәкірттерінен үйренген ізбасарларының орындауындағы нұсқаларды салыстырмалы талдау жасап, орындаушылық нұсқалардың бірегейлігін дәлелдей: «Кюй жив в импровизации. Однажды созданный, он будет постоянно рождаться заново, ибо каждый кюйши, который решится играть его, обязательно вложит частицу своей души, дополнит кюй своей болью и радостью. Кюй, созданный одним, становится сочинением каждого, кто его исполняет. В этом перерождении – смысл существования кюя», (Раимбергенов, 2020: 109) – деген.

Өр орындаушы шерткен бір күйдің әртүрлі нұсқаларына қатысты мысал келтірер болсақ, халық күйлері «Сал торы» (I, II, III), «Сарып құлан» (I, II, III), «Ақсақ құлан» (I, II, III), «Ақсақ қаз» (I, II, III), «Кеңес» (I, II, III), Құрманғазыдағы «Қызыл қайыңның» Рүстембек Омаров орындаған 1-нұсқасы мен Лұқпан Мұхитов жеткізген 2-нұсқасы, Абылдың «Абыл» күйін Шәміл Әбілтаев орындаған 1-нұсқа мен Сержан Шәкірат орындаған 2-нұсқасы, Елдос Еміл насихаттап жүрген 3-нұсқасын бір күй есебінде қарастыруға болмайды. Өрқайсысының өз орны мен мазмұны, жеткізер ойы бар. Бұл күйлердің әуендік болмысының жекелеген элементтері ортақтық көрсеткенімен, қағыс, ырғақ, құрылым және орындалу ерекшеліктерінде айырмашылықтар аңғарылады. Бұл нұсқалардың аты, авторы ортақ болғанымен, музыкалық қоғамда дербес туынды ретінде қабылданып, «пәленшенің нұсқасы» ретінде таралған. Нұсқалық туралы Ә. Мұхамбетова: «Вариантность произведения есть проявление глубинной установки культуры на недUALьность, на объединение в произведении макро- и микрокосмоса. Двойственная ориентация произведений – следствие их одновременной причастности двум временным рядам – сакральному Времени Бытия и текущему мгновению быта; соединение их в произведении и есть

проявление их единства в культуре», (Аманов, Мухамбетова, 2002: 170) – деген.

Қазіргі кезде күйтанушылар мен орындаушылар ортасында орындаушылық нұсқаларды ажырату мәселесі белең алуда. Осыған орай күй кімнің орындауында жеткен, қай нұсқа, нешінші түрі деген сұрақтар жиі айтылады. Олардың есімдері тек музыкалық ортада ғана танылмаса, жалпы қазақ қоғамына бейтаныс есімдер болып келеді. Көзінің қарашығындай сақтап, көне мұраның қаймағын бұзбай жеткізген өнерпаздардың қазақ музыка мәдениетінде маңызы зор екендігі анық. Қазақтың дәстүрлі музыкасының сақталуы мен жеткізілуі мәселесін қарастыру барысында орындаушы шығармашылығының өзектілігі айқын аңғарылады. Өр аймақтың күй шеберлерінің өзіндік орны бар. Мәселен, бір ғана Батыс Қазақстан аймағының күй шеберлерін атап өтетін болсақ, олардың қатарында Меңдіғали Сүлейменов (1867-1942), Науша Бөкейханов (1870-1944), Оразғали Сүйінбеков (1889-1964), Махамбет Бөкейханов (1890-1937), Лұқпан Мұхитов (1894-1957), Оқап Қабиғожин (1901-1942), Мұхит Битенов (1912-1983), Фазыл Сұлтанов (1914-1989), Бақтияр Құбайжанов (1910-1954), Ғылман Қайрошев (1914-1989), Есел Қазиев (1927-1985), Әлқуат Қожабергенов (1911-1980), Мұқит Айтқалиев (1927), Мырзағұл Панаев (1929-1998) және т.б. кімнің күйін жеткізгенін, кімнен үйренгенін, күй тарихына қосқан үлесі қандай екендігін көпшілік біле бермейді. Тізімдегі күйшілердің шығармашылығына арналған жеке еңбектердің жоқтығы күй өнері тарихының қаншалықты зерттеу қажет екендігін белгілейді. Себебі, бұл күйшілердің шығармашылығымен екі ғасырды байланыстырып тұрған алтын көпір ретіндегі бір тарихи кезең қамтылған.

Күй өнеріндегі нұсқалық мәселесінің бірі – күйшілердің шығармашылығына қатысты болса, екіншісі – домбырашының шеберлігіне байланысты болып тұр. Бұл мәселенің өзектілігі – аймақ күйшілері жайындағы толыққанды көріністі жасау үшін мұрағаттық материалдарды ғылыми қолданысқа енгізу қажет. Мысалы, Әдебиет және өнер институтының мұрағатында сақталған үнтаспалар арқылы айтылмай жүрген орындаушылардың есімдерімен қатар, кәсіби күйші-композиторлардың жаңа күйлері, қолдағы бар күйлердің өзгеше нұсқалары, сол жеткізушілердің төл туындылары табылды.

Институт мұрағатында сақталған ұнтаспаларды келтірсек:

Таспа, күйшінің аты-жөні	Күйлер	Орындаушы туралы ақпараттар	Жазып алушылар
02 бобина Құсайынов Ғафур	Есбай «Шілтер», Құрманғазы «Кішкентай» (II), Мөңке «Кеңес», Құрманғазы «Жас Науайы», Құсайынов Ғафур «Ана», «Бейбітшілік үні», «Қуаныш», «Сағыныш», «Аттаныс», «Күй қағанат», «Өмір салтанаты», «Достарым».	Құсайынов Ғафур – 1927 жылы Орал облысында дүниеге келген. Бірнеше күйдің және әндердің авторы. Сонымен қатар, айтыскер ақын ретінде танымал.	М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері Талиға Бекхожина, 1962 жылы жазған.
07 бобина Оразов Сапар	Құрманғазы «Сырым сазы», «Қыз назым», «Көркем ханым», «Амандасар», «Сарыарқа» (II), «Бұлбұлдың құрғыры».	Оразов Сапар – 1926 жылы Гурьев облысы, Новобогат ауданында (қазіргі Махамбет) туған. Оның репертуарында Құрманғазының көптеген күйлері бар. Ол әрбір күйді өз мәнерінде орындайтын домбырашы.	М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері Тымат Мерғалиев, 1964 жылы жазған.
08 бобина Жұмағалиев Сапарғали	Халық күйі «Сексен бие», Халық күйі «Науайы», Ханымның күйі «Айнам қазы», Құрманғазы «Қос алқа» (I), Жантөре «Шалқыма» (II), Сейтек «Лауышқа», Жақия «Охота», Жақия «Сары жайлау», Қуанышқали «Кербез келін», Дәулеткерей «Дүние шолтақ», Түркеш «Байжұма», Халық күйі «Кеңес», Халық күйі «Шұбар ат», Қобыланды «Жігер», Боқбала (Досмағамбет) «Ақжелең», Халық күйі «Тартыс», «Нар идірген» Шалдың інгенді екінші рет сауғанда тартқаны.	Жұмағалиев Сапарғали – 1889 жылы Орал болысы, Жәнібек ауданы, Қоңырат (бұрынғы Құлай) ауылында дүниеге келген. Жасынан өнерге әуес болған Сапар домбыраны алғашқы кезде нағашы атасы Бәйімбеттен, кейін өз ауылындағы Қуанышқали деген домбырашылардан үйренді.	М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері Тымат Мерғалиев, 1963 жылы жазған.

Кестеде көрсетілген үш есім де көпшілікке бейтаныс. Олардың орындауындағы күйлердің бірі жинақтарда жарық көрген болса, кейбіреуі мүлдем айтылмаған да, жазылмаған. Мысалы, Сапар Оразовтың орындауында жеткен Құрманғазының «Сырым сазы» күйі «Домбыра сазы» жинағында халық күйі деп берілсе, «Амандасар» мен «Сарыарқа» күйлері өзгеше нұсқалары екендігі айқындалды. Ал, «Көркем ханым» мен Сапарғали Жұмағалиевтің орындауындағы «Қосалқа» (II түрі)¹ Құрманғазының шығармашылығы бойынша табылған жаңа күйлер. Себебі, бұрын мұндай атпен жеткен күйлер тек Дәулеткерейдің туындыларының арасында кездескен. Тарихи деректерге сүйенсек, екі дүлдүл күйші күй алмасу үдерісінде бірнеше күй шығарғаны анық және олардың туындыларында аттас күйлер бұрыннан кездеседі. Бұл туралы академик А. Жұбановтың еңбегінде берілген Құрманғазы мен Дәулеткерейдің «Бұлбұл», «Бұлбұлдың құрғыры», «Жігер» күйлері дәлелдейді. Ал олардың ұзақ мерзім бірге жүргендігі туралы: «Дәулеткерей өзінің әкімшілік жұмысын жиып қойып, енді біраз уақыт Құрманғазымен бірге ел аралап, күй тартып жүреді. Бір осындай сапарда екі алып сол өреге атағы

шыққан Айжан қыздың үйіне барады. Айжан қадірлеп күтіп, домбыра тартады. Өзінің көпке жайылған «Айжан қыз» атанып кеткен күйін тартады. Құрманғазы Айжанның тартысына риза болып кетіп, қолына домбырасын алып бір жаңа күй шертеді. Бапас тұрып: «– Құреке, мынауыңыз бұрын-соңды естілмеген күй екен, аты не болды екен?» – дейді. Құрманғазы: «– Бұл мына Айжан бұлбұлға шығарғаным ғой!» – дейді. Сол арада Бапас: «– Онда бұл күйдің аты «Айда бұлбұл Айжан-ай» болсын», – деп, күйге ат қойса керек. Құрекеннің күйіне риза болған Айжан сол арада домбыраға түсіріп алып қалады», (Жұбанов, 1975: 92) – деп жазылған. Бұл кездесуден кейін шығармашылық алмасу кезінде 2 күй ғана шығарылды деген факт шындыққа жанаспайды. Суырып-салмалық дәстүрін меңгерген дарабоз күйшілердің әрбір шығармашылық кездесулерде, яғни күй тартқан сайын біріне-бірі әсер етіп, бірін-бірі байытып отырғаны сөзсіз.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мұрағатында Қаратау өңірі бойынша Төлеген Момбековтың, Генерал Асқаровтың, Файзолла Үрмізовтің орындауындағы күйлер сақталған. Оны келесі кестеге келтіреміз:

27А бобина Төлеген Момбековтің орындауындағы күйлер	27Б бобина Генерал Асқаровтың орындауындағы күйлер	435 бобина Файзолла Үрмізов орындауындағы күйлер
1. «Бұл қалай?», 2. «Қоштасу», 3. «Салтанат», 4. «Сағыныш», 5. «Көмекей», 6. «Оңтүстік», 7. «Ерсұлтан», 8. «Өрлеу», 9. «Арман», 10. «Ана зары», 11. Сүгір «Телқоңыр», 12. Сүгір «Жолаушының жолды қоңыры» (жігіттің және қыздың тартқаны).	1. Сүгір «Шалқыма», 2. Сүгір «Қосбасар» (I), 3. Сүгір «Қосбасар» (II), 4. Сүгір «Назқоңыр», 5. Сүгір «Тоғыз тарау», 6. Сүгір «Аққу», 7. Сүгір «Кауфман», 8. «Домбыра», 9. «Мешін», 10. «Сары Арқа сапары», 11. «Мың жылқы», 12. «Інілеріме».	1. «Қосбасар» 2. «Толғау» 3. «Туған елім» 4. «41» 5. «Қайран ана» 6. «Ана толғауы» 7. «Ақтабан шұбырынды» 8. «Әкеме» 9. Сейфолланың 1-ші шертпесі 10. Сейфолланың түрмеде жатқандағы мұңлы күйі 11. Сүгір «Бозінген» 12. Сүгір «Телқоңыр» 13. Сүгір «Қосбасар» 14. Сүгір «Шалқымасы» 15. Сүгір «Жолаушының жолды қоңыры (қыздың жауабы) 16. Сүгір «Жеңіс» 17. Сүгір «Телқоңыр»

¹ Құрманғазының «Қосалқа» күйінің II нұсқасын Досмұхамедов Мәжіт орындаған. Бұл туындыны 1965 жылғы іссапарда Т. Мерғалиев жазып алған (14-бобина).

Сүгір күйлерінің орындаушылық нұсқаларын салыстырғанда көптеген айырмашылықтар байқалады. Мысалы, Файзолла Үрмізов оның жеке-жеке күйлерін тармақты күйлер есебінде көрсетеді, ал кейбір күйлердің аттары өзгеше аталғанымен қатар, музыкалық айырмашылықты аңғартады. Мысалы, Төлеген Момбеков жеткізген «Бес жорға» деген күйді Ф.Үрмізов Мафрузамен тартыс барысында дүниеге келген «Жеңіс» деп атайды. Күйлердің ішінде музыкалық тұрғыдан да бір-бірінен ерекшеленетіндері кездеседі. Осының арасында аталған екі күйшінің орындауындағы «Телқоңыр» күйін салыстырмалы тұрғыдан талдамас бұрын күйдің тағылымға мол шығу тарихына тоқталғанды жөн санадық. Таласбек Әсемқұлов Сүгір туралы жазған мақаласында Сүгірдің «Телқоңыр» күйінің әңгімесін: «Сүгірден кейін бұл күйді жалғыз Төлеген ақсақал тартатын. Қазір оқу бағдарламаларына енген бұл күйді екінің бірі орындайды. «Телқоңыр» бағзы заманнан келе жатқан қазақтың қастерлі күйі. Нұсқалары көп. Әр өлкенің өз «Телқоңыры» болған десек, артық айтқандық болмас. Күйдің аңызы, азын-аулақ ерекшеліктеріне қарамастан, ортақ нұсқадан өрбиді. ...Сүгірдің әкесі Әли бірде далада қасқыр тартып жайратып кеткен биенің өлексесіне тап болады. Сол маңайда қасқыр қайтып келе ме деп жасырынып отырған аңшылар жетім құлынды Әлиге жетектетіп жібереді. Арқадан ауып келген Жөргекбай деген сыншы болған екен. Сол адам Әли, сиыр сүтін беріп асырап отырған құлынды көреді. Нәсілді жылқы екен, көрші ауылда бір кісінің құлыны өлген биесі бар. Иесі, бием жентек қымыз, тасемшек болып қала ма деп уайымдап отыр. Сойып тастауға обал деп айтты дейді. Мына құлынды сол биеге апарып телісек қайтеді дейді. Қалай телісің, теуіп өлтіріп тастаса қайтеміз дейді Әли. Сенің балаң күйші емес пе, сол күй тартсын. Күй тартып отырып телуге болады дейді Жөргекбай. Содан Әли Арқаға қыдырып барып, қайтып келіп демалып жатқан Сүгірді оятып алып, жетім құлынды жетектеп көрші ауылға барады. Жөргекбай өлген құлынның терісіне шөп тығып тұлып жасайды. Содан соң биенің көзін таңып, құлағын ғана домбыраны еститіндей қылып шошайтып шығарып қояды. Сүгірге белгі береді. Сүкең күйді қозғайды ғой. Біраздан соң құлынының тұлыбын иіскеп, сай-

сүйекті сырқыратқан күйді тыңдаған биенің көз жасы шылқылдап, көзін таңған шүберектің сыртына шығып кетіпті. Осы кезді аңдып тұрған Жөргекбай жетім құлынды тели қояды. Артынша құлынының тұлыбын алып тастап, көзіндегі шүберекті шешкеннен кейін де бие жылап тұра беріпті. Тас болып қалған емшегі жібіп, сүт бұлақ болып ағыпты. Кейіннен сол құлын аузымен құс тістейтін жүйрік болыпты, бәйгенің алдын бермепті», (Әсемқұлов, 2014) – деген. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мұрағатынан табылған Төлеген Момбеков пен Файзолла Үрмізов орындауындағы «Телқоңыр» күйінің ұқсастығы мен айырмашылығын белгілеп, орындаушылық нұсқалардың өзгешелігін салыстырмалы талдау арқылы дәлелдейік.

Екі күйге ортақ ерекшеліктер:

- орташа екпінде дамуы;
- тұрақты тірегі «g-d¹» дыбыстарына негізделуі;
- қарапайым ырғақтың кездесуі (сегіздік, он алтылық және ширек ноталар);
- өлшемнің тұрақсыздығы: 2/4, 3/4, 5/8, 7/8 өлшемдерінің кездесуі;
- әуені жағынан:
 - кіріспесі тұрақты тірекке негізделіп, бірнеше рет қайталануы;
 - негізгі әуендік иірім желісі бір-бірімен сабақтасып, секундалық арақашықтық арқылы дамуы;
 - шарықтау шегі бөлімінен кейін екі ішекте өрбитін жаңа әуеннің пайда болуы;
 - каденциялық қайырымы секундалық қозғалысынан өрбіп негізгі тірекке тоқталуы;
 - лигаланған ноталар басыңқыдан бағыныңқыға қарай бағытталуы;
 - мелизмдер арасында рюкшлагтар¹ үшінші үлесте кездесуі;
 - ауыспалы құрылысқа негізделуі;
 - алма-кезек қағыстың төменнен және жоғарыдан басталатын түрлерінің пайдаланылуы;
 - аппликатурасы регистрдің ыңғайына лайық бейімделуі.

¹Рюкшлаг деген дыбысты әшекейлеу түрі. Оның қатарына форшлаг, нахшлаг, глиссандо, группетто, жалпы мелизмдер кіреді. Рюкшлаг нахшлаг түрі. Нахшлаг дегеніміз «негізгі дыбыстан кейін жазылып, соның есебінде орындалатын өрнек» (Жайымов және т.б., 1992: 102). Олар екіге бөлінеді – рюкшлаг және юбершлаг.

Екі күйдің бір-бірінен айырмашылығы:
– орташа екпінде болғанымен, сипатталуы өзгеше:

- Т. Момбековтің нұсқасы – жүрдек, құбылта;

- Ф. Үрмізовтің нұсқасы – ұстамды, ойнақы;

- тұрақты тірегі «g-d¹» болғанымен, Т. Момбеков күйді «d-g» дыбыстарымен аяқтайды;

- ырғағы қарапайым болғанымен Т. Момбековтің орындауындағы күйде пунктир ырғағы кездеседі, сонымен қатар лигаланған нотаның және триоль ырғағының кездесуі күрделілікті көрсетеді;

- өлшемдердің бірдей болып келуіне қарамастан қатаң реттілік сақталмағаны;

- әуені:

- кіріспесі екі түрлі басталады: Т. Момбеков ашық ішектен жоғары өрлей тұрақты тірекке тоқталса, Ф. Үрмізов дайындықсыз тұрақты тіректен бастайды;

- негізгі әуендік иірім желісі бір-бірімен сабақтасқанымен, дыбыстардың алынуында, әшекейленуінде және қайталануында ерекшеленеді;

- шарықтау шегі бөлімінен кейін екі ішекте өрбитін жаңа әуен екі түрлі дамиды: Т. Момбеков екі ішекті алма-кезек тартса, Ф. Үрмізов екі ішекті қатар алып ойнайды;

- каденциялық қайырымы секундалық арақашықтықта өрбігенімен, бір-бірімен өзгешеленетін әуендерге құрылған.

- Т. Момбеков орындауындағы күйде лигаланған ноталардың басыңқыдан бағыныңқыға қарай бағытталғандарымен қатар, үш нота қамтылған және бағыныңқыдан басыңқыға қарай алынған лигалар кездеседі;

- Т. Момбеков орындауындағы күйде үшінші үлестен кейін кездесетін рюкшлагтармен қатар, лигаланған ноталар арасында алынатын юбершлагты қолданады, сонымен бірге қорытынды бөлімнің алдында қосарланған рюкшлаг пайдаланылады;

- құрылымы екі түрлі:

- Т. Момбеков орындаған күйде бір шарықтау шегі бөлімі бар және жаңа қорытынды бөлім пайда болып, жаңа тірекке ауытқып, аяқталады;

- ал, Ф. Үрмізов орындаған күйде екі шарықтау шегі бөлімі, бірінші шарықтау шегі бөлімінен кейін d-ішегінде өрбитін жаңа

әуен пайда болады және күйдің соңында ол қайталанып, негізгі тұрақты тірекпен бітеді;

- төменнен және жоғарыдан басталатын алма-кезек қағыстармен қатар, Т. Момбеков жоғары және төмен қағыстардың қатар келуін қолданады. Сонымен қатар, шарықтау шегі бөлімінен кейін пайда болатын бөлімді Т. Момбеков жоғары қағыспен бастаса, Ф. Үрмізов төменгі қағыстармен орындайды;

- аппликатурасы жағынан Т. Момбеков екі ішекті бірге алып тартса, Ф. Үрмізов әуенді бір ішекте дамытып отырады.

Домбырашылардың шерткен әрбір нұсқасы қазақтың аспапты музыка мұрасын байыта түседі. Ә. Мұхамбетованың мақаласында: «Орындаушылық деңгейден, мазмұнының тұрақты мәтіні (контекст) мен ауыспалы (подтекст) бөлімінің қиылысуынан, олардың тұтастығы есебінде шығарманың нақты нұсқасы (текст) туады», (Аманов, Мухамбетова, 2002: 170) – деген. Сол сияқты П. Аравин: «Авторская личность словно растворяется в художественных традициях своего времени. Авторские варианты песен и кюиев постоянно претерпевают значительные изменения, появляются все новые и новые исполнительские редакции», (Аравин, 2008: 11) – дейді. Бүгінгі таңда өзіндік орындаушылық нұсқаны орындайтын күйшілердің қатары сиреп барады. Алайда, «дәстүрлі ортада», яғни Қаратау өңірінде орындаушылық нұсқалардың бәрін меңгерген күйшілерді кездестіруге болады. Орындаушылық нұсқаларды игерген күйші көне күйдің нұсқасын шығармаса да, өзіне «интонациялық қор» жинап, «шығармашылық лабораториясын» кеңейтіп, жадынан жаңа күйлер шығаруға дағдыланады. Мұндай күйшілердің қатарында Ерғали Жүзбайды атауға болады. Е. Жүзбай туралы ақпараттар және оның орындауындағы күйлер С.А. Қасқабасовтың (AP08857440) жетекшілігімен жүзеге асырылып отырған «Рухани жаңғыру аясындағы көркем мәдениет» (2020-2022 ж.ж.) гранттық жоба шеңберінде Түркістан облысы Созақ ауданына арнайы жасалған экспедицияда жазылып алынды.

Ерғали Әлімханұлы Жүзбай (1962 жылы Созақ ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген) – Жезқазған музыкалық училищесінің ұлт аспаптар бөлімінің бас қобыз мамандығын (1988), М. Әуезов атындағы ОҚМУ музыкалық бөлімін (2005) тәмамдап,



Түркістан облысы, Созақ ауданы (2021)

музыкалық сауаттылықпен қаруланғаныменен, дала академиясындағы күйшілердің жолын жалғастыру өзінің кәсібі мен парызы деп білді. Бұл ретте заңғар жазушы М.О. Әуезовтің «Шаянға барсаң, әншімін деме, Созаққа барсаң, күйшімін деме» деген сөздері ойға оралады. Себебі, бұл өлкеде күй шертпейтін қазақ жоқ. Ал күйшілер қауымының ортасында күйші атану оңайға түспейді. Дегенмен Ерғалидың күйшілігі ел арасында ғана емес, облыс, республика, тіпті мемлекет тарапынан мойындалған екен. Оны келесі жетістіктерінен көруге болады: 2005 жылы «Күй құдіреті» облыстық байқаудың, Ф. Үрмізовтің 85 жылдық мерейтойына арналған байқаудың жеңімпазы атанса, 2007 жылы С. Әліұлының 125 жылдығына және шәкірті Ергентай Борсабайдың 80 жылдығына арналған күйші, термешілер байқауында I орынды, 2008 жылы Т. Момбековтің 90 жылдығына арналған күйшілер байқауында I орынды иеленген. Республикалық «Алтыбақан», «Күй керуені» фестивальдарында Сүгір, Төлеген күйлерінің орындаушысы ретінде өз өнерін көрсетіп, «Алтын домбыра» номинациясы бойынша марапатталған.

Әкесімен аталас туысы Сейітқан күйшінің көзін көріп, Т. Момбеков, Г. Асқаров, Ф. Үрмізовтің қолынан талай күй алған

Ерғалидың орындаушылық өнері туралы келесі пайымдарды келтіруге болады: «Ерғалидың домбыраның құлақ күйін қоңырлатып келтіріп, сұқ саусақпен қос ішекті алма-кезек іліп тартатын әдіске салып жұмсақ шертуі, бұл Ерғалиға дейінгі Төлеген Момбековтердің орындау ерекшелігі. Жалпы Қаратау күйлеріндегі оң қолдағы бармақ сүйеп жұмсақ шерту әдісінде сұқ саусақтың атқаратын қызметі зор. Ерғалидың орындауы өзіне дейінгі жалғасқан дәстүрдегі осы ерекшеліктерді өз бойына барынша сіңіре білуінде. Өз күйлері осы ерекшеліктерді негізге ала отырып, ескі әуен, байырғы сарында шыққан» (Мәулетұлы, 2017: 113).

Ерғали бүгінгі күні Ахмет Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінде күйшілерді тәрбиелеп, бабалар аманатын құймақұлақ әдісімен домбырадан дәріс беріп, ауыл балаларын дәстүрлі орындаушылық өнерге баулып келеді. Сол арқылы ол аймақтың «дәстүрлі ортасын» сақтауға үлес қосуда.

Бұл сапарда Ерғали Жүзбайдың орындауында Сүгірдің тартыс күйлері, оның ішінде «Жолаушының жолды қоңыры» (қыздың және жігіттің тартқандарын), «Қосбасар» күйлерімен қатар, әкесі Әлімхан Жүзбаевтың орындаушылық нұсқасындағы Сүгірдің «Қоңыры», Төлеген Момбековтен құймақұлақ



Түркістан облысы, Созақ ауданы (2021)

әдісімен қолынан алған Төлегеннің «Салтанат», «Домбыра» күйлері, Генерал Асқаровтың орындаушылық нұсқасындағы Сүгірдің «Шалқыма» күйлері таспаланды. Сонымен қатар, оның репертуарында Сүгірдің «Қаратау шертпесі», «Телқоңыр», «Ыңғайтөкпе», Бапыштың «Қара жорға», Төлегеннің «Асу», «Бұл қалай?», «Қанағат», «Ел жаңа», «Інілеріме», «Қоштасу», т.с.с. күйлерді тізімдей берсек, сан жетпейтіндігіне көзіміз жетті.

Ерғалидың орындауындағы күйлер дастархан басында, «қонақ асы» барысында жазылды. Сол жерге ол өзінің қалауы бойынша ойына оралған күйлерді шабыттана шерткеннен бөлек, көпшіліктің сұранысы мен тілегін ескеріп, жиналған жұртқа күй салтанатын сыйлады. Оның орындауындағы әрбір күй ілесе жүретін аңызбен, күйшілер туралы әңгімемен, күйлердің шығу тарихымен, көзі көрген күйшілер туралы естеліктермен басталып, көркем баяндалды.

Сөйтіп Сүгірдің тартыс күйлеріне көшпес бұрын «Сүгір 7-8 жасында «күйші бала» атанады. Әкесі шаруа адам оның күйшілігін аса ұнатпай: «Одан да ақ қозыны қайтармайсың ба?», – дейді екен. Ауылда аты шығып, 20 жасқа жетіңкіреп қалған кезде Арқада Мәпруза деген күйші туралы естіп, сол күйшімен күй тартысқа түспек ойы болады. Әкесіне айтуға бата алмаған

Сүгір ауыл ақсақалдарына айтады. Ол заманда ауыл қарияларына бағынатын кез. Қариялар кеңесіп, әкесіне келіп ақыл қосып: «Бұл баланы біз жіберейік. Жас емес. Бағын байлама. Бірақ, біздің шартымыз: қасына тағы да 4 адам қосып, ауылдағы ең жақсы сәйгүлік аттарды мінгізіп, әдемі киімдерін киіп аттансын», – деген екен. Содан Мәпрузаның үйіне аялдап, киіз үйдің төрінде ілулі тұрған домбыраны көреді. Оны алып, құлағын бұрап, қайтып іліп қойғанда, қыз келіп: «Менің домбырама кім тиген?», – деп, жөн сұраса келе күй шертуге көшкен. Бұл жерде «Жолаушының жолды қоңыры» күйінің екі нұсқасы да тартылыпты: жігіттің тартқаны және қыздың тартқаны. Сүкеңе кезек келгенде, ол солақай болғандықтан, құлағын теріс бұрап, құлақ күйге келтіргенде, Мәпруза селк ете қалып: «Апырай, Қаратаудан келе жатсаңыздар, сол өңірде Сүгір деген күйшінің аты шығып еді, сен сол емессің бе?», – деген екен. Сүгір сонда: «болсақ болармыз», – деп қысқа жауап қайырыпты. Сонда Сүгір бір күй тартса, Мәпруза да қайталап береді дейді, екеуі тартысып бір-бірінен қалыспапты. «Бие сауған уақытта бір желпініп келейік», – деп рұқсат сұрап сыртқа шығады. Сүгір өзіне қапаланып: «Енді қалай болғаны, қыздың жеңілетін түрі жоқ», – деп тұрғанда құлағына бір әуен келген екен. Сол әуен осы күні тартылып

жүрген «Қосбасар» күйі. Кейбір күйшілер «Қосбасарды» Созақ көтерілісінде шыққан дейді. «Қосбасарды» тартқанда қыз қайталай алмай ұтылып қалыпты. Қыз өзінің ұтылғанын мойындап, Сүгірге жақындай, жанына отырған. Ауылдың жігіттері намыстанып, «Мәпруза, сен ешкімнен жеңілмеген едің, бұл күйшінің қасына барып отыратын ол кім еді? Болмайды», – деп наразылық білдіреді. Мәпруза Сүгірді мойындағаннан кейін: «Одан да екеуіміз бірге қосылып күй тартайық», – дейді. Қыз қағысын шертсе, Сүкең әуенін ұйқастырған екен. Өкінішке орай, бұл күйдің аты сақталмаған. Қазіргі кезде ауыл арасында көп адам Сүкеңді қызғаншақ болған, жасырып тартқан деп кінә тағады. Ол кісі қызғаншақ болмаған. Сүгір қызыл өкіметтен қорыққан. Дәл сол кездерде Жуантөбеде тұратын Сембек қуғын-сүргін көріп, атылып кеткен. Ол соны естігеннен кейін күй тартады кезде есік-терезені қымтап қойып, күй тартады екен», – деп (М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне 2021 жылғы қараша айында жүзеге асырылған іссапар есебінен үзінді), әңгіме арасында Сүгірдің «Жолаушының жолды қоңыры» (қыздың және жігіттің тартқандарын), «Қосбасар» күйлерімен қатар, әкесі Әлімхан Жүзбаевтың орындаушылық нұсқасындағы Сүгірдің «Қоңыр» күйлерін шертіп отырды. Күйшілердің шығармаларынан бөлек, Ерғали бұл отырысты өзінің төл туындылары «Сағыныш», «Иман Қосбасар», «Қоңыр қаз», «Анамыздың әлдиі», «Абыз дала», т.с.с. кесек дүниелерінің шығу тарихын баяндап, күйлерін шертіп берді.

Ерғалидың төл туындыларының ішінде «Иман Қосбасар» күйінің шығу тарихына тоқталғанды жөн көрдік.

Сызғанға кіреберіс жолда үлкен мешіт салынған. Сол мешіттің ашылуына аудан басшылары Әбсаттар Дербісәлі қажыны шақыртып, тұсаукесер рәсімін өткізген. Шақырылған қонақтар Таукент деген жерде қала тектес ауылда қонақ үйге аялдаған. Кешке жақын жаздың күні қара жұмыс істеп жатқанда Ерғали күйшіге Төкеңнің ұлы Қайрат (Төлеген Момбековтің ұлы) еңтігіп, жүгіріп келіп: «Ереке, күйші керек болып жатыр», – дейді. Әбсаттар қажының қасында облыстың біраз игі-жақсылары, теолог мамандары еріп жүр екен. Сол зиялылардың арасында Ерғалидың нағашы ағасы да болған. Ерғалидың анасы бір әкеден

жалғыз қалған. Анасының әкесі соғыста қайтыс болып кетіпті. Оның әкесімен бірге, соғысқа 4 ағайыны да аттанған. Соның біреуі ғана қайтып келген. Үш ағасының қыздарын тұрмысқа беріп, солардың біреуінен Жүзбаевтардың ұрпағы тараған. Сол сәтте нағашысын көрген Ерғали: «Осы нағашыма арнап күй тартайын», – дегенде, жиналған жұрт арасынан бір кісі дауыстап: «Нағашыңа талай рет күй шығарасың. Бұл күйді сен Әбсаттар имамға ата», – депті. Көпшілік қауымның пікірімен келісіп, күйді «Иман Қосбасар» деп атаған.

Түн жарымға дейін созылған отырыстың әңгімесі ұзақ болғандықтан, мақалада жоғарыда келтірілген әңгімелермен тоқтағанды жөн санадық.

Ерғали Жүзбайдың орындаған күйлерін ақсақалдардан құймақұлақ әдісі арқылы үйренген нұсқалары мен төл туындылары теориялық тұрғыдан талдауды талап етеді. Бұл ретте қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі музыкалық туынды мен суырып-салмалық өнердің дәрежесін белгілеген Ә.И. Мұхамбетованың «Статус музыкального произведения и импровизация в традиционной культуре казахов» атты мақаласы ойға оралады. Ғалым канондық негіз бен суырып-салмалық өнер – нұсқалардың пайда болуына әкелетінін саралап, «контекст-текст-подтекст» үштігінің маңызын айқындаған. Музыкалық мәтіндегі суырып-салмалық өнердің әртүрлі деңгейін айшықтап, 1) композиторлық (аяқасты шығару); 2) соавторлық (нұсқасын шығару), 3) орындаушылық (динамикалық, агогикалық) тұрғысынан қарастырған. Нақтылы қарым-қатынас жағдайына бағынған мәтін ауызша дәстүрде орындалған сайын өзгеріске ұшырайды. Музыкалық шығарманың өміршеңдігі – нақтылы мәтінді тудыратын контекст пен подтекст күштерінің қиылысуынан көрінеді деген (Аманов, Мұхамбетова, 2002: 168).

Қазіргі жағдайда бүгінгі дәстүрлі орындаушылық өнерді Ә.И. Мұхамбетованың пайымдаған «контекст-текст-подтекст» үштігінің шеңберінде қарастыру арқылы суырып-салмалық өнердің және дәстүрлі орындаушылық өнердің қаншалықты сақталғандығын анықтау маңызды.

1. «Қонақасы» кезінде қонақтардың ортасында отырған Ерғали күйші концерттік орындаудан бас тартып, әрбір туынды алдында міндетті түрде күйлердің шығу тарихын, күйдің

Иман Қосбасар



Зар Қосбасар

Әбди
 Орындаған: Әпике Әбенова



авторы туралы қызықты әңгімелерді айтып бергендігі музыкант пен тыңдаушылардың сол сәттегі қарым-қатынасын аңғартады. Бұл ретте көпшіліктің сұрауы бойынша шертілген күйлердің музыкалық және беймузыкалық (аңыз әңгімесі) мәтіндері текстологиялық тұрғыдан зерделеуді талап етеді. Себебі жоғарыда келтірілген күй аңызының өзгеше нұсқалары бүгінгі күнге дейін жарық көрген басқа жинақтарында көрініс тапқан мәтіннен айырмашылығы бар. Оның үстіне дәстүрлі орта болғандықтан, күйші мен тыңдаушылардың арасы алшақтамай, ұлттық құндылықтардың жаңғыруына қайта көңіл аударғандықтан, суырып-салмалық өнер күйді орындаумен қатар, шешендік сөз арқылы аңыздардың да өзгеріске ұшырауына әкелді.

2. Музыкалық мәтінде суырып-салмалық өнердің орындаушылық (динамикалық, агогикалық) дәрежесі (3) — орындаушылық нұсқаларды орындағанда, ал композиторлық (аяқасты шығару) деңгейі (1) — төл туындыларын шерту арқылы жүзеге асырылған сәттен аңғарылады. Бұл ретте орындаушылық нұсқалардың айырмашылығын ажыратып, әртүрлі күйшінің қолтаңбалық ерекшелігі арқылы өзінің танымдық қорын қалыптастырып, суырып-салмалық қасиетін дамыта түскен. Себебі, қолдан-қолға беріліп, әр орындаушы шерткен бір күйдің әртүрлі нұсқалары дәстүрлі орындаушылық өнерде дербес туынды ретінде қабылданады. Бір күйдің әртүрлі нұсқаларының айырмашылығын келтіру арқылы орындаушы құймақұлақ әдіспен үйренген нұсқада күйшілердің орындаушылық мәнерін жеткізе білді.

Композиторлық (аяқасты шығару) (1) деңгейі «Иман Қосбасардағы» канон мен импровизация бірлестігінің нақтылы формасы ретінде айқындалады. «Қосбасар» күйлерінің мінездемелік сипаты, әуен иірімінің желісі дорийлік лапта дамуы, қайталамалы дыбыстардың қымтап алыну тәсілдері, g^2 -тірегінде орбитін сарынның жыр мақамдарымен сабақтастығы, т.с.с. музыкалық ерекшеліктердің дәйектелуі күйші шертпе дәстүрінің аппликатуралық әуендік және құрылымдық заңдылықтарын, қағыстық әдіс-тәсілдерін еркін меңгергендігін көрсетеді.

Салыстырмалы тұрғыдан Әбдінің «Зар Қосбасар» күйін Б. Ысқақовтың «Сарыарқа саздары» жинағынан келтіреміз.

3. Күйлердің шығу тарихының баяндалуы мен сол өңірде ғұмыр кешкен күйшілердің орындаушылық нұсқаларының және өзі шығарған төл туындыларын шертіп, олармен ілесе жүретін әңгімелердің көркем баяндалуы «қонақасы» үдерісінің тұрақты бөлігі тарапынан тыңдаушылардың ұйытқысы ретінде болмыстың «сакралды уақыты» іспеттес.

Қорытынды

Күйтану саласында дәстүрлі орындаушылық нұсқалардың тарихи және теориялық тұрғыдан зерделенуі келешекте инновациялық әдістерді қалыптастырып, ғылыми тұрғыдан игеруге жол ашады. Дәстүрлі музыканың негізі суырып-салмалық өнер болғандықтан, жинақтарда жарық көрген, мұрағаттарда сақталған және экспедициялардан жазылып алынған орындаушылық нұсқалар орындаушыларға, композиторларға және ғалымдарға сарқылмас фактологиялық базаны қалыптастырады. Оның игерілуі теориялық сұрақтарға жетелеп, күй өнеріндегі жанр мәселесінің өзектілігін арттырады. Бір кездері бұл күйлердің (бұл ретте нұсқалық пен тармақтық күйлерді айтқанда) жанрлық ерекшелігі айқындалған зерттеулер жиі кездесіп, күні бүгінге дейін сол пікірлердің салдары әсерін тигізуде. Күй өнерін жанр ретінде қарастырғанның өзінде оларды «жанрлық дубль» (А. Құнанбаева) деп те жекелей алмайтындығымыз анық. Бұл ретте күйдің музыкалық мінездемесіне қарап, «жанрлық стиль» мәселесін қарастыру қажеттілігі туындамаса, атына қарап жанрды топтастыру мүлдем мүмкін емес екендігін көреміз¹. Мәселен, күйлердегі орындаушылық немесе композиторлық нұсқаларға жанр

¹Аталмыш мәселені зерттеу барысында күй өнерінде жанрдың анықтамасы түрлі тараптағы ұғымдарға телінетіндігі айқындалды. Сараптау нәтижесінде қазақтың аспапты музыкасында өзіндік жанр ретінде анықталғандардың ара қатынасы теңсіздікті байқатады. Мәселенің басын ашып айтсақ, күйдің өзі, оның төкіе және шертпе дәстүрлері, тақырыптық сипаты (тарихи, философиялық жанр), функционалдық міндеті (гұрыптық, магиялық жанр) және т.б. мәселелермен қатар, тармақтық, нұсқалық күйлердің де жеке жанр болып анықталып жүргенін айтуымыз керек (Қазтуғанова, 2008: 4).

терминінің орынсыз қолданылып, олардың анықтамасы дұрыс пайдаланылмай қолданысқа еніп кеткендігі жеке мәселе. Бұл жерде күйші шығармашылығындағы «интонациялық қорды» қалыптастыратын негізгі қағидаларды, суырып-салмалық өнердің ішкі болмысынан анықталған тармақтық және нұсқалық категориялармен байланыстыру қажет. Себебі, қазір күйшілер арасында Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің жеті түрін немесе «Науайы» күйлерінің тармақтарын, «Абыл» күйінің үш нұсқасын тұтас орындап беретін орындаушыларды кездестіру оңайға түспейді. Осыдан-ақ, бүгінгі күйші-орындаушылардың «интонациялық қорының» немесе «интонациялық сөздігінің» күннен-күнге шектеулі болып бара жатқандығын көреміз.

Қазіргі күйші-орындаушылардың алдыңғы жеткізген нұсқалар шеңберінен шыға алмай, Қали Жантілеуовтің немесе Дина Нұрпейісованың нұсқасынан алыс кете алмай отырғандығымыз, күйші-композиторлық шығармашылықтың дамымай, құлдырап бара жатқандығынан екендігін баса айтып жүрміз. Оның себебін Ә. Мұхамбетованың: «Импровизация на уровне музыкального текста может существовать только в тех культурах, где ситуация музицирования вбирает в себя контекст и подтекст общения людей», (Аманов, Мухамбетова, 2002: 170) – деп жазған пікірін бүкіл күйтанушылар қоғамы болып қолдап, мақұлдаймыз. Бұл пікірге жүгінетін болсақ, «контекст» пен «подтекст» қиылысқан жағдайда ғана суырып-салмалық деңгейіндегі «музыкалық мәтін» өміршеңдік танытады. Осы пікірді құптаған зерттеушілер, ортаның жоқтығынан күйшілердің күй шығаруды доғарып, тек орындаушылық бағытқа беттегендігіне байланысты мәселелерді көтеруде. Әрине, бұрынғы ортаның сонылығын қалпына келтіру мүмкін болмағанымен, ендігі жерде бұл мәселенің басқаша шешімін қарастыру қажет. Сондықтан «қолда бар алтынды» бағалап, аға буын зерттеушілер, орындаушылар және композиторлар қалыптастырған еуропалық үлгідегі қалалық мәдениет пен солардың үлесінің арқасында

сақталған далалық мәдениетті ұштастырудың кезі келді. Бүгінгі жетістіктерді пайдалана отырып, жаңа сатыға көтерілу мәселесін қарастыру керек. Мәселен, оқу орындарында домбыра мамандығы бойынша мамандар даярлайтын бағыт: бірі орындаушы дайындаса, енді бірі тыңдаушыларды даярлайтынын көреміз. Ал, күйшінің суырып-салмалық өнерін дамыту мәселесі кенжелеп тұр.

Осы ретте, этносольфеджио деген пәннің оқытылу барысында күйші-композитордың стилінде күй шығару әдістері пайдаланылуда. Дегенмен, оны оқушылар мен студенттер емтихан тапсырғанға дейін ғана қолданып, ал өмірлік тәжірибеде, өкінішке орай, жүзеге асырмайтындығы айдананық. Этносольфеджио (этно+сольфеджио – халық әуендерін нотамен әндету) пәнінде суырып-салмалық өнердің тәжірибелік және теориялық негіздерін игеру мәселесі қарастырылмағандықтан, халық даналығының дағдыларын оқу үдерісіне енгізу мәселесі қолға алынуы тиіс деп санап, «Күй өнеріндегі суырып-салмалық дағдыларының теориялық және тәжірибелік негіздері» атты пәнді енгізудің кезі келгендігін айта кетуіміз керек. Әрине, әрі қарай дағдарысқа ұшырап «орта жоқ», «ескінің көзі қалмады», «жазба дәстүріне көшіп кеттік» деп сылтау тауып алуға болады. Бұл ретте «сыныққа – сылтау көп» деген аталы сөзді еске түсірсек, тығырықтан шығар жолды қарастыру қажет екендігін ұғынамыз. Егер, осы мәселені реттеуге бүгін кіріспесек, ата-баба аманатынан қол үзіп, мұраларды жоғалтып алуымыз әбден мүмкін. Сол себепті, келешек ұрпақтың алдында үлкен жауапкершілік арқалап отырғандығымызды сезініп, қолдан келер дүниелерді бүгін жүзеге асыруымыз тиіс.

Нәтижесінде, суырып-салмалық дәстүрдің негізіндегі канон мен нақты күйдің (оның нұсқасы) қиылысу салдарының тұтас бірігуінен жаңа туындылардың пайда болатындығы және келер ұрпаққа ұласатын орындаушылық нұсқалардың маңызы тиянақталды. Орындаушылық нұсқаларды меңгерген дәстүрлі күйші тыңдаушымен қарым-қатынас барысында төл туындыларын еркін шығаруға қол жеткізетіндігі айқындалды.

Әдебиеттер

1. Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 544 с.
2. Әсемқұлов Т. Сүгір сарыны // Егемен Қазақстан. 2014, 14 мамыр.
3. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. – Алматы, 1992. – 240 б.
4. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1975. 399 б.
5. Земцовский И. Проблема варианта в свете музыкальной типологии (Опыт этномузыковедческой постановки вопроса) // Актуальные проблемы современной фольклористики. – Ленинград: Музыка, 1980. – С. 36-49.
6. Қазтуғанова А. Қазақтың арнау күйлері (жанр және стиль мәселелері). – Алматы, 2008. – 248 б.
7. Мәулетұлы А. Оңтүстіктегі рухани мұралар (Оңтүстік Қазақстан облысына жасалған экспедиция материалдары негізінде) // Ұлы дала мұралары. – Астана, 2017. № 1. – Б.110-117.
8. Мухамбетова А.И. Календарь и жанровая система традиционной музыки казахов // Сборник материалов памяти В.П. Дерновой. – Алма-Ата, 1992. С. 239-258.
9. Мухамбетова А.И. Народная инструментальная культура казахов. Генезис и программность в свете эволюции форм музицирования: автореф. дис. к. иск.: 17.00.02. – Ленинград, 1976. – 26 с.
10. Мухамбетова А.И. Статус музыкального произведения и импровизация в традиционной культуре казахов // Тәттімбет және қазақтың дәстүрлі музыкасын зерттеу мәселесі. – Алматы, 1990. – С. 45-49.
11. Райымбергенов А. Домбровая школа как инструмент сохранения и развития традиции (на примере западноказахстанской школы Казангапа). Дисс. ... к.иск. – Бишкек, 2019. – 193 с.

References

1. Amanov B.J., Mýhambetova A.I. Kazahskaia tradisionnaia mýzyka i XX vek. – Almaty: Daik-Press, 2002. – 544 s.
2. Ásemqulov T. Súgir saryny // Ege men Qazaqstan. 2014, 14 mamyr.
3. Jaiymov A., Búrkitov S., Ysqaqov B. Dombrya úirený mektebi. – Almaty, 1992. – 240 b.
4. Jubanov A. Ǵasyrlar pernesi. – Almaty: Jazýshy, 1975. 399 b.
5. Zemsovskı I. Problema varianta v svete mýzykalnoi tipologii (Opyt etnomýzykovedcheskoi postanovki voprosa) // Aktýalnye problemy sovremennoi fólkloristiki. – Leningrad: Mýzyka, 1980. – S. 36-49.
6. Qaztýǵanova A. Qazaqtyń arnaý kúleri (janr jáne stil máseleleri). – Almaty, 2008. – 248 b.
7. Máýletuly A. Ońtústiktegi rýhanı muralar (Ońtústik Qazaqstan oblysyna jasalǵan ekspedisia materialdary negizinde) // Uly dala muralary. – Astana, 2017. № 1. – B.110-117.
8. Mýhambetova A.I. Kalendar i janrovaia sistema tradisionnoi mýzyki kazahov // Sbornik materialov památi V.P.Dernovoi. – Alma-Ata, 1992. – S. 239-258.
9. Mýhambetova A.I. Narodnaia instrýmentalnaia kúltýra kazahov. Genезis i programmnost vsvete evolúsiı form mýzısırovania: avtoref. dis. k. isk.: 17.00.02. – Leningrad, 1976. – 26 s.
10. Mýhambetova A.I. Statýs mýzykalnogo proizvedeniia i improvizasiia v tradisionnoi kúltýre kazahov // Táttimbet jáne qazaqtyń dástúrli mýzykasyn zertteý máselesi. – Almaty, 1990. – S. 45-49.
11. Raiymbergenov A. Dombrovaia shkola kak instrýment sohraneniia i razvitiia tradisiı (na primere zapadnokazahstanskoi shkloy Kazangapa). Diss. ... k.isk. – Bishkek, 2019. – 193 s.



Казтуганова А.Ж.
Институт литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
г. Алматы, Казахстан
e-mail: zhasaganbergen@mail.ru

Kaztuganova A.Zh.
Institute of Literature and Art named after
M.O. Auezov
Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhasaganbergen@mail.ru

ИСПОЛНИТЕЛЬСКИЕ ВАРИАНТЫ В ИСКУССТВЕ КЮЙЯ: ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ И ПРАКТИЧЕСКОЕ ОСВОЕНИЕ

В статье рассмотрена проблема теоретического и практического освоения исполнительских вариантов в искусстве кюйя. Исследование базируется на архивных материалах, сборниках кюйев и брошюрах, привезенных из экспедиции. В целях определения значимости исполнительских вариантов в сравнении проанализированы сохранившиеся в архиве интерпретации кюйя Сугира «Телконыр» Момбековым Т. и Урмизовым Ф. Кроме того, проанализировав материалы экспедиции в ноябре 2021 года в Каратау (и, частично, творчество кюйши Ергали Жузбая) была раскрыта суть исполнительских вариантов в творческой лаборатории современных кюйши, подтверждающая их свободу в создании новых произведений. Так как природа казахских кюйев основана на импровизационной традиции, в изучении исполнительских вариантов подчеркнута актуальность таких вопросов, как триада «контекст-текст-подтекст», жанр в искусстве кюйя и индивидуальный стиль исполнителя.

Ключевые слова: кюй, кюйши, импровизационное искусство, исполнительская версия, архивные материалы, новые экспедиционные записи, традиционная среда.

PERFORMING VARIANTS IN THE ART OF KUY: THEORETICAL AND PRACTICAL DEVELOPMENT

The article considers the problem of theoretical and practical development of performing variants in the art of kuy. The research is based on archival materials, collections of kuys and brochures brought from the expedition. In order to determine the significance of the performance options, the interpretations of kuy Sugir «Telkonyr» preserved in the archive by T.Mombekov and F.Urmizov are analyzed in comparison. In addition, after analyzing the materials of the expedition in November 2021 in Karatau (and, in part, the work of kuyshi Ergali Zhuzbay), the essence of performing options in the creative laboratory of modern kuyshi was revealed, confirming their freedom in creating new works. Since the nature of Kazakh kuyas is based on improvisational tradition, the relevance of such issues as the triad «context-text-subtext», the genre in the art of kuy and the individual style of the performer is emphasized in the study of performing variants.

Keywords: kuy, kuyshi, improvisational art, performance version, archival materials, new expedition recordings, traditional environment.

Мақала, «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» (ИРН: OR11465467; 2021-2022 ж.ж. Жетекшісі – К.С. Матыжанов) атты жобаны және «Рухани жаңғыру аясындағы көркем мәдениет» (ИРН: AP08857440; 2020-2022 ж.ж. Жетекшісі – С.А. Қасқабасов) гранттық жобаны жүзеге асыру мақсатында орындалды.

Жаманбалинов Е.Е.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: ernat-knc@mail.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ДОМБЫРА ДӘСТҮРІНДЕГІ «АҚСАҚ ҚАЗ» КҮЙЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Шығыс Қазақстан, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағында кең тараған көпнұсқалы «Ақсақ қаз» күйлері негізге алынды. Жұмыс барысында Шығыс Қазақстандағы аттас күйлердің таралу деңгейіне және қазақтың күйтану саласындағы осы тақырыптарға зерттеу жүргізген музыкатанушы ғалымдардың еңбектеріне қысқаша шолу жасалды. Сонымен бірге «Ақсақ қаз» күйлерінің бірнеше аңыздары баяндалып, Шайқы Құсайынов, Буратай Мусин, Дәулет Халықұлы және т.б. күйшілердің орындауындағы нұсқаларына музыкалық сипаттама беріліп, салыстырмалы талдаулар жасалды. Олардың ішінде кездесетін ортақ әуендік белгілерімен қатар, таралу аймағына тән өзіндік ерекшеліктері анықталды. Көне күйлерге жататын бұл нұсқалар кішігірім сарындардан бастап, кейбір орындаушылардың репертуарындағы кесек туындыларға дейін дамығаны айқын байқалады. Мысалы, Күршім ауданынан шыққан Шайқы Құсайыновтың нұсқасы осы күйлер легін көне сарындардан шыққан деген пікірімізді растаса, оның жерлесі Буратай Мусиннің орындауында шеберлігін байқататын әртүрлі артикуляциялық белгілер, Арқа күйшілік дәстүріне тән күреп қағу, т.б. күрделі әдіс-тәсілдер байқалады.

Түйін сөздер: дәстүр, күй, аңыз, нұсқа, орындаушы.

Кіріспе

Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрінде халық күйлері маңызды орын алады. Олар көбінесе көне аңыздарға негізделіп, көп нұсқалы болып келеді. Халық туындыларының басым бөлігі табиғатпен, жан-жануарлармен байланысты өмірге келіп отырған. Олардың қатарына «Шыңырау», «Аңшының зары», «Аққабаның толқыны», «Таукүдірет», «Ақсақ марал», «Ақсақ құлан», «Балжыңкер», «Бұлғын, Сусар», «Сары өзен», «Салкүрең», т.б. көптеген күйлерді жатқызуға болады.

Бұл күйшілік дәстүрде аттас күйлер легі де кеңінен тараған. Олардың қатарына «Аққабаның толқыны», «Балжыңкер», «Сары өзен», «Ақсақ аю», т.б. жатады. Аттас күйлер сондай-ақ Қазақстанның барлық өңірлеріндегі күйшілік дәстүрлерде ұшырасады әрі оларға байланысты көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Атап айтсақ, «Аққу» күйлері С. Аманованың (Аманова, 1985), «Науысқы» күйлері П. Шегебаевтың (Шегебаев, 1985), «Балбырауын» Г. Омарованың (Омарова, 2009), «Қосбасар» С. Қалиевтің (Қалиев, 1996), «Арнау» А. Қазтуғанованың (Қазтуғанова, 2008), «Қамбархан» Б. Мүптекеевтің (Мүптекеев, 2002),



«Ақжелең» Д. Бақтығалиеваның (Бақтығалиева, 2000) зерттеулерінде қарастырылған. Сондай-ақ А. Қазтуғанованың «Моңғолия қазақтарының аспапты музыкасындағы «Жорға аю» күйлері» атты мақаласын атап өту маңызды. Бұл зерттеуінде автор осы «Жорға аю» күйлерінің Баян-Өлгий халықтарының арасында таралуы, шығу тегі, аңызы туралы сөз қозғап, оларға салыстырмалы талдау жасайды (Қазтуғанова, 2013: 154-163).

Осы Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрінде «Ақсақ қаз» күйлерінің нұсқалары кең тараған. Бұл туындылар аттас болып қана қоймай, олардың әуенінде ортақ ерекшеліктер жиі кездеседі. Мысалы: ашық ішектен 2-октаваның соль нотасына секіріс жасау, осы соль нотасының айналасында әуенді өрбіту, т.с.с. «Ақсақ қаздың» нұсқалары Баян-Өлгий, Алтай-Қобда қазақтарының арасында кең тараған, сондай-ақ күршімдік күйшілер Шайқы Құсайынов, Буратай Мусиннің репертуарынан орын алған. 1977 ж. Қ. Ахмерұлының «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» атты еңбегі жарық көрді. 3 бөлімнен тұратын бұл жинақтың 1-бөліміне домбырада орындалатын халық күйлері мен олардың аңыздары енген. Олардың бірқатарын атап өтсек, көпнұсқалы «Ала байрақ», «Ақсақ құлан», «Ақсақ қаз», «Балжыңкерлермен» қатар, «Бұлбұл Торғай», «Жалғыз киік», «Ертіс толқыны», т.б. 2-бөлімінде К. Құмақайұлы, Ж. Ыбырай, Байал, Б. Тарлаубай сияқты сыбызғышылардан жазылып алынған көптеген авторлық және халық күйлері мен олардың аңыздары қамтылған. Жинақтың 3-бөлімінде домбыраға арналған авторлық күйлер бар. Бұл еңбекте «Ақсақ қаз» күйінің 3 түрі берілген. (Ахмерұлы, 1977).

Әдістеме

Тақырыптың ашылуына, қарастырылып отырған күй нұсқаларын талқылауда белгілі музыкатанушы, күйтанушылардың іргелі еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен қатар өзіміз нотаға түсірген үлгілер тұңғыш рет зерттеу нысаны ретінде алынып отыр. Мақалада әртүрлі күйшілердің орындауындағы «Ақсақ қаз» күйлерінің түрлі нұсқалары тәптіштеліп, оларға музыкалық сипаттама берілді. Нәтижесінде аталған туындының аңызына тоқталғанда алғашқыда тармақтық

күйлер болып, кейін жеке орындала бастағаны анықталды және музыкалық тұрғысынан салыстырмалы талдау жасалды.

Негізгі бөлім

«Ақсақ қаз» көп нұсқалы күй болғанымен, аңызы ортақ болып келеді. «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» атты кітапта бұл күйдің аңызы төмендегідей баяндалады: «Жазғы жасыл жайлаудың көз құртын тартар сәнінің бірі көл жағалай, өзенді бойлай, жайлау төсін думанға бөлеген қаз болса керек. Аққанат балапандарын артынан ертіп, өзіне тән үнімен өмір әнін шырқаған бір топ қазға мерген-сымақ жігіттің көзі түседі. Қазды атып олжалауды армандаған жігіт бір күні мылтығын алады да көл жағалай бірі ұшып, бірі қонып, өз қызығына масаттанып жүрген қаздарға бет түзейді. Қамыс жиегін паналай келген бір топ балапанын артынан ерткен ене қазды қарауылға алады. Мылтық атылып, ене қаз қанатын қағып-қағып жіберіп, ұшарға дәрмені жоқ екенін білгеннен кейін көлге түсіп баяу жүзе жөнеледі. Өлі қалмаған ақсақ қаз уайымнан солады. Күн артынан күн келіп, күз болады. Құс қайтады. Барлық құс сәнді сап құрып, ән маржанын төгілтіп оңтүстікке бет алғанда бейшара болған ақсақ қаз ғана мұң мен зарын төгіп, үйірінен айырылып қала береді. Күйші ақсақ қаздың осы мұңын күйге қосқан екен» (Ахмерұлы, 1977: 10).

Бұл туындының жалғасы ретінде «Сау қаз» күйі орындалады деген пікірлер де кездеседі. Демек «Ақсақ қаз» күйін «микрөкемді тармақтық күйге» (А. Қазтуғанова) жатқызуға болады. Бірақ қазіргі кезде «Ақсақ қаз» жеке шығарма ретінде орындала береді. «Сау қаз» күйінің аңызына қысқаша тоқталып өтсек: «... «Ақсақ қаз» күйін тебірене шертіп отырған қарт күйшінің қырағы көзі жаңа бір аянышты халге тап болады. Сап түзеп, салтанат құрып, көк аспанға көтеріліп, шығысқа бет түзеген тізбек-тізбек қаздың ішінен бөлініп шыққан жалғыз қаз зарлаған ащы дауысын бәсеңдетпестен ұшарға дәрмені жоқ ақсақ қаздың қасына келеді. Біресе қатарласа кеп қонады, біресе тақап кеп кеудесіне кеудесін тигізеді, аймалайды, енді бірде самарқау ұшып, шыр-көбелек айналады. Қалма, жүр, кеттік дейді-ау?! Ақсақ қаз талпынады, ұшарға дәрмен жоқ! Тізіле ұшқан қаздың қарасы алыстап барады.

Сау қаз әлгі әрекеттерін қайталайды, өзгеріс жоқ. Ақыры зарлаған сау қаз зарлы үнін толастатпай, қаз тізбегінің соңынан қуа ұшады. Ақсақ қаз күйін тебірене шертіп, осы бір құбылысқа іштей егіліп отырған қарт күйші екі қаздың қоштасуына арнап «Сау қаз» күйін шертіпті» (Хұсайынұлы, Ахмерұлы, 2018: 117-118). Бұл аңыз Шұбартаулық күйші Жүнісбай Стамбаевтың шығармашылығындағы «Қоңыр қаз» күйінің аңызына ұқсас келеді, бірақ өзара айырмашылықтары бар. Онда да жаралы қаздың хикаясы баяндалған. А. Маулеттің «Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде» атты диссертациясында осы күйге байланысты келесі аңыз келтіріледі: «Белгілі оқиғаларға арналған тармақты күйлерге «Ақсақ қаз» (1-тарау), «Жалғыз қаз» (2-тарау), «Сау қаз» (3-тарау), «Жалғыз жігіт» (I тарау) (Қара жорға аттың жүрісі), «Жалғыз жігіт» (II тарау) (Аты оққа ұшқанда), «Жалғыз жігіт» (III тарау) (Суға кеткендегісі), «Жалғыз жігіт» (IV тарау) (Қарындасының су жағалап жүгіргені) сияқты бір оқиғаға байланысты туған бірнеше тармақты күйлер жатады. Бұл күйлер сол оқиғаның желісінің өрбуіне байланысты бірінен-бірі туындап тармақты күйлер шоғырын қалыптастырды. Мысалы, «Ақсақ қаз», «Сау қаз», «Жалғыз қаз» күйлерінің аңызында бұрынғы жаугершілік заманда кедей шал мен кемпір, ортасында бір баласы бар, далада қаңғырып қалыпты. Бір тәуірі қолында аң аулайтын мылтығы бар екен. Әлгі баласы 15-16 жасқа келгенде әкесі: «Енді сен жігіт болдың, сен бізді асыра, ескертейін аң атқанда үш түрлі аңды атпа», – дейді. Мылтық қолыма тисе деп қызығып тұрған бала: «Иә, әке», – деп қуанып кетеді. Әкесінің мақсаты астындағы жалғыз көкшолақ атпен ел іздеп келу. Содан бала әкесі кеткен соң мылтығын алып, аң іздейді. Әкесінің атпа деген 3 түрлі аңы мыналар еді: біріншісі – аққудың басшысын; екіншісі – жұп сарала қазды; үшіншісі – қоңыр аңның ішіндегі ақбасын атпа деген болатын. Содан дала кезген балаға еш нәрсе кездеспей, үйіне қайтып келе жатып, сазда отырған жұп сарала қазды көріп, есінде еш нәрсе жоқ, атып қалса, есінен танып қалып, есін жиған соң әкесінің айтқаны есіне оралып өкінеді. Содан домбырашы бала оқ тиген қазды «Ақсақ қаз», оқ тиген қазды айналып шықпай зарлап жүрген қазды «Сау

қаз» деп, ақыры жаралы қазды қимай-қимай, зарлана ұшып кеткен қазды «Жалғыз қаз» деп шерткен екен. Содан әкесі үйіне оралған кезде баласы бөтен күй шертіп жатқанын үйдің сыртынан байқап: «Кемпір-ау, үйде бір естімеген күй шертіліп жатыр ғой, үйге домбырашы адам келген бе? Жоқ, балам шертіп жатыр ма?» – деп сұрайды. Кемпірі: «Қайдағы адам? Сен кеткелі, әйтеуір, балаң домбырасын шертіп жата беретінді тапты», – депті. Сонда бала әкесіне: «Ескертуіңізге құлақ аспадым, кешірерсіз, әке», – деп, болған оқиғаны әңгімелеп айтып, шертіп берген күйі екен (Маулет, 2018: 70). А. Қазтуғанованың «Моңғолия қазақтарының аспапты музыкасындағы «Жорға аю» күйлері» атты мақаласында: «Ал қазақтың дүниетанымында аюдың бейнесін қазақ ертегілері мен көне күй аңыздарынан аңғаруға болады. Соның бірі «Жорға аю» туындыларының аңыздары мазмұны жағынан біреуі жер асты әлемімен байланысты өзен-суға кеткен жан-жануарлар мифіндегі күйлердің қатарына жатса, екіншісі аңшылық өмір мен ғұрыптық дәстүрге тамырлаған», (Қазтуғанова, 2013: 156) – деген қызықты мәлімет кездеседі. Ақсақ қаз күйінде де осы аңшылық өмір мен ғұрыптық дәстүр элементтері ұшырасады, сонымен қатар жыл құстарының жылы жаққа кетуі бейнеленеді.

«Ақсақ қаз» күйінің түрлері көптеген орындаушылардың репертуарында кездеседі. Атап айтсақ С. Аққожа, А. Халидолда, А. Күлжік, А. Қажынаби, Ш. Құсайынов, Б. Мусин, Д. Халықұлы, Қ. Рабайтегі, т.б. Бұл күйлер легі кішігірім бірсарынды әуендерден бастап уақыт өте келе күйшілердің шеберлігіне қарай дамып, жетілгені байқалады. Бұған дәлел ретінде Буратай Мусин мен Дәулет Халықұлының нұсқаларын келтіруге болады. Нұсқалық күйлер А. Қазтуғанованың зерттеулерінде кеңінен қарастырылған (Қазтуғанова, 2020).

Осы «Ақсақ қаз» халық күйлерінің бір кішігірім нұсқасы күршімдік күйші Шайқы Құсайыновтың да репертуарынан тыс қалмаған. Құсайынов Шайқы 1897 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қыстау-Күршім ауылында дүниеге келген. Сүйегі – Сарыжомарт ішіндегі Сәйке руынан. Арнайы музыкалық білімі болмаса да, Шайқы табиғи қабілетімен домбыра аспабын, күй өнерін шебер меңгерген өнерпаз болған. Халық



күйлерін жанымен сүйіп, үйреніп, меңгеріп, көптеп бойына сақтап, арттағы ұрпақтарға аманат етіп қалдырған күйші. Замандастарының айтуынша Шайқының репертуарында 50-60-тай халық күйлері болыпты. Мысалы, оның орындауындағы «Балжыңкер», «Ақ Қабаның толқыны» сияқты халық күйлері Марқаның көлі мен өзенінің атауларымен, «Бейсенбінің кеңес күйі» XIX ғасырдағы атақты Бейсенбі бидің есімімен байланысты. Сондай-ақ Сыдық¹, Мәди сынды Катон-Қарағай жерін мекендеген, осы күндерде есімдері ұмытылған күйшілердің күйін орындап жеткізуші.

Сондай-ақ күйші туралы өзінің жерлесі, Шайқының көзін көрген азамат, өнерінің жанашыры Мұхаммед Шаяхметов 1994 жылы «Қазақ әдебиеті газетінің» 30-нөмірінде шағын мақала жазған. Онда Шайқы Құсайынов туралы келесі деректер келтіреді: «Уағында Алтай өңіріне белгілі болған Қаратай руының атақты болысы Әбдікерім Ережепұлы салдырған (1903), сондықтан «Ережеповская двухклассная русско-казахская школа» деп ресми аталған, кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыров ұстаздық еткен Шыңғыстай мектебінде профессор Сәрсен Аманжоловпен бірге оқып, сол кездегі орыс тілін меңгерген сауатты азамат болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жараланған. Соғысқа дейін де, одан кейін де зейнетке шыққанша тау кен орындарында еңбек етті.

1928-29 жж. «халық жауы» атанып, саяси қудалауға ұшыраған.

1936 жылы халық күйлерін орындаушылардың (домбырашылардың) ауданаралық байқауына қатысып, бірінші орынға ие болған күйші сол жарыстың қорытындысы бойынша республикалық байқауға жолдама алған екен. Бірақ оған белгісіз себептермен қатыса алмапты.

¹Дегенмен Е. Жаменкеевтің «Қазақтың домбыра дәстүріндегі күлкі мәдениеті» атты диссертациясында Сыдық Райымбайұлының өмір сүрген жылдары, күйлерінің аттары, оның күйлерін орындаған ұлы Ғалым Сыдықұлы туралы мәліметтер кездеседі (Жаменкеев, 2018: 64). Оның зерттемесінде: «Ұнтаспада Алтай өңірінің халық күйшісі Ғалым Сыдықұлы (9.10.1947ж.) өзінің әкесі Сыдық Райымбайұлының (1894-1986) тартыс кезінде шығарған күйі жайында былай әңгімелейді» (Жаменкеев, 2018: 64), – деп, күйдің аңызына тоқталған. Бірақ бұл жерде Алтай өңіріндегі күйші туралы айтылғандықтан, екі күйшінің бір адам екендігін дәлелдеп айтпа алмадық.

Шәкең әрқашан ауыл арасындағы жиын тойларда, кешке қарай ақсақалдар ауыл шетіне жиналғанда домбыра шерткен, жастарға өз білгенін үйретуден аянбаған, халық күйлерін насихаттаушы, қайраткер. Шайқы Құсайынов 1970 жылы 73 жасында Күршім өңірі, Шірікаяқ ауылында дүние салды» (Шаяхметов, 1994: 14).

Сонымен қатар осы мақаланың авторы Мұхаммед Шаяхметов 1961 жылы магнитофон таспасына Шайқы репертуарындағы «Алпыс тоғыздың бір бұтағы», «Жортуыл күйдің бір термесі», «Сарыөзен», «Ақсақ аю», «Сандуғаш», «Көксері», «Ақ Қабаның толқыны», «Қоңырдың бір бұтағы», «Балжыңкер» сияқты ел арасында тыңдаушыларға белгісіз халық күйлерін, Мәди атты күйшінің «Үкіаяқ», «Мәдидің күйі», Сыдық атты күйшінің «Билік күйі», Бейсенбінің «Кеңес», Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданының Нұғман деген татарлар тұратын ауылында (қазірде Бұқтырма су қоймасының астында қалған) өмір сүрген есімі ұмыт болған татар азаматы шығарған «Ақсақ қаз», сондай-ақ Шайқы Құсайыновтың авторлық «Майда қоңыр», «Ой күйі» атты күйлерін жазып алған.

Шайқының орындауындағы «Сандуғаш», «Балжыңкер» халық күйлерінің ноталары М. Әбуғазының «Шығыстың шыңырау күйлері» (Әбуғазы, 2009: 25, 53) атты күй жинағында берілген. Ал, «Аққабаның толқыны» халық күйі мен авторлық «Ой күйі» туындысы 2020 жылы жарық көрген «Ұлы даланың көне сарындары антологиясына енді (Ұлы даланың көне сарындары, 2020: 315, 338).

2007 жылы Шығыс Қазақстан облыстық өнер мұражайында Шайқы Құсайыновтың жүз он жылдық мерейтойы атап өтіліп, күйші мұралары халық игілігіне ұсынылды (Жақыпова, 2014: 286).

Шайқы Құсайынов күйді таңқаларлық шебер орындаумен қатар, оған барлық бейілімен беріліп, күйдің ырғағын өз денесінің қимылымен де келтіріп, әр күйді орындау алдында оның шығу тарихын әңгімелеп, тыңдаушының күйдегі ойды сезініп, түйсініп отыруына көңіл бөлетін (Шаяхметов, 1994: 14).

Біздің қолымыздағы ұнтаспа жазбаларына қарағанда Шайқы Құсайынов көбінесе халық күйлерін орындап, жеткізуші. Бірлі-екілі авторлық күйлер болмаса, біздің күндерімізге жеткен Шайқының орындауындағы күйлер негізінен халық күйлері. Өкінішке орай өз

жанынан қанша күй шығарғаны бізге беймәлім, бізге жеткені тек екі күйі ғана («Майда қоңыр», «Ой күйі»).

Шайқы Құсайынов репертуарындағы «Ақсақ қаз» күйін дыбыс жазба сапасының төмендігіне, сондай-ақ күйдің жазбаға толық түспей қалуына байланысты нотаға түсіру аса мүмкін болмады. Бірақ оны Үлкен Нарын ауданына қарасты, басым көпшілігі татарлар мекендеген Нұғман ауылының азаматы шығарған деген деректер кездеседі. Және бұл күйде татар музыкасының халық әуендерінің сарындары естіледі (Шаяхметов, 1994: 14). Бұл нұсқа Буратай Мусиннің орындауына қарағанда кішігірім көне сарын түрінде сақталған деуге болады. Күйде бір бөлім өзгеріссіз екі рет қайталанып аяқталады. Кіріспеде ашық ішекте 2-октаваның *g*-нотасына секіру кездеседі. Осы *g*-нотасының айналасында өрбіген кіріспе әуенге ашық *c*-нотасы бурдондық қызмет атқарады. Негізгі әуен кенеттен бір ішекке ауысып, *g*-ішегінде жүріп, әр мотивтің соңында ашық *c*-нотасы іліп қағу арқылы орындалады. Осы негізгі әуеннің соңы *c*-*g* ашық ішек тұрақты тірегімен аяқталады. Жалпы мұндай екі ішектен бір ішекке ауысып отыратын әуендік жүрістегі күйлер Шайқы Құсайыновтың репертуарында жиі кездеседі. Атап айтсақ, оң бұраудағы халық күйлері «Аққабаның толқыны», «Кеңес», «Қоңырдың бір бұтағы», т.б. Тіпті оның авторлық «Ой күйі» атты туындысы да осындай принципке құралған. Өкінішке орай, бізге Шайқының көп авторлық күйі жетпеген, дегенмен оның осы аталған күйіне қарап авторлық шығармаларындағы әуендік қор өзінің репертуарындағы көне халық күйлерінен бастауалады деп айтуға негіз бар. «Ой күйі» атты туындысында күй әуенін екі ішекте алма-кезек төгілте отырып, әуені *G*-ішегінде дамыған кезде оған ашық *c*-нотасымен бурдон дыбысын бере отырып, теріп орындайды. Бұл күйдің әуені әуезді лирикаға жақын, автордың қамшының сабындай қысқа адам өмірі туралы ой түйінін, терең философиясын білдіріп тұрғандай. Күй шағын болса да, әуені өте жағымды да әсем. Теріс бұрауда орындалады. Құрылымы *A*, *B*, *B*₁ және кішігірім қорытынды бөлімнен тұрады және осы тақырыптарды толық қайталап, соңында кіріспені қысқа қайырып аяқталады. Күйде 5/8, 6/8, 7/8, 3/8 сияқты шертпе күйге тән күрделі және 2/4, 3/4 қарапайым өлшемдік

жүйелері кездеседі, олар жиі ауыспайды, бірақ күйдің әр бөлігін қамтиды. Күйдің ырғақтық жүйесіне келсек, мұнда бірыңғай, қосынды, бөлшекті ырғақ түрлері кездеседі. Күйдің *A* бөлімі Арқа өңірінің өкілі Өшімтайдың «Қоңыр қаз» күйіне ұқсайтын кіріспеден басталады:

Әрі қарай күй *G*-ішегінде дамып, ашық *c* нотасы осы мелодияға бурдон ретінде теріп орындалып, кішігірім бөлектенген әуендік мотивтерге ұласады:

Күйдің *B* бөлімі күйдің шарықтау шегі болып табылады, себебі онда мелодия *II* октаваның *a*-нотасына секіреді және *A* бөлімімен регистрлік, дыбыстық контрастқа ұшырайды. Бұл бөлімде де мелодия алдымен екі ішекті теріп ойнау арқылы, артынша жеке-дара кішігірім мотивтер мен кішігірім секвенциялық элементтер арқылы дамиды.

